Бұл сұрақ тестілеуден кейін алынды. Сұрақтың мақсаты – оқушыларға грамматиканы кітаппен оқу қаншалықты қызықсыз және қызықты екенін анықтау. Сауалнама нәтижелері бойынша 51 оқушы (55%) монотонды кітап оқудан жалығатынын мойындады, 11 оқушының (11%) жалықпайтыны белгілі болды. Ал 33 оқушы (34%) екі жақты көзқарасты ұстайды. Нәтижелер оқушылардың көпшілігіне грамматиканы тек кітаппен оқыған қызықсыз екенін көрсетті. Сондықтанда грамматиканы оқыту кезінде қызықты құралдарды қолдану маңызды. Оқытуда, әсіресе грамматикада технологияны қолдану білім беру қызметін тиімдірек ете отырып, ашық білім беруді ілгерілетуде маңызды рөл атқарады. [Ту, Т. Н. Р. 2022].

4 ай бойы жүргізілген тәжірибеден кейінгі оқушылардан алынған сауалнама нәтижесі:


Кесте 2. Оқушылардың грамматикалық білімдерін тереңдету үшін Learn English grammar бағдарламасын қолдануға деген көзқарасы.

№	Statements	yes	no	neutral
1	The use of Learn English Grammar was helpful for developing my English grammar knowledge.	88.54%	5.21%	6.25%
2	The use of Learn English Grammar was helpful for developing my English vocabulary knowledge.	91.67%	2.08%	6.25%
3	My interest in learning English grammar was increased through the use of Learn English Grammar.	84.38%	7.29%	8.33%
4	Learn English Grammar was easy to use and offered immediate results.	85.42%	4.17%	9.38%
5	I like to learn grammar with Learn English Grammar.	92.71%	3.13%	4.17%

2-кестеде көрсетілгендей, Learn English Grammar – ды қолдану оқушылардың грамматикалық білімдерін жетілдіру үшін пайдалы деп саналды. Осылайша, олардың 88.54%-ы оң бағалады, 5.21% -ы бұл жауаппен келіспеді. Ал 6.25% -ы екі жақты көзқараста қалды. Зерттеушілер цифрлық ойындар оқушыларға әртүрлі тапсырмаларды орындау және оқу нәтижелерін біртіндеп арттыру арқылы мотивацияны сақтауға көмектесетінін айтты (Чен және басқалар, 2020). Дәл осы секілді бұл платформа оқушылардың сөздік қорын көбейтуге де көмектесті. Осыған 88.54%-ы келісті. Оқушылардың 84.38%-ының грамматикаға деген қызығушылығы Learn English Grammar арқылы артты. Ал 2.08%-ына көмектесе алмады. 8.33%-ы екі жақты ұстанды. «Ағылшын грамматикасын үйрену оңай болды ма және нәтиже берді ме?» деген сұраққа

85.42% «иә», 4.17% «жоқ» және 9.38% «бейтарап» деп жауап берді. Және 92.71% оқушы Learn English grammar– мен грамматиканы үйренген ұнайтынын жеткізді. Зерттеу нәтижелері, ағылшын грамматикасын Learn English Grammar қосымшасы арқылы оқығаннан кейін оқушылардың көпшілігі қосымшамен жұмыс істегенде өздерін бақытты және еркін сезінеді делінген алдыңғы зерттеу нәтижелеріне сәйкес келеді [N. Silvia and Y. Prasetyo, M. Pd].

Соңғы тесттілеу нәтижесінде алғашқы тесттілеуден қарағанда айтарлықтай өзгеріс бар:



Сурет 2. Тестке дейінгі және кейінгі нәтижелер.

4 ай тәжірибеден кейінгі тестте оқушылардың нәтижесі айтарлықтай жоғарылады. Алғашқы тестте оқушылардың 4,17% ғана 15 сұрақтың барлығына жауап берсе, ал соңғы тестте 57,29% оқушы барлық сұраққа дұрыс жауап бергенін көруге болады. 15-10 сұраққа жауап берген оқушылар пайызы 7.29% өсті. Ал 10-5 сұрақтар арасында жауап берген оқушылар пайызы 34,37% азайып. 5 сұрақтан төмен жауап берген оқушылар мүлдем жоқ екені байқалды. Бұл зерттеуде басқа зерттеу жұмыстары секілді Learn English Grammar қосымшасының грамматиканы және басқа да дағдыларды дамытуда тиімді болатын, оқушыларға айтарлықтай көмек көрсететінін, грамматиканы жеңіл әрі қызықты үйренуге болатынын көрсетті. Зерттеу барсында осы қосымша арқылы оқушылардың грамматиканы зеріктірмей оқыту жолы табылып, оқушылардың білім деңгейі жоғарлады. Learn English Grammar қосымшасын сабақ барысына қосып пайдаланудың пайдасы бар екені туралы жаңаша көзқарас қалыптасты. Сабақтан тыс өзіндік жұмыс кезінде де пайдасы бар екені мәлім болды. Осылайша, Learn English Grammar-ды оқу жоспарына қосымша ретінде пайдалану оқушылардың мотивациясының жоғарылауына әкеледі.

Learn English Grammar қосымшасын қолдану оқушыларға үлкен көмегін тигізді. Олардың грамматикасы жақсарып, сөздік қорлары көбейді. Бұл қосымша грамматикалық ережелерді жеңіл, әрі түсінікті жеткізіп, оқуға деген мотивацияны жоғарлатты. Әр бөлімінде 600-ге жуық грамматикалық жаттығу бар. Қосымша қолдануға жеңіл, ешқандай қиындықсыз болғандықтан оқушыларға ұнады. Кез келген ережені емін еркін тауып, өз ыңғайларына қарай қолданды. Грамматикалық дағдыны дамытуда үлкен рөл атқарды. Алғашқы тест пен соңғы тестті салыстырса, оқушылардың жауабы 53.12% көтерілді. Грамматиканы дәстүрлі әдіспен оқыту оқушыларды зеріктіреді және түсіну

ұйын болғандықтан оны үйренуге деген мотивациясын төмендетеді. Қосымша оқушылардың жетістіктерін бақылауға мүмкіндік береді. Бұл мұғалімнің оқытудағы тиімділігін арттырады.

Қорытындылай келе, Learn English Grammar мектептерде оқу кезінде оқушылардың көңілін көтеріп, сабақ барысын қызықты өткізу үшін, тілдік дағдыларды терең әрі жеңіл меңгеруге әсер ететін маңызды құрал ретінде ұсынылады.

Қолданылған әдебиеттер

Afidah, N., Hanifah, N., & Sari, K. (2021) Investigating students' perspectives on the use of TikTok as an instructional media in distance learning during the pandemic era <https://ejournal.unwaha.ac.id/index.php/dinamika/article/download/1872/866>.

Akram and A. Malik, "Integration of language learning skills in second language acquisition," *Int. J. Arts Sci.*, vol. 3, no. 14, pp. 231–240, 2010. http://openaccesslibrary.org/images/PRV/27_Aneela_Akram.pdf.

Alhaysony, M., & Alhaisoni, E. (2017). The role of grammar in teaching English as a foreign language. *International Journal of Linguistics, Literature and Translation*, 1(1), 1-10.

Benefits of Using Apps in Education <https://www.edsys.in/12-benefits-of-using-apps-in-education/> July 5, 2017

Chen, H. H. & Hsu, H. L. (2020). The impact of a serious game on vocabulary and content learning, *Computer Assisted Language Learning*, 33:7, 811-832, DOI: 10.1080/09588221.2019.1593197

Gamlo, Nada The Benefits of Integrating the Learn English Grammar Application into the Saudi EFL Pre Intermediate Preparatory Year Classroom *International Journal of English Language Education* ISSN 2325-0887 2019, Vol. 7, No. 1

Godwin-Jones, R. (2020). "Emerging technologies: Challenging the hegemonies of language learning." *Language Learning & Technology*, 24(2), 5-16.

Hashim, H., Rafiq, K.R.M., & Yunus, M.M. (2019). Improving ESL Learners' Grammar with Gamified-Learning. *Arab World English Journal (AWEJ) Special Issue on CALL* (5). 41-50 DOI: <https://dx.doi.org/10.24093/awej/call5.4>.

Johnson, R. (2022). AI-based platforms in language learning: A review. *Journal of Language Education*, 15(2), 45-58.

Larsen-Freeman, D. (2009). Teaching and testing grammar. In M. H. Long, Catherine J. Doughty (eds.), *The Handbook of Language Teaching* (pp. 518-542). Malden, MA: Wiley Blackwell.

Pratiwi, A., Ufairah, N. & Sopiah, R. (2021). "Utilizing Tik Tok Application As Media For Learning English Pronunciation". *Proceedings International Conference on Education of Suryakencana 2021*. (P55) DOI: <https://doi.org/10.35194/cp.v0i0.1374>.

Savignon, S.J. (2017). Communicative competence. The TESOL Encyclopedia of English Language Teaching. John Wiley & Sons, Inc. Retrieved January 12, 2018 from doi: 10.1002/9781118784235.eelt0047.

Silvia, Nurus The implementation of english grammar learn&test apps in teaching grammar to the students at primagama english course. repository stkip PGRI Sidoarjo. ISSN, <http://repository.universitaspgridelta.ac.id/id/eprint/1838>

Smith, A., & Lee, J. (2020). Mobile applications for grammar practice: A comparative study. *International Journal of Educational Technology*, 12(3), 98-110.

Stockwell, G. (2018). Mobile language learning and its potential use in grammar acquisition. *Computer Assisted Language Learning*, 31(3), 143-160.

Tu, T.H.P. (2022). The Effects of Using Education Technology Tools on Learning Grammar for Students in Secondary School. *International Journal of Language Instruction*, 1(1), p43 <https://doi.org/10.54855/ijli.22115>

Waseel, A.K. (2020). Exploring problems in teaching and learning grammar in EFL context: A review paper. *International Journal of Language Research and Human Sciences*, 3(7), 21– 27.

ҒТАМР 03.20

КАЗАК ӘСКЕРИЛЕРІНІҢ ЖАЙЫҚ БОЙЫНА ҚОНЫСТАНУЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ХАҚЫНДА

Б.Е. Бисенгалиев

Магистрант, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Мақалада Батыс Қазақстан өңіріне келген казак-орыс әскерилерінің орналасу тарихы туралы мағлұматтар жинақталған. Ғылыми жұмысты жазуда ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда батыс өңірде казак әскерилерінің алғашында бейбіт мақсатта, кейін күштеп жаулап алу ниеттері, оның алғышарттары мен барысы, казак ауылдарын Жайық бойынан ығыстыруы, өзара қарама-қайшылықтар, әскери теке-тірестер, басқа да көптеген жан-жақты деректік қоры қамтылған зерттеу жұмыстарына талдау беріледі. Негізінен орыс зерттеуші ғалымдары мен әскерилерінің жазбаларына басымдық берілген. Сол сияқты соңғы жылдардағы қазақстандық ғалымдардың іргелі жұмыстарына талдау жасалған.

Түйін сөздер: казак-орыстар, әскерилер, орыс әдебиеттері, Жайық бойы, патша жарлығы, әскери бекіністер.

Қазақ жерінің ұланғайыр тарихы мен өшпейтін әжімі бар тарихи мекен екендігі мәлім. Бұл кең байтақ дала – сан ғасырлар бойы түрлі халықтардың тоғысқан, мәдениеттер мен өркениеттердің қалыптасқан орны. Қазақ жерін мекендеген ұлттардың әрқайсысы оның тарихында ерекше із қалдырды. Ежелгі замандарда бұл аймақты сақтар, ғұндар, түркілер сынды көшпенді тайпалар мекендеген. Сақтар – еркіндік пен батырлықтың символы болған, тарих беттерінде «алғашқы көшпенділер» ретінде аталады. Олар темірден қару-жарақ жасап, әскери өнердің шыңына жеткен тайпалар ретінде танылды. Олардың кейінгі ұрпақтары ғұндар мен түркілер осы далада алғашқы мемлекеттерді құрып, мәдени және саяси ықпалдарын арттырды. Түркілердің құрған қағанаттары тек қазақ халқының ғана емес, жалпы түркі әлемінің негізін қалады. Олардың тілі, жазуы, тұрмыс-тіршілігі қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды.

Орта ғасырларда Ұлы Жібек жолы қазақ жерін басып өтіп, Азия мен Еуропа арасындағы сауда мен мәдени алмасудың маңызды орталығына айналды. Бұл кезеңде аймаққа парсылар, арабтар, қытайлар және басқа да ұлттар келіп, мәдениеттердің тоғысуына ықпал етті. Ислам дінінің таралуы жергілікті халықтың рухани және мәдени дамуында маңызды рөл атқарды. Сол

дәуірде сәулет өнерінің тамаша үлгілері бой көтеріп, ғылым мен білімнің дамуына жол ашылды.

Қазақ хандығы құрылған кезеңде жергілікті халық этникалық және мәдени тұрғыда біртұтас ұлт ретінде қалыптасып, қазақ халқының ұйытқысы болды. Бұл кезеңде қазақ жері тек көшпенділердің ғана емес, басқа да елдермен сауда-саттық пен мәдени байланыс орнатқан дамыған мемлекет ретінде танылды. Қазақ хандығы ұлттың тәуелсіздігі мен бірлігін нығайтты.

Ресей империясының отарлауы кезінде бекіністер мен түрлі айла-әрекеттер, жарғыларды пайдалана бастады. Орыс империясына әскери және жұмыс күші жағынан көмектескен халықтың бірі және бірегейі казак халқы деп есептеуге болары сөзсіз. Қазіргі кезде казак және қазақ халқының атауы ұқсастығына қарап, туыс халық екен деп ойлап жататыны жасырын емес. Жас ғалым ретінде бұл мақалада казак халқы тарихының тарихнамасына және қазақ халқына, оның ішінде Батыс Қазақстанның тарихына қандай қатысы бар екендігіне және қоныс аударуы тақырыбында зерттеу жүргіздік. Казактар туралы В.В. Бартольд, Г.Ф. Миллер, Н.М. Карамзин, В.О. Ключевский, Н.И. Костомаров, С.М. Соловьев, В.М. Татищев сынды ғалымдар зерттеген. Бұдан бөлек казактар туралы 1917 жылғы революцияға дейінгі әскери ғалымдар және казактардың әскери ғалымдары құнды дерек қалдырған. Олар: К.К. Абаза, И.А. Бирюков, И.Ф. Бларамберг, Н.Бородин, М.И. Венюков, В.Н. Витевского, Г.Е. Катанаев, М.И. Красовского, А.Н. Куропаткин, М.И. Иванов, А.Б Карпова, А.И. Левшина, Н.В. Леденева, А. Ригельман, А.Д. Рябинин, Ф.Н. Усов, В.А. Потто, Н.Г. Путинцев, Ф. Стариков және М. Хорошкин казактар туралы құнды дерек қалдырған [1, 10 б].

Кеңестік дәуірде казактар туралы мол деректерді М.Аджиев, С.В. Бахрушин, Л.Г. Бескровный, В.А. Голобуцкий, Д.И. Копылов, М.Д. Машин, А.П. Окладников, А.П. Пронштейн, Р.Г. Скрынников кездестіре аламыз. Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде казак халқы туралы әртүрлі көзқарастарымен қарағандығымен ерекшеленеді. Олар: Н.В. Алексеенко, Е.Б. Бекмаханов, Н.Е. Бекмаханова, М.М. Багизбаева, А.И. Белый, П.Г. Галузо, В.К. Григорьев, Г.Ф. Дахшлейгер, А.С. Елагин, С.З. Зиманов, Ж.Касымбаев, М.К. Козыбаев, Е.И. Короткин, К.Н. Нурпейсов, В.И. Петров, А.Ф. Рязанов, В.Ф. Шахматов секілді отандық тарихшылардың еңбектерінде кездестіреміз [1, 11 б].

Батыс Қазақстан – Кіші жүз шығысында Орта жүздің қоныстарына, ал оңтүстігінде Қарақұм құмдарына қарай және сырдарияның төменгі ағысына дейін Қарақалпақтардың қоныстарына, сондай-ақ Түркістан қаласы аймағына қарай созыла барып, онда Ұлы жүзбен, Орта жүз тайпаларымен шектеседі. Оның жазғы жайлауларын Үстірт жазығында, сондай-ақ Ор, Жайық, Елек, Жем, Темір өзендерінің салалары бойында, Мұғалжар тауы аймағында, ал қысқы қыстаулары – Ырғыз өзені, оның салалары ауқымында, Сырдарияның төменгі ағысын бойлай Ырғыз бассейнінің оңтүстік жағында Тәуіп құмдары, Арал теңізінен батысқа қарай Сам құмдарына дейінгі шағыл құмдар, Маңғыстау түбегінде, Атырау алқабында, Нарын құмдарында Каспий теңізінің жағасына қарай орналасты. Орта жүзбен Орталық Қазақстанды алып жатты,

оның жазғы жайлаулары мен қысқы қыстаулары, Сарысу өзенінің бойында, Есілдің жоғары ағысында, Тобыл салаларының, Торғай өзенінің бойында, Ұлытау мен оған жапсарлас жатқан көлдер аумағында болатын. Батысында олар Еділ қалмақтары қоныстанған өңірімен шектесті, ал солтүстігіне жақынырақта – Ырғыз, Ор, Елек өзендерінің орта ағысы алқаптарында – олардың Ноғай жолы арқылы башқұрттармен шектесіп жатты [2, 10 б].

Орта ғасырлар көшпенділерінің тарихын зерттеу Ресей империясында XVIII ғ. В.Н. Татищевтің жұмыстарынан басталады. Ол ресей тарихнамасында тұңғыш рет орыс жылнамаларының мәліметтерінің негізінде тайпалардың аты бойынша олардың негізгі шоғырланған аудандарын, орыс князьдіктерімен өзара қарым-қатынасын, көшу жолдарын және ішкі құрылымдарын анықтауға қадам жасады [3, 201 б]. Қазақстанда және онымен шектес аумақтарда төрт казак әскері болды. Олар Жайық, Сібір, Орынбор және Жетісу казак әскерлері еді.

Алтын Орданың ыдырауынан кейін көптеген халықтар бір орталықтанудан бас тартып, жеке дара уақытша дербес, тәуелсіз өмір сүре бастады. Қазақстан аумағына алғашқы орыс казактары өтті. 1580 жылдың басында ерікті казактардың бір бөлігі Еділден Жайық өзеніне қарай көшіп, нәтижесінде өзіндік тәуелсіз казак әскерлері пайда болды. 1581 жылдың жазында казактар Ноғай Ордасының астанасы Сарайшық қаласына шабуыл жасап, Алтын Орданың көптеген хандары, Ноғай Ордасының, казак хандығының билеушісі болған атақты Қасым хан жерленген жерлерден қазыналар іздеп, ежелгі зираттарды тонады. Қала толығымен қирады және ешқашан қайтадан қалпына келмеді. Орыс патшалар казактарға адал қызмет ету үшін жалақы, қару-жарак, оқ-дәрі, азық-түлік, шарап, Жайыққа «иелік ету грамотасын» бастауынан сағасына дейін берді [4, 751 б.].

Казактардың казак жеріне келуі А.Елагиннің еңбегінде және полковник Захаровтың мәліметтерінде кездеседі. Онда алғашқы казак қауымдары негізінен, орманда бал арасын өсірумен, балық, аң аулаумен және мал бағумен айналысатын. Казактар қала маңындағы халықпен тығыз қарым-қатынаста бола отырып, оларға өз кәсіптерінің өнімдерін, малдарын сатумен айналысқанымен, бұдан түскен түсім күнкөріс қажеттерін өтеуге бәрібір аздық етті. Сондықтан, өз көршілері– көшпенділер мен шекаралас мемлекеттерге әскери жорықтар жасап, барын олжалап, барымталап кету казактардың негізгі «кәсібі» болып алған. Сондай-ақ қарақшылықпен жол торып, сауда керуендерін, патша қазыналарын тонаудан да шет қалмаған. Бірақ, казак қауымдары әлгіндей әрекеттерімен қарсы қойып алған көршілерінің өздеріне жауығуы күшейіп отырған жағдайда экономикалық тұрғыдан мемлекет тарапынан адам күші мен материалдық жағынан қолдау болмайынша өз бетімен ұзақ тұра алмайтын еді. Міне, осыдан келіп казактар «ұлы патша ағзамға қызмет ету» мақсатын көздейді [6,19 б.].

Орал казагы Н.Бородиннің жазуы бойынша, 1577 жылы патша әскері Еділ өзені бойында еріктілерге соққы береді. Олардың қалғаны қашып Жайық өзеніне келіп құтылыпты. 1591 жылы Шевкальский бүлігін басуға 500 казак

қатысып, патшаға болысады. Бұл патшаға қызмет көрсетулерінің басы, ресми түрде Жайық казактары болып тарих сахнасына шығуы еді. И.М. Ботовтың «Январцев» деген еңбегінде нақты ақпарат береді, онда: казактардың Ноғай хандығын әлсірете соққы бере отырып, күйретіп, жаңа жерлерді өздеріне қосып, жерлерін кеңейтті. XVI ғасырдың аяғында Урал өзенінің оң жағалауы мен Каспий теңізі аралығында Жайық казактары деген әскери сословие атағын алды. Әскери ведомство Ресей патшалығының 1884 жылғы №138 бұйрықпен ресми түрде 1591 жылы құрылды деп есептеледі [5,8 б.]. Оны Орал қаласының тарихи-мәдени ескерткіштеріменде дәлелдей түссек: «Құтқарушы Христос храмы» және «Патша қақпасы». «Құтқарушы Христос» шіркеуінің іргесі сәгітілмегенімен, «Патша қақпасы» немесе жергілікті халық Қызыл қақпа деп аталған ескерткіш 1929 жылы қиратылған. Бұл тарихи-мәдени ескерткіштерде «1591-1891» деген жазу, казактардың «Патша ағзамға адал қызмет етулеріне» 300 жыл толғанына байланысты тарту немесе сыйлық десек те болады. Қызығы бұл шараға Патшалық Ресейдің соңғы императоры II Николай қатысыпты. 1723 жылы Жайық казактары арасында алғаш санақ жүргізген полковник Захаровтың мәліметінде әскери қызметке тартылған барлық казак саны 3196, олардың отбасы мүшелерін қосып есептегенде жалпы саны – 6306 адам. Жайықтағы казак қауымының қатары көбейіп, олардың Кіші Жүз жерлерін өздігінен басып алып, қоныстанып жатқанына Патша бек разы болып отырды [6, 19-20 б.]. Ал 1897 жылғы санақ бойынша облыс көлемінде 645121 адам тұрса, оның 118 мыңға жуығын әскери казактар сословиесінің тұрғындары, ал 30 мыңнан астамын осы әскери территорияда тұратын, бірақ бұл іске қатысы жоқ адамдар құрады [6, 22 б.]. Бұл көрсеткіш казак әскерілерінің әлеуметтік жағдайының жақсаруын, тұрақты жұмыспен айналысуын және сенімді сословие болып қалыптасқанын көрсетеді. Сословие дегеніміз-айрықша іспен айналысатын, белгілі бір міндет жүктелген халық. Түсінуімізше, яғни олардың Орыс мемлекеті алдында міндеті болды, атап айтқанда:

1. Орыс отарлауы мен орыс ықпалын жүзеге асыру үшін қызмет етуін;
2. Басып алған жерлері мен онда қоныс теуіп, орнаған елді мекендерді көшпенділер шабуылынан қорғау;
3. Мемлекет қарулы күштерінің анағұрлым бөлігін құрап, казак әскери территорияларынан тыс жерлердегі тұрақты әскер құрамымен бірдей дәрежеде қызмет атқаруын көздеді [6, 22 б.]

Орыс мемлекеті Жайық өзені бойын «жабайы дала» деп атады. Сондықтан, тез арада ол далаларға өз әскерін қоныстандыруға тырысты [7, 3 б.]. 1775 жылға дейін Орал қаласы Жайық болып аталды, Е.Пугачев көтерілісін тарихи сахнадан ұмыттыру мақсатында II Екатерина қала атын өзгертті. Тарихшы А.Рябинин де Жайық казак әскерілері 1591 жылы құрылғандығын алға тарта отырып, қазақтар туралы былай жазады: Жайық казактардың өліспей беріспейтін бір ғана жауы болды – олар қазақтар. Олар «қажырлы, қайсар, қорқуды да, шаршауды да білмейтін жау еді. Жайық казактары оларға қарсы кескілескен соғыс жүргізді,– деп жазды [8, 309 б.].

Белгілі ғалым Марат Мұқанов қазақ жер қатынастары және жер тарихын зерттеуде өзінің «Қазақ жерінің тарихы» еңбегін жазады. Ол еңбегінде патша үкіметінің қазақ жерін отарлау саясатын екіге бөліп қарастырады, біріншісі қазақ жерін әскери қоныстар мен шеп арқылы иелену болса, екіншісі шаруаларды қоныстандыру арқылы жүзеге асқандығын атап көрсетеді [9, 109 б.].

Орыс-казак офицері (есаул) Н.Г.Путицев құрастырған «Хронологический перечень события из истории Сибирского казачьего войска» атты еңбегінде «Қазақ жерін жаулап алуы о баста-ақ орыс-казактардың(казачествоның) құзырына тиген еді, – деп өздерінің мақсат-міндетін ашық айтқандығын байқаймыз [9,110 б.]. Кеңестік кезеңде қазақ тарихына үлес қосқан профессор С.Асфендияров «Қазақстан тарихы» еңбегінің 187 бетінде жазылған, мынадай деректермен таныстырайын. Ол деректе «дала малын бағып, күнін көріп жүрген қазақтардың жерін күшпен иеленіп алындар!» деген бұйрық Ресей бойынша құрылған 11 казак-орыс атты әскер шебінің 4-ін қазақ жеріне аттандырғанын баяндайды. Қарулы, күші мен ықпалы жағынан басым әскерлер бірнеше айдың ішінде қазақтың 11 610 484 десятина шұрайлы жерін иемденіп алған екен. Ғалым М.Қойгелдиев еңбегінде өзіне дейінгі жазылған тарихшы С.Асфендияровтың еңбегін алға тарта отырып, отарлау ісіне аянбай атсалысқан орыс-казак жасақтарына патша үкіметі қазақ жерінің аса құнарлы өңірлерінен 10 млн-нан астам десятина жер бөліп бергендігін «Алаш қоғалысы» еңбегінде нақтылайды [9, 110 б.]. Жалпы, қазақ тарихында орыс-казак әскерлері орыс патшасына қарсы көтерілген дүмпулерде басып-жанжу арқылы белсенді болды. Атап айтсақ, Сырым Датұлы, Жоламан Тіленшіұлы, Исатай Тайманұлы және Махамбет Өтемісұлы, Есет Көтібарұлы, Жанқожа Нұрмұхаммедовтардың басшылығымен болған көтерілістерді және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті басу үшін патша тарапынан аттандырылғанын жоққа шығару мүмкін емес және бұл тек бір бөлігі.

Қорытындылай келе, Батыс Қазақстан аймағы геосаяси жағдайы өте шиеленісті, қысымы жоғары болды. Қазақтың ұлы әрі көреген дипломат Абылай ханның шөбересі, этнограф Шоқан Уәлиханов осы кезең турасында: «қазақтарды шығыстан жоңғарлар, Оңтүстіктен Орта Азия хандықтары, батыстан Қалмақ хандығы, башқұрттар жан-жақтан талапайға салды. Малдарын айдап кетті, адамдарын құлдыққа, күндікке салды» деп жазды. Орыс-казак әскерлері бастапқы кезеңде қазақ жеріне жоғары да атап өткеніміздей бір халықтың қанын мойынына көтеру үшін келмегендігі анық.

Қазақ және казак (казачество) халықтарының тарихи байланысы – күрделі әрі көпқырлы құбылыс. Казактар Ресей империясының шекаралық өңірлерінде әскери-әкімшілік міндеттерді атқарған қауымдастық ретінде қалыптасса, қазақ халқы ұлан-ғайыр даланы мекендеген көшпелі өркениеттің өкілі болды. Бұл екі халықтың арасындағы қарым-қатынас әртүрлі сипатта өрбіді. Кей кезеңдерде олардың арасында шекаралық қақтығыстар болса, басқа уақытта өзара бейбіт өмір сүріп, сауда-саттық жасасқан, тіпті кейбір тұрмыстық дәстүрлері ұқсас болған.

Қазақтардың қазақтармен байланысы қазақ даласындағы әлеуметтік-мәдени және экономикалық өзгерістерге ықпал етті. Мәселен, екі халық арасындағы сауда керуендері арқылы экономикалық алмасу дамыды. Сонымен қатар, қазақтардың қазақтардың тілін, дәстүрін және тұрмысын үйренгені белгілі. Қазақтар да өз кезегінде қазақтармен қарым-қатынас барысында қару-жарақ пен әскери өнерді меңгерді.

Кеңес заманында бұл тарихи байланыстар саяси тұрғыдан күрделі бағаланғанымен, тәуелсіз Қазақстан тарихын қайта зерделеу барысында қазақтар мен қазақтардың мәдени өзара ықпалы тереңірек зерттелді. Бүгінде екі халық арасындағы ортақ тарихи мұраны түсініп, өзара бейбітшілікті нығайту – өткен қақтығыстарды ұмытпай, олардан сабақ алудың жарқын үлгісі. Қазақ және казак халықтары ортақ даланың бай мұрасын сақтап, болашаққа бейбіт, достық қарым-қатынаста қадам басуға негіз қалайды.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана.– Алматы, Казахстан, 1994. – 156 б.
- 2 Батыс Қазақстан тарихы. Екі томдық. 2 том. – Ақтөбе, «ПринтА», 2006. – 524 б.
- 3 Батыс Қазақстан тарихы. Екі томдық. 1 том. – Ақтөбе, «ПринтА», 2006. – 436 б.
- 4 Қазақстан тарихы. Энциклопедия. – Алматы, «Литера-М» ЖШС, 2019. – 848 б.
- 5 Ботов И.М. «Январцев». – Киев, 1990. – 268 с.
- 6 Елагин А. «Қазақтар қашан келген?»//Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. 2010, №9.
- 7 Рысбеков Т.З. Өскен өлке тарихы. – Орал, 1997. – 180 б.
- 8 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы, «Атамұра», 2010. – 768 б.
- 9 Қайратұлы Б. Қазақия қалай отарланды?. – Астана, Жарыс.kz, 2016. – 400 б.

ҒТАМР 16.01.45

НЕГІЗГІ МЕКТЕПТЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Д. Толуспаева

*Аға оқытушы, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қ.*

Б. Төрбек

Студент, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Қазіргі таңда негізгі мектепте ағылшын тілін оқыту бірқатар өзекті мәселелермен бетпе-бет келуде. Олардың қатарына оқу-әдістемелік базаның жеткіліксіздігі, мұғалімдердің біліктілік деңгейінің әркелкілігі, оқушылардың мотивациясының төмендігі мен тілдік орта тапшылығы жатады. Сонымен қатар, оқу бағдарламасының шамадан тыс теорияға құрылуы мен коммуникативтік тәсілдердің жеткіліксіз қолданылуы да оқыту сапасына кері әсер етуде. Бұл мәселелерді шешу үшін жаңартылған білім беру мазмұнын тиімді енгізу, мұғалімдердің кәсіби дамуын тұрақты қамтамасыз ету, заманауи технологиялар мен интерактивті әдістерді кеңінен қолдану маңызды. Сондай-ақ, оқушылардың тілдік тәжірибесін арттыратын тілдік орта қалыптастыру – ағылшын тілін меңгерудің басты кілті болып табылады.

Түйін сөздер: негізгі мектеп, ағылшын тілі, тілдік орта, оқыту әдістемесі, шешу жолдары.

Қазіргі әлемдегі ағылшын тілінің рөлі айқын. Бұл халықаралық деңгейдегі маңызды коммуникативті құрал. Белгілі бір лингвистикалық білімі жоқ қазіргі адам өркениеттің ең жаңа артықшылықтарын пайдалана алмайды. Біздің өміріміздің барлық салалары белгілі бір дәрежеде ағылшын тілін білуді талап етеді. Ағылшын тілін үйрену жыл сайын сұранысқа ие болып келеді. Қай жерге барсақ та, қандай маман иесі болсақта, жұмысқа кірсекте ағылшын тілін білу өте қажет. Қазіргі уақытта ағылшын тілін білу өмірлік қажеттілікке айналды.

Негізгі мектептерде ағылшын тілін оқытудың мақсаты жалпы коммуникативтік құзыреттілікті және кәсіптік-коммуникативтік құзыреттілікті дамыту және қалыптастыру болып табылады. Көбінесе ағылшын тілін үйрену күрделі және ауыр ұзақ процеске айналады, елеулі нәтиже бермейді. Тілдерді тану жолында туындайтын проблемалар да сирек емес. Ең бастысы – олармен қалай күресу керектігін түсіну және оны іске асыру.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде шет тілін, әсіресе ағылшын тілін меңгеру – заманауи тұлғаның маңызды құзыреттерінің бірі болып саналады. Қазақстанда білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформалар оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруды, оның ішінде шет тілінде еркін сөйлей алатын, заманауи технологияларды меңгерген тұлға тәрбиелеуді көздейді. Алайда, негізгі мектепте ағылшын тілін оқыту барысында бірқатар қиындықтар кездесуде. Бұл мәселелерді жүйелі түрде саралап, оларды шешу жолдарын ұсыну-қазіргі білім беру жүйесінің өзекті міндеттерінің бірі. Осы жұмыс барысында ағылшын тілін оқытуда туындайтын негізгі мәселелер мен оларды еңсерудің тиімді жолдары қарастырылады [1, 5-7 б.].

Бұл мәселелерді шешуге оқушылардың жеке мүдделерін, олардың жеке ерекшеліктерін ескеретін және оқудың тиімділігінің алғышарттарын жасайтын тұлғаға бағытталған тәсіл көмектеседі. Бұл тәсілмен оқушылар мен оқытушылар арасында, оқушылардың арасында ерекше қатынастар қалыптасады, әртүрлі оқыту және тәрбиелеу орталары қалыптасады.

Табысты оқытудың маңызды факторы мотивация болып табылады, яғни оқушылардың шет тіліне оқу пәні ретінде оң көзқарасы және осы саладағы білімді игерудің саналы қажеттілігі мотивацияны қалыптастыру оқушылардың оқытудың дайын мотивтері мен мақсаттарын ұсыну емес, олардың ішкі мотивтері (мотивтері, мақсаттары, эмоциялары) пайда болатын жағдайларды жасау болып табылады. Сонымен бірге мұғалім оның дамуын әдістемелік және психологиялық тұрғыдан ойластырылған әдістер жүйесімен ынталандырады [2, 40-42 б.].

Негізгі мектепте ағылшын тілін оқытудың өзекті мәселелері – қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды тақырыптардың бірі. Төменде 1-кестеде осы мәселелердің басты түрлері көрсетілген [3, 22-24 б.].

Кесте 1. Негізгі мектепте ағылшын тілін оқытудың өзекті мәселелері.

а) материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі	Көптеген мектептерде тілді сапалы оқытуға қажетті заманауи жабдықтар жоқ: интерактивті тақталар, компьютерлер, Интернетке қол жетімділік, мультимедиялық ресурстар және т.б.
б) мұғалімдерді даярлаудың әртүрлі деңгейі	Ағылшын тілі мұғалімдерінің барлығы бірдей заманауи оқыту әдістері мен технологияларын жетік білмейді, бұл оқушылардың мотивациясы мен үлгеріміне әсер етеді.
в) оқушылардың қызығушылығын төмендету	Оқушылардың қызығушылығын төмендету оқу материалдары мен оқыту әдістерінің біртектілігіне байланысты оқушылардың ағылшын тілін үйренуге деген қызығушылығы жиі төмендейді. Сонымен қатар, көптеген адамдар тіл үйренудің практикалық пайдасын көрмейді.

г) оқу уақытының жетіспеушілігі	Оқу уақытының жетіспеушілігі ғылшын тілін үйренуге бөлінген сағаттар саны көбінесе барлық тілдік құзыреттіліктерді (сөйлеу, тыңдау, жазу, оқу) толық меңгеру үшін жеткіліксіз.
---------------------------------	--

Негізгі мектепте ағылшын тілін оқытудың өзекті мәселелерінің шешу жолдары да өте көп. Мысалы: жобалау технологиясы, компьютерлік технологиялар, тілдік орта қалыптастыру, заманауи әдістер мен технологияларды қолдану және т.б.

Жобалау технологиясы. Бұл технология оқушының белсенді тәуелсіз ойлауын дамытуға және оны білімді есте сақтауға және көбейтуге ғана емес, оларды іс жүзінде қолдана білуге үйретуге бағытталған. Жобалық тапсырмаларды орындау оқушыларға шет тілін үйренудің практикалық пайдасын көруге мүмкіндік береді, нәтижесінде осы пәнді оқуға деген қызығушылық пен мотивация артады. Оқушыны оқу процесіне белсенді қосу арқылы оқыту коммуникация өнерін игеруге әкеледі. Тіпті жеткіліксіз ынталы оқушылар шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде тілге қызығушылық танытады. Жоба бойынша жұмысқа кірісе отырып, тәлімгер-оқытушының жобалауға алдын-ала теориялық және практикалық дайындығы, білім алушыға таңдау үшін ұсынылатын жобаларды алдын-ала таңдау қажет [4, 223 б.].

Компьютерлік технологиялар. Ағылшын тілі сабақтарында және сабақтан тыс жұмыстарда компьютерлік технологияларды қолдану оқушылардың танымдық белсенділігі мен мотивациясын арттырады, оқу процесі мен оқушылардың өзіндік іс-әрекетінің қарқындылығын қамтамасыз етеді. Соңғы мультимедиялық технологиялар ауызша сөйлеуді қабылдауды тез және тиімді меңгеруге, дұрыс айтылымды қоюға және еркін сөйлеуге үйретуге көмектеседі. Интерактивті бағдарламалар мен ойындар нақты қарым-қатынас жағдайларын жасауға, психологиялық кедергілерді жоюға және тақырыпқа деген қызығушылықты арттыруға көмектеседі [5, 4-6 б.].

Интернет-ресурстарды пайдалану мүмкіндіктері өте зор. Ғаламдық Интернет желісі оқушылар мен оқытушыларға Жер шарының кез келген нүктесінде орналасқан кез келген қажетті ақпаратты алуға жағдай жасайды: жаңалықтар, елтану материалы, шетел әдебиеті және т.б. Ағылшын тілі сабақтарында интернет бірқатар дидактикалық мәселелерді шешуге көмектеседі: ғаламдық желі материалдарын қолдана отырып, оқу дағдыларын қалыптастыру; жазбаша сөйлеу дағдыларын жетілдіру, сөздік қорын толықтыру; оқушылардың шет тілін үйренуге тұрақты мотивациясын қалыптастыру [5, 7 б.].

Тілдік ортаны құру. Тіл клубтарын, пікірталастарды, басқа елдердің оқушыларымен хат алмасуды ұйымдастыру, ағылшын тілінде фильмдер мен бейнематериалдарды көру табиғи тілдік ортаның қалыптасуына ықпал етеді.

Заманауи әдістер мен технологияларды қолдану. Коммуникативтік тәсілді, оқытудың жобалық және ойын әдістерін енгізу, онлайн-

платформаларды, Мобильді қосымшаларды және интерактивті тапсырмаларды пайдалану оқушылардың ынтасын арттырады.

Оқытуды даралау. Сараланған тапсырмалар мен жекелендірілген кері байланысты ұсына отырып, әр оқушының білім деңгейін, қызығушылықтары мен ерекшеліктерін ескеру маңызды.

Мектепте ағылшын тілін үйрену бастауыш мектептің екінші сыныбынан басталады. Мұғалімдер балаларға ағылшын тілін үйретуде қиындықтарға тап болады. Қазіргі мектептерде оқулықтар өте қиын жасалынған, ішінде қиын жаттығулары да бар. Неғұрлым алға жылжысаңыз, тапсырмалар соғұрлым қиын болады. Ағылшын тіліне аптасына екі-үш сағат берілетіндігін ескере отырып, оқушылар мұны бірнеше сабақта өздігінен жеңе алмайды. Бұл мәселенің шешімі ағылшын тілін алфавиттен, ашық және жабық буын ережелерінен, сабақ барысында балаларға көмектесетін қарапайым сөз тіркестерінен бастаған дұрыс болады [6, 15 б.].

Мұғалімдердің жетіспеушілігінен ағылшын тілін үйренуде де проблема туындауы мүмкін. Оның негізгі себептері-төмен жалақы және балалармен жұмыс кезінде күшті эмоционалды жүктеме. Әдетте, бір мұғалімге 12 бала сүйенеді. Бірақ мұғалімдердің жетіспеушілігіне байланысты бір мұғалімнің мойнына бүкіл сынып жүктелуі мүмкін, бұл 24 немесе 32 бала. Бұл жағдайда балаларда ағылшын тілін үйренуге деген ұмтылыс мүлдем жоғалып кетуі мүмкін. Ағылшын тілін білу қазіргі әлемде өте маңызды. Бала бұл білімді тек шет тілдерін үйрену Орталығында ала алады. Себебі мұғалім 24-32 баланың әрқайсысына жететін білім бере алмайды. Мектепті жас педагогикалық кадрлармен толықтыру үшін қолайлы жағдайлар жасау қажет. Үлкен қалалардағы көптеген оқытушылар қаладан тыс болғандықтан, оларға баспана мен лайықты жалақы қажет. Бұл мәселені шеше отырып, 12 адамнан тұратын топтарды бір мұғалімге бөлуге байланысты тағы біреуі кетеді.

Мектептегі үлкен проблема-бюджет қаражатының жетіспеушілігі. Екі сыныпты таныстырайық. Біреуі жаңа оқулықтарда, екіншісі ескі оқулықтарда оқиды, өйткені толық жұмыс істеуге қаражат жетпеді. Егер ағылшын тілі міндетті пәнге айналса, онда емтихан тапсыру кезінде екі сынып та тең жағдайда болады. Бірақ сонымен бірге жаңа оқулықтармен айналысқан сынып ескіге қарағанда жақсы оқи алады. Ал қанағаттанарлықсыз нәтижелермен бірде-бір оқушы өзін ақтай алмайды [6, 16-17 б.].

Көптеген ата-аналар балаларының екі тілді болып өскенін және ана тілінде және шет тілінде оңай сөйлегенін қалайды. Бірақ осыған байланысты олар баланың шет тілін үйренуді қашан бастағаны жақсы деген сұрақ туындайды. Балалар, әрине, ағылшын тілін тез меңгере алады, бірақ тек бір шартпен – бұл процесс көңілді болуы керек. Көптеген мұғалімдер мен психологтар балалар ақпаратты 1,5 жастан 9 жасқа дейін белсенді сіңіреді деп мәлімдейді. Себебі, дәл осы жаста баланың негізгі сөйлеу дағдылары қалыптасады және оның миы шетелдік сөйлеу дыбысын жақсы есте сақтайды және қабылдайды. Туғаннан бастап 1,5 жасқа дейін іргетас қаланады, балалар көп ұзамай олар үшін сөз болатын дыбыстарды естиді және есте сақтайды.

Балаларды шет тілімен таныстырудың ең жақсы нұсқасы – ағылшын тіліндегі әндер, өлеңдер, бесік жыры [9, 64-69 б.].

Ағылшын тілін оқытудың басты мәселелерінің бірі – пәннің төмен беделі. Көптілділікті ынталандыру маңызды. Отбасы, мектеп және үкімет әр адам бірнеше тілді білуі керек деген пікірді неғұрлым көп қолдаса, соғұрлым көп балалар оған ұмтылады. Көптілділік мәдениетін сіңіру қиын, бірақ оның пайдасын көру оңай.

Келесі мәселе-сөйлесу тәжірибесі. Кез келген шет тілін үйренудің басты мақсаты басқа адамдармен сөйлесу мүмкіндігі. Оқу процесі студенттердің ағылшын тілінде тек мұғаліммен және сыныптастарымен ғана емес, сонымен бірге бұл тіл ана тілінде сөйлейтін жастармен де сөйлесе алатындай етіп құрылуы керек. Мұны заманауи технологиялардың дамуына байланысты жасауға болады. Осылайша, мотивация артып, тіл үйренуге деген қызығушылық артады [7, 228-230 б.].

Сондай-ақ, бүгінде барлық оқу орындарының материалдық-техникалық базасы жеткілікті және интернет желісіне үздіксіз қол жетімділігі жоқ. Бірақ технология оқу процесін өзгертеді. Заманауи технологияларды қолдану мұғалімге оқушыларға өз бетінше оқуға мүмкіндік береді, бұл сабақ барысында мұғалімнің уақытын оңтайландыруға көмектеседі. Технология әр түрлі оқушылардың тапсырмаларын беру және жұмысын бақылау процесін жеңілдетуге мүмкіндік береді, осылайша оқытуға жеке көзқарас жүзеге асырылады.

Сабақтарда интернет-ресурстарға қол жеткізу ең заманауи материалдарды пайдалануға мүмкіндік береді. Оқушы нақты ағылшын тіліне қол жеткізе алады. Оқулықтардан айырмашылығы, сандық мазмұн үнемі және кедергісіз өңделеді, бұл оны өзгермелі ортаға, соның ішінде тілге сәйкес жаңартуға мүмкіндік береді. Технология сонымен қатар ағылшын тілін үйренушілерге бір-бірімен немесе ана тілінде сөйлейтіндермен, сондай-ақ тек ағылшын тілінде сөйлесуге болатын адамдармен байланысуға мүмкіндік береді [8, 223-225 б.].

Соңғы жылдары шет тілін оқытуда үлкен өзгерістер болды: жаңа сана, жаңа ұстаным және педагогикалық қызметке мүлдем жаңа көзқарас пайда болды. Шет тілінің тәрбиелік және дамытушылық резервтері оқушыларға білімді ойдағыдай игеруге, оны зерттеу бойынша өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын сіңіруге және оқушылардың сөйлеу сапасын жақсартуға көмектеседі. Қазіргі уақытта кез келген ағылшын тілі сабағы жаңа міндеттерді шешуге үлкен әлеуетке ие. Ол мақсаттардың нақты тұжырымдалуын, сабақтың мазмұнын және жалпы оқу бағдарламасын ескере отырып, жаңа білім алуға және игеруге бағытталған. Бұл оқушылардың ең ұтымды әдістерді, әдістерді және оқыту құралдарын қолдана отырып, білімдерін, дағдыларын игеру деңгейін болжауға мүмкіндік береді. Сондықтан ағылшын тілі мұғалімінің басты міндеті мектеп қабырғаларында қамқорлыққа алынушыларды табысты оқытуға жағдай жасау болып табылады [10, 78 б.].

Тілді білу – адамның жетістігі мен білімінің көрсеткіші. Тілді білетін оқушылардың тілді білмейтін оқушыларға қарағанда жоғары оқу орнына түсу, болашақта беделді жұмысқа орналасу мүмкіндігі де жоғары.

Бұл жағдайда шет тілі мұғалімінің басты міндеті – балаларды ағылшын тілін үйренуге тарту, қызықтыру. Бұл қызықты, танымдық және ең бастысы өзекті екенін көрсету.

Әрине, осы мәселелерден басқа, шет тілдерін оқыту жүйесі үлкен пысықтауды қажет ететіндігі туралы бірқатар басқа да мәселелер бар. Бұл мәселеде білім алушылардың уәждемесі, оқыту үшін ұсынылатын материалдардың өзектілігі мен тартымдылығы, сондай-ақ оқытушының іскерлік және кәсіби құзыреттілігі үлкен рөл атқарады. Бастапқы кезеңде оқушылардың қызығушылығы, әдетте, өте жоғары және мұғалімнің алдында оны заманауи мектепке сәйкес келетін әртүрлі тәсілдермен сақтау міндеті тұр.

Негізгі мектепте ағылшын тілін оқытудың өзекті мәселелері білім беру сапасына тікелей әсер етеді. Бұл қиындықтарды шешу үшін кешенді тәсіл қажет. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру, оқушылардың қызығушылығын ояту, заманауи технологияларды пайдалану және коммуникативтік әдістерді қолдану-ағылшын тілін сапалы әрі тиімді оқытудың басты шарттары. Болашақ ұрпақтың бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету үшін ағылшын тілін оқыту жүйесін жетілдіру – уақыт талабы.

Қолданылған әдебиеттер

1 Әбдікәрімова Т.Т., Мусина Р.Ж. Ағылшын тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 5-7 б.

2 Зайцева С.Е. Формирование мотивации изучения иностранного языка у студентов неязыковых специальностей. 2013. – 40-42 с.

3 Хамитова Л.М. Инновационные методы преподавания английского языка в школе // Образование и наука, №5, 2022. – С. 22-24.

4 Пасов Е.И. Урок иностранного языка в школе 2-е изд. – М.: Просвещение, 1988. – 223 с.

5 Хамзина Г.Ж. Ағылшын тілі сабағында инновациялық технологияларды қолдану // Білім берудегі жаңа технологиялар журналы, №4, 2021. – 4-6 б.

6. Баскакова Н.В. Актуальные проблемы преподавания английского языка в условиях реализации ФГОС // Альманах мировой науки. 2020. № 2 (38). С. 15-17.

7 Кротова О.О. Проблемы преподавания английского языка в современной школе // сборник научных статей II Международной научно-практической интернет-конференции. 2021. С. 228-230.

8 Ненюк Е.А. Новый опыт преподавания онлайн: проблемы, выводы, рекомендации // Мир науки, культуры, образования. 2021. № 3. С. 223-225.

9 Логаш Е.В. Обучение детей английскому языку: эффективные способы и проблемы школьной методики // Сборник статей XL Международного научно-исследовательского конкурса. Пенза, 2021. С. 64-69.

10 Куркин Е.Б. Управление инновационными проектами в образовании. – М.: 2023. С. 78.

ҒТАМР 16.31.41

ОНЛАЙН АУДАРМАШЫЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ: АВТОМАТТЫ АУДАРМА ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б.М. Алимжанов

Магистрант, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Бұл мақалада онлайн аударма жүйелерінің теориялық негіздері мен тәжірибе барысындағы шектеулері қарастырылады. Қазақ тіліндегі автоматты аударманың өзекті мәселелері морфологиялық, семантикалық және контекстік деңгейде сипатталады. Зерттеу барысында нақты мысалдар мен салыстырулар келтіріліп, болашақта аударма сапасын арттыру жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: қазақ тілі, автоматты аударма, морфология, семантика, нейрондық жүйе.

Цифрлық дәуірде адамдар арасындағы тілге қатысты кедергілерді жою үшін әртүрлі технологиялық шешімдер әзірленуде. Солардың бірі – автоматты аударма жүйелері. Бұл жүйелер қолданушыларға тіл білмей-ақ, ақпарат алмасуға мүмкіндік береді. Бүгінде Google Translate [5], Yandex Translate және Microsoft Translator [6] сияқты жүйелер кеңінен қолданылады. Алайда қазақ тілінің құрылымдық күрделілігі, семантикалық нәзіктіктері мен синтаксистік өзгешеліктері автоматты аударма сапасын төмендетіп отыр.

Автоматты аударманың даму тарихы және жүйелері.

Автоматты аударма алғаш рет 1950 жылдары бастау алған. Бастапқыда сөздік пен грамматикалық ережелерге сүйенген қарапайым жүйелер қолданылған. Кейін статистикалық модельдер пайда болып, олар сөз тіркестері жиілігіне негізделген. Қазіргі таңда ең кең таралған әдіс – нейрондық машиналық аударма [2] (NMT). Бұл модельдер трансформер архитектурасын қолдана отырып, сөйлемнің контекстін тұтастай өңдейді. Алайда қазақ тілін қолдану тәжірибесі шектеулі, себебі үлкен көлемдегі оқыту деректері жоқ. Сондықтан қателер жиі орын алады.

Қазақ тілінің ерекшеліктері және аударма мәселелері.

Қазақ тілі – агглютинативті тіл. Сөздерге жалғаулар мен жұрнақтар қосылып, сөздің мағынасы мен қызметі өзгереді. Мысалы: "бар", "бардым", "бармаймын", "барғыңыз келеді ме" деген формалар бір түбірден тараса да, әртүрлі мағыналық жүктемеге ие. Автоматты жүйелер мұндай күрделілікке

дайын емес. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі еркін сөз тәртібі мен мәдени мәнге ие идиомалар автоматты жүйелер үшін нақты қиындық тудырады.

Мысалы, "жүрегі тас төбесіне шықты" тіркесі эмоцияны білдіреді, бірақ жүйе оны тура мағынада аударып, мағынасын жоғалтады. Бұдан бөлек, "төсек тартып жату" немесе "қас пен көздің арасында" сияқты сөз тіркестері де тура аудармада бұрмаланады.

Практикалық салыстыру және мысалдар.

Google Translate [5] жүйесінде бірнеше мысалдарды қарастырайық:

– "Қыз ұзату" → "Girl's escort".

– "Көзінің қарашығындай сақтау" → "Keep it as the apple of your eye".

– "Жолың болсын" → "Good luck".

Бұл мысалдарда жүйе сөздерді дұрыс аударғанмен, мәдени контекст пен семантиканы жоғалтып отыр. Мұндай аудармалар пайдаланушыны шатастырады және мағынадан ауытқуға алып келеді.

Yandex Translate жүйесінде де ұқсас қателіктер кездеседі:

– "Қыз ұзату" → "To marry off a girl" – мағына жағынан біршама жақындаса да, салт-дәстүрлік реңк толық берілмеген.

– "Жүрегі тас төбесіне шықты" → "His heart climbed to the top of the stone" – метафора түсініксіз күйде қалған.

– "Көзінің қарашығындай сақтау" → "To protect like the pupil of one's eye" – сөзбе-сөз аударылғанымен, ұлттық ерекшелігі жойылады.

Microsoft Translator жүйесі де кейде контекске сай емес нәтижелер береді:

– "Қыз ұзату" → "Bride farewell" – салт-дәстүрлік реңк жеткіліксіз.

– "Көзінің қарашығындай сақтау" → "To keep like the pupil of the eye" – сөзбе-сөз аударма, экспрессивті мағына жойылған.

– "Жолың болсын" → "Have a good road" – фразеологиялық дәлдік жоқ.

Жүйелерді салыстыру және даму бағыттары.

Google Translate [5] – қазақ тілін қолдайтын ең танымал жүйе. Алайда оның сапасы тұрақсыз. Yandex жүйесі көбінесе орыс тіліне тиімді, ал DeepL қазақ тілін мүлде қолдамайды. Microsoft Translator [6] негізінен бизнес салада қолданылады. Барлық жүйелер үшін ортақ проблема – қазақ тіліндегі сапалы деректердің аздығы мен құрылымдық ерекшеліктердің толық ескерілмеуі.

Сондай-ақ қазақ тілінің ресми, бейресми стильдеріндегі айырмашылықтар аудармада ескерілуі қажет. Бұл мәселе әсіресе әлеуметтік желілер мен журналистика саласында жиі байқалады, онда мәтіндер эмоциялық реңкке ие болады.

Мұндай қиындықтарды еңсеру үшін аударма жүйелері тек лексикалық деңгейде ғана емес, прагматикалық және контекстік деңгейде де өңделуі керек. Болашақта қазақ тіліндегі идиомаларды анықтайтын арнайы корпус және семантикалық модельдерді енгізу маңызды.

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер мен идиомалар машиналық аудармада ерекше қиындық туғызады. Мысалы, 'ит мұрны батпас қараңғы' немесе 'алақанға салғандай' тіркестері тура мағынада аударылғанда семантикалық дәлсіздікке әкеледі. Zhaksylykova (2022) еңбегінде қазақ идиомаларының

аудармада жиі бұрмаланатыны және олардың мәдени контекстен ажыратылатыны көрсетілген [7].

Шешу жолдары.

Жүйелердің тиімділігін арттыру үшін келесі бағыттар маңызды:

- Қазақ тілінің корпусын кеңейту және жаңарту.
- Мәдени контекст пен идиомаларды танитын модульдерді енгізу.
- Қазақ тілінің морфологиясын толық қамтитын талдағыштар әзірлеу.
- Оқыту жүйесін қазақ тіліне бейімдеу арқылы контекстке сай аударма жасауға мүмкіндік беру.

Нейрондық жүйелердің жұмыс істеу принципі.

Нейрондық машиналық аударма (NMT) – жасанды нейрон желілеріне негізделген жүйе. Мұндай жүйелер бастапқы сөйлемді векторға айналдырып, кейін оны мақсат тілдегі сәйкес сөйлемге қайта түрлендіреді. Мұнда 'attention mechanism' маңызды рөл атқарады – ол аударма барысында әрбір сөздің маңыздылығын анықтауға көмектеседі. Google және Microsoft жүйелері дәл осы трансформер модельдерін пайдаланады. Бұл жүйелердің артықшылығы – контексті жақсы түсінуі, ал кемшілігі – сирек тілдерде оқыту деректерінің тапшылығы.

Домендік бейімделу мәселесі.

Автоматты аударма сапасы тілдік доменге де байланысты. Заң тілі, медицина, техника немесе көркем әдебиет – әрқайсысының лексикасы мен стилі әртүрлі. Қазақ тілінде техникалық және ғылыми мәтіндерге арналған арнайы корпус аз, бұл жүйелердің қателесуіне әкеледі. Жүйе әдеби стильдегі сөйлемдерді дұрыс аударма алса да, заң құжаттарындағы күрделі құрылымдарды жиі бұрмалайды. Домендік бейімделу – сапалы аударманың маңызды бөлігі болып саналады.

Қателерді бағалау метрикалары.

Автоматты аударма сапасын тек субъективті бағалау жеткіліксіз. Сондықтан BLEU, METEOR және TER сияқты метрикалар қолданылады. BLEU (Bilingual Evaluation Understudy) – машиналық аударма мен эталон мәтін арасындағы сәйкес келетін фразаларды өлшейді. METEOR семантикалық сәйкестікке назар аударады, ал TER (Translation Error Rate) – түзетуді қажет ететін сөз санына негізделген. Қазақ тіліне бұл метрикаларды қолдану қиын болғанымен, болашақта бейімделген өлшемдер әзірленуі тиіс.

Болашақ бағыттар және жасанды интеллект.

Қазақ тілінің цифрлық дамуы жасанды интеллектпен тығыз байланысты. Автоматты аударма жүйелерін жетілдіру – қазақ тілінің халықаралық ғылыми және мәдени кеңістікте кең қолданылуына жол ашады. Ол үшін ашық тілдік деректер қоры, жас ғалымдар мен инженерлердің белсенділігі және мемлекеттік қолдау қажет.

Қорытынды.

Қазақ тіліне арналған автоматты аударма жүйелерінің дамуы – ғылыми және технологиялық мәселе. Сапалы аударма жасау үшін лингвистикалық, семантикалық және мәдени компоненттерді ескеретін модельдер қажет. Бұл

бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңызы зор, және болашақта қазақ тіліндегі аударма сапасын едәуір жақсартуға мүмкіндік бар.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Koehn, P. (2010). *Statistical Machine Translation*. Cambridge.
- 2 Vaswani et al. (2017). Attention is All You Need. *NeurIPS*.
- 3 Nurmakhan B. (2021). Neural MT Challenges for Kazakh. *TurkLing Journal*.
- 4 Bar, K., Dershowitz N. (2022). Morphology in Machine Translation. *JNLE*.
- 5 <https://translate.google.com>.
- 6 <https://www.microsoft.com/en-us/translator>.
- 7 Zhaksylykova A. (2022). Kazakh idioms in MT. *Philology Review*.

ГРНТИ 16.31.21

ЦИФРОВИЗАЦИЯ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПЕРЕВОДЕ (НА МАТЕРИАЛЕ АНГЛИЙСКОГО, РУССКОГО, КАЗАХСКОГО И АРАБСКОГО ЯЗЫКОВ)

Ш.А. Хамраева

*PhD. ассоц.проф., Египетский университет исламской культуры “Нур-Мубарак”,
г. Алматы*

Ш.Т. Бактиярова

*Магистр, ст.преп., Египетский университет исламской культуры “Нур-Мубарак”,
г. Алматы*

В данной статье предпринята попытка сравнительного анализа автоматизированного перевода различных переводческих программ на базе искусственного интеллекта. Анализ проводится на материале перевода фрагмента политического дискурса с английского, казахского, арабского и русского языков. Также рассматривается влияние развития искусственного интеллекта, цифровых технологий на теорию и практику перевода в целом, и в частности – на переводы с русского языка на английский, казахский и арабский языки. Актуальность темы исследования обусловлена стремительной развитием цифровых технологий в переводческой деятельности.

Ключевые слова: автоматизированный перевод, политический дискурс, коммуникативное высказывание, переводчик, сравнительный анализ, цифровизация, искусственный интеллект.

В настоящее время развитие компаративной лингвистики, так и теории, и практики перевода характеризуется активным внедрением информационных технологий на базе искусственного интеллекта, что влияет на межъязыковое посредничество. Особенно это проявляется в практике перевода с английского на русский язык, казахский, арабский языки и наоборот. Следует отметить, что цифровые инновации охватывают все звенья переводческого процесса, начиная с пред-переводческого анализа и заканчивая постредактированием. Несомненно, это помогает сэкономить время переводчику, но с другой стороны обуславливает необходимость переоценки роли переводчика в процессе перевода в условиях цифровизации. Безусловно, цифровизация имеет колоссальное влияние как на скорость и интенсивность работы в переводе, так и на переводческую деятельность изнутри, таких как: когнитивный процесс,

Шекара комиссиясына оқуға 6 адам жіберіледі. Олардың бәрі оқуды аяқтап, шешектің алдын алу үшін егу жұмыстарын жүргізуге Ордаға қайтарылады. Бұл аурудың кең етек алуы 1915 жылы Астрахан губернаторын Ішкі Ордадағы әрбір адамға шешекке қарсы міндетті түрде егу туралы бұйрық шығаруға мәжбүр етті.

1901 жылы ауруханаға арнайы 2 үй салынып, оның 5 хирургиялық, екіншісі басқа ауруларды емдеу орны болып белгіленген. Оларда 1 дәрігер, 2 фельдшер жұмыс жасаған. Бірте-бірте дәстүрлі емдеу орындарының саны өсіп отырған. Оның себебі, патша үкіметінің отарлау саясатының жылдан жылға күшеюіне орай, өлкеге қоныс аударған келімсектердің саны да өсіп отырды. Жаңадан ашылған емдеу орындары негізінен солардың қажеттілігін қамтамасыз етіп отырды. 1913 жылы Гурьев уезінде 53 орындық 4 аурухана және 6 емхана болған, оларда 9 дәрігер жұмыс істеген.

1801 жылы Кіші орданың қазақ жұртшылығын қарайтын алғашқы дәрігер А.Г.Пятницкий есімді дәрігер болса, 1802 жылы Орал казак әскерін дәрігер Е.С.Хандожинский қараған, ал 1832 жылдан бастап Ішкі Орданың халқын А.С.Сергачев деген дәрігер қамқорлаған. 1835 жылдан бастап Гурьев қаласында А.М. Красовский деген дәрігер жұмыс істеген. Гурьев әскери ауруханасында барлық сословие өкілдері үшін емделу ақылы болғандықтан, ол жерде емделушілердің 80 пайызы әскери сословиесіне жататындар болған. 1878 жылы Орал казак әскерінің медициналық бөлімін қайта ұйымдастыру туралы заң қабылданып, Оралдағы әскери аурухана 100 төсектікке дейін кеңейтілді (оның ішінде 20 орын әйелдерге арналған), ал Гурьевтегі лазарет 25 төсектік ауруханаға айналдырылды. Ауруханалардың жаңа штаттары, дәрі-дәрмекке, құрал-жабдыққа бөлінетін қаражат көлемі бекітілді. Кейінгі жылдары Оралда жаңа әскери бөлімдердің пайда болуына байланысты емдеу-сауықтыру мекемелерінің саны көбейе бастады. 1881 жылы Орынбор шекаралық батальонында 20 төсектік лазарет, Калмаков ауылында оның 8 төсектік бөлімшесі, Орал казак әскерінің бірінші атты полкінде 36 төсектік әскери лазарет, Ойыл және Төменгі Ембі бекіністерінде әрқайсысы 25 төсектік үш лазарет, Оралда 4, Гурьевте 2 төсектік қабылдау бөлімшелері ашылды.

Архив деректерінде 1880 жылғы Ордадағы дәрігер К.Тельсневич 70 мың шаршы аумақта 222,5 мың халық тұрғанын, ал ол жерде бір ғана дәрігер мен 90 молда болғанын атап өткен. Мысалы, 1889 жылғы «Новое время» журналында «Қырғыз халқы дәрігерлік көмектің жетіспеуінен қатты зардап шегуде. 200 мыңнан астам халқы бар бүкіл Ордаға екі дәрігер мен бір ғана аурухана жұмыс істейді» деп жазды. Сондықтан көптеген дәрігерлер, әсіресе К.Тельсневич, Н.П.Глориозов және А.К.Павленко жүйелі түрде жаңа ауруханалар ашу қажеттілігін алға тартты. 1888 жылы Н.П. Глориозов аурухананы кеңейту үшін жаңа ағаш барак салуға және Ордада әкімшілік бөлініс салынуына сәйкес жеті фельдшерлік пункт ашуға өтініш білдірді. 1876 жылға қарай Ордада алғашқы екі фельдшерлік пункт ашылды. Сол уақытта екі дәрігерлік учаске болды: бірі хан ордасында (бірінші учаске), екіншісі – Жаңа Казанкада (екінші учаске). Бірінші учаскеге хан ордасы, Қалмақ, Торғын бөлімшелері және екінші Примор округі кірді – шамамен 95 мың халық және 27 мың шаршы аумақ. Екінші учаскеге-бірінші Примор округі, Нарын, Қамыс-Самар және Талов бөлімшелері кірді – шамамен 138 мың адам және 41 мың шаршы жерді алып жатты.

И.Н.Столпнянскийдің деректерінде 1857 жылы фельдшерлік мектепте қазақтардан бар болғаны бір ғана оқушы-Хамза Қаржасов оқыған деп

жазылған. 1872 жылы Орынбор фельдшерлік мектебіне үш қазақ қабылданды, олардың ішінде 1876 жылы екеуі ғана бітіріп шықты: Мырзағали Өтепбаев пен Сәрсенғали Мұқашев. Мырзағали оқу бітірген соң Талов және Қамыс-Самар бөлімдерінде, ал Сәрсенғали Примор округтарында жұмыс істеді. Оларға жылына 200 рубль жалақы белгіленді. Мұқашев 1876-1881 жылдар аралығында жұмыс істегенімен, 1880 жылы мүлде жалақы алмаған. И.Н.Столпнянскийдің айтуынша, 1847 жылдан 1871 жылға дейінгі 24 жыл ішінде фельдшерлік мектепті бар-жоғы төрт қазақ қана аяқтаған. Кадр тұрақтамауының себептерінің бірі – жергілікті халықтың медицина қызметкерлеріне деген дұрыс көзқарасының болмауы еді.

1900 жылдың 13 наурызында Таловка ауылында дәрігер қызметі бекітіліп, Ішкі Ордада бір уездік дәрігер, төрт ауылдық дәрігер және бес фельдшер мен босандырушы әйелдер үшін жаңа штаттар бекітілді. 1901 жылы Гурьев қаласында Орал казак әскері қаржысына екі аурухана үйі тұрғызылды. Оның біріне хирургиялық бөлімше орналастырылды.

1913 жылдарда 53 төсегі бар 4 аурухана және 6 амбулатория жұмыс істеді. Халықты небәрі 9 дәрігер қарады, олардың өзі де Гурьевте болып, жекеменшік емдеу қызметімен айналысты. Дәрігерлік көмекке жұрттың бәрінің қолы жеткен жоқ. Себебі Қазақстан Қазан төңкерісіне дейін экономикалық және мәдени жағынан мешеулеп, артта қалған Ресей патшалығының шеткі аймақтарының бірі еді.

Тұрмыстың ауыр жағдайы, қиыншылық өмір, медициналық көмектің жоқтығы – міне осының барлығы еңбекші бұқараның арасында алуан түрлі аурулардың көп таралуына себепші болды.

XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басы – Қазақстанның батыс аймағы үшін әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолындағы маңызды кезең болды. Бұл кезеңде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, халықтың денсаулығы, жұқпалы аурулардың таралуы, халық емшілері мен алғашқы кәсіби дәрігерлердің қызметі жайлы құнды деректер кездеседі. Ресей империясы құрамына енгеннен кейін, Батыс Қазақстанда біртіндеп ресми медицина дамып, мемлекеттік медициналық мекемелер ашыла бастады. Бұл мекемелер халыққа тегін немесе төмен ақыға медициналық көмек көрсетуге тырысты. Алайда, дәрігерлер мен фельдшерлердің жетіспеушілігі, жол қатынасының қиындығы, шалғай ауылдарға жете алмауы-медициналық көмектің кең таралуына кедергі келтірді.

XX ғасырдың басында қазақ жастары арасында медицина саласын меңгеруге деген қызығушылық артып, алғашқы қазақ дәрігерлері қалыптаса бастады. Олар Ресейдің медициналық оқу орындарында білім алып, кейін туған жерлеріне оралып, халыққа қызмет көрсетті.

Өлкеміздің денсаулық ісіне зор үлес қосқан, Атырау өңірінде дүниеге келген алғашқы эпидемиолог дәрігердің бірі – Халел Шигаев. Ол 1880 жылы 5 наурызда Бөкей Ордасында дүниеге келген. Жастайынан ата-анасынан ерте айырылып, нағашы әжесінің қолында тәлім-тәрбие алады. 1897 жылы Астрахан губерниясы Владимирова селосындағы бір жылдық орыс-қазақ ауыл мектебін

бітіреді. 1905-1906 жылдары хан ставкасындағы екі сыныптық педагогикалық курсқа түсіп, төрт сыныптық училищесін бітіреді. 1906 жылы Астархандық дәрігер Н.Шмидттың ашық арнаулы курсында білім алып, обаға қарсы жұмысына атсалысады. 1909 жылы сол заманның, сол қоғамның ең таңдаулы дәрігерлері білім алған Астархандық дәрігерлік инспекторының фельдшер-акушер мектебін бітіреді. Осы мектепті 1918 жылы Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген дәрігері, Атырау өңірінде денсаулық сақтау ісін алғашқы ұйымдастырушылардың бірі болады. А.Сүндетовте осы мектепте білім алады. 1923 жылы Мәскеу қаласында өткен Бүкілодақтық шығыс көрмесіне қатысып еңбектегі жұмысы шындала түседі. Х.Шигаевтың қызметі басталған кезеңдегі Гурьев облысының денсаулық ісінің жағдайы өте төмен еді. Оны осы жолдамамен Гурьев облысы, Теңіз ауданына (қазіргі Атырау облысы, Құрманғазы ауданы) қарасты Азғыр ауылына фельдшер қызметіне жіберіледі. Немістің бас фашисі Гитлер Батыс Еуропа елдерінің көбін жаулап алғаннан кейін, 1941 жылы КСРО-ны (Кеңес Социалистік Республикалар Одағы) жаулап алуға соғыс ашты. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Мыңдаған Қазақстандықтар да кеңес жауынгерлері Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы қиян-кескі шайқастарға аттанды. Соның ішінде Х.Шигаевтың да ұлдары отанын қорғауға аттанды.



Сурет 1. Дәрігер Халел Шигаев.

Лениннен кейін Сталиннің билікке келуі КСРО-да түбегейлі өзгерістерге алып келді. Қоғамда әміршілдік-әкімшілдік жүйе идеологиясы өз жемісін бере бастаған 1929 жылды И.Сталин “Ұлы бетбұрыс” жылы деп атады. Сталин үкіметі жүргізген зұлмат 1937 жылы шарықтаған шегіне жеткен еді. Ол өз пікіріне, әрекетіне қарсының көзін құртып, партияны өзінің бағытында жұмыс

істеуге жұмылдырды. Елдегі «жауларына», оппозициялық күштерге қарсы жазалаушы орган Ішкі Істер Халық Комиссариатын (НКВД) құрды. Орган Сталиннің жеке өзінің қол шоқпарына айналып, «мәртебесін» шарықтатып жіберді. Халықта қатты үрей мен қорқыныш қалыптасты.

Әрі Кеңес республикасында жүздеген мың адам атылды. НКВД қызметкерлері барлық күшін «контрреволюциялық ұйымдарды», «зиянкестерді», «шпиондарды» ұстауға жұмылдырылып, олар өз жоспарын асыра орындау үшін барлық жауыздыққа барды. Сотсыз үкім шығарушы органдар «екілік» және «үштіктер» күшейе түсті. 1950 жылдардың ортасында кеңестік идеология “күнәсіз, кемшіліксіз, кіршіксіз таза көсем” мен “халық жауы деп лагерьлерге немесе атылып кете барды. Сталиншілдіктің ауыр қылмыстарының бірі – Қазақстан аумағында түзеу мекемелерінің тұтас жүйесін – Степлаг, Карлаг (Қарағанды лагері), АЛЖИР лагерьлерін салынуы болды. Бұл лагерьлерде жазықсыз айыпталған мыңдаған адамдар өз мерзімін өтеді. Олардың қатарында 13 жыл лагерьде қара жұмысқа салынған Х.Шигаевта болды. Х.Шигаевты 1950 жылдың 25 сәуірінде жалған айыппен РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабының 10-тармағымен 10 жылға соттады. Тек, КСРО Жоғары Соты Әскери коллегиясының шешімімен 1955 жылдың 9 маусымда ақталды.

Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қор бөлімінде Х.Шигаевтың Хан ставкасының төрт сыныптық училищесін бітіргені жөніндегі аттестаты, педагогикалық училищені бітіргені жөнінде берілген куәлігі, фотосуреттері сақталған.

Нарын топырағында туып өсіп, өлкеміздің денсаулық ісіне зор үлес қосқан, өлкемізден шыққан дәрігердің бірі – Қажығали Мәмеков. Ол 1883 жылы Атырау облысында дүниеге келген. Қажығалидың әкесі Мәмек Адайдың Тәзікесіндегі белгілі де беделді адамдардың бірі болыпты. Ол 1907 жылы Меккеден қайтып келе жатқан жолында ауырып дүние салады. Топырақ Қырымдағы Бақшасарайдан бұйырады.



Сурет 2. Дәрігер Қажығали Мәмеков

Қажығали кішкентайынан еті тірі, ширақ және айналасын қоршаған түсініксіз құбылыстарды білуге құмар бола біліп өседі. Молдадан үш жыл сауатын ашқан Қажығали онан әрі оқығысы келсе де, құмда оқитын мектеп болмайды. Сонымен ол он жасқа келіп, бірер жыл үйінде отырады. Содан 1893 жылы Ганюшкино (қазіргі Құрманғазы ауданы) селосында 2 кластық орыс-қазақ училищесі ашылады да, 40 оқушының бірі болып оқуға түседі. Осында 13 жылдай білім алып, 1898 жылы негізінен мұғалімдер даярлайтын 6 жылдық Орда (Хан ставкасы) мектебіне түсіп, оны 1901 жылы үздік бағамен бітіреді. Алайда, оның бұдан соңғы ұзақ ғұмыры мұғалімдікке емес, дәрігерлікке айналды.

1900 жылдың қысында Текебай Түбек деген жерден оба ауруы шығып, соған орталық Ресейден азаматтық және әскери медициналық мамандар жіберіледі. Обаның патша үкіметін қорқытқандығы сонша, оның ұшқынын басу жұмысын басқару үшін патша өзінің туысқаны А.П.Ольденбургскийді жібереді. Осында келген дәрігерді тікелей басқару-орыстың әскери-теңіз дәрігері, микробиолог, ғылым докторы В.И.Исаевқа тапсырылады. Міне, осы Исаевтың келуі және оның обамен күресу мақсатында Ордада үш айлық медицина-санитарлық курс ашуы Қажығали үшін бірден-бір маңызды оқиға болды. Бұл курсқа жергілікті адамдардан 26 оқушы жиналды, оның 20-сы мұғалімде, 6-уы сол Қ.Мәмеков оқып жатқан 6 жылдық мектепті бітірушілері еді. Осы барлық курсанттардың ішінен жалғыз Қажығали барлық сабақтарды үздік беспен тапсырды. Ол Ішкі Қырғыз (Бөкей) ордасының оба, тырысқақ, сүзек, шешек тәрізді қатерлі де, жұқпалы аурулар пайда болған аймақтарында еңбек етіп, өз басында талай қатерге тігеді, талай жандарды ажалдан арашалайды. Солардың ішінде Атырау аймағына әйгілі болған дәрігер Ахмет Сүндетовтың туған ағасы Рахмет Сүндетовтың де үй-іші бар. 1906 жылдың қарашасында бұл үйден обаның белгілері білінеді де, шұғыл шара алу үшін Қ.Мәмеков келеді. Сөйтіп, Р.Сүндетовтың үй-іші обадан аман қалады.

1901 жылдың шілдесінде Ішкі орданы басқару жөніндегі уақытша Кеңестің председателі А.А. Вербов генерал В.И. Исаевтан Қажығалиды Кронштадқа оқуға жіберу туралы хабарлайды. Бұл шаһарға қалай жету жолшыбай кездесу керектігін жөнінде оған ақыл-кеңес беруші жоғары білімді тұңғыш қазақ дәрігері, Петербор университетінің түлегі, Жәңгірдің он екі биінің бірі болған Шомбалдың немересі Мәжит Мұқанбетжанұлы Шомбалов болды. Қажығалидың тарықпай және алаңсыз оқуына Жәңгір ханның сол кезде Петерборда тұратын ұлы орыс армиясы атты әскерінің генералы Ғұбайдолла да көп жағдай жасайды.

Сөйтіп, Қ.Мәмеков 1902 жылы қыркүйегінде Кронштад жанындағы Николаев теңіз госпиталының фельдшерлер даярлайтын мектебіне оқуға түседі. 1905 жылы 12 сәуірде осы мектепті үздік бітіреді. Ресей бойынша Кронштад мектебін бітірген 135 адамның бірі болды. 1905 жылы мамырда Астраханьдағы губерниялық басқарма жолдамасымен Орда жеріндегі жұқпалы ауруларды

қараушы болып орналасады. Сол жылы 27 қазанда Нарынның Бекетай деген жерінде обаның ұшқыны көрініп, оған алдымен әйгілі дәрігер М.Шомбалов пен фельдшер Ш.Өтебаев аттанады да, Қ.Мәмеков Астраханнан келген Констанцев деген дәрігер екеуі лабораторияны түйеге артып, күні-түні жүріп, арада 5 күн өткенде бұларға жетеді. Осылардың үстіне Царицыннан доктор Бобелянц бастаған топ келеді. Сол жылдың желтоқсанында оба ауруы індеті жойылады, бірақ сол жерге бақылау пункті ұйымдастырылып, оны Мәжит Шомбаловтың өзі қолдана алады да, ал Жаңақаладан ашылған пунктке жауапты Қажығали Мәмеков болады. 1906 жылдың жазында осы оба ауруымен күресу үшін Бөкей ордасының территориясында 6 дәрігерлік және 18 фельдшер пункті ашылады, олардың барлығын Орда қаласында ұйымдастырылған дәрігерлік-санитарлық бас дәрігері басқаратын болады.

Кейбір халықтың аурудан қорыққаны соншалық, балалары ауруды жұқтырып, жазылып болмайынша ат қоймаған. Қазақ халқы да бәле-жаладан аулақ болу үшін ауруды атымен атамауға тырысқан.

Қазақ халқы инфекцияны жұқтырған науқасты ауылдан екі-үш шақырым алыс жерде оқшаулаған, қажет заттарын сол жерге апарып берген. Айыққандарға жарты жылдан соң ғана ауылға оралуына рұқсат берген. Сонымен бірге сол кездің емші, дәрігерлері адам шешекті бір рет қана жұқтыратынын байқайды, сол себепті науқастың күтімімен бұрын ауырғандар айналысқан. Нарын құмында оба аурумен күресу жұмыстары жүргізіліп отырды.

Қ.Мәмеков Кронштад мектебін бітіріп, елге оралғаннан бастап, 1917 жылға шейін осы кесәпат ауруды жою жолында қызмет етті. 1918 жылы Сарытөбе деген жердегі медпункті басқарады. Сол жылы Ордада Бөкей губерниясы медиктерінің съезіне және Кеңес губерниялық I съезіне делегат болып қатысады. 1920 жылы құмда болған аштыққа қарсы күресу комиссиясының құрамына енеді. Сөйтіп халықты аштықтан алып қалуға септігін тигізеді.

Қ.Мәмеков өзінің өмірбаянында Петерборда оқып жатқан Әзірбайжан студенттері кеш ұйымдастырды. Оған сонда тұратын мұсылман зиялыларын шақырды. Сол кезде Таврия сарайында ұлттық киімдердің дүниежүзілік көрмесі болып жатқан еді. Көрмеге Бөкей ордасынан өкіл болып Әзірбаев Жарас деген қарт келді. Сол екеуіде әлгі кешке шақырылып, кешке Ш.Уәлихановтың інісі оставкадағы генерал Уәлиханов, Жәңгір ханның немересі Гүлсім, алғашқы башқұрт генералы Шейх-Али басқа да беделді мұсылмандар келеді. Сол кеште мен Петерборда оқып жатқан қазақ студенттер Мұхамбетжан Тынышбаевпен, Жанша Сейдалинмен және Х.Досмұхамедовпен таныстым депті. Осы жылдары Қ.Мәмеков Ордадағы қызмет бабымен келгендердің ішінен әйгілі қайраткерлерді есінде сақтап қалғанын оның естелігінен көреміз. Мысалы: ол төтенше әскери комиссары М.Тұнғашинді және Астраханнан келген С.П.Милютинді жақсы білетінін жазған. 1921 жылы Қажығали Сарытөбе болысын басқарып, бір мезгілде медпункт меңгерушісі, Астрахань балық өндірісіне бір айға I Теңіз округінен 5000 адам

ұйымдастырудың төтенші өкілі болды. 1929 жылдың басында ол Саратовтағы микробиология және эпидемиология институтының нұсқауымен Жаңақала аудандық оба пункттерін меңгерді. Ал 1930 жылы Астрахань облысының Краснояр ауданына қызметке ауысады. Осы кезде ол С.Меңдешевтың шақыруымен Москва мен Алматы да болып, Түрксіб темір жолының салынып болуы құрметіндегі салтанатта сөйлеген Тұрар Рысқұлов пен жапон және халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері Сен-Катаяманың сөздерін тыңдағанын өзінің естеліктеріне келтіреді. 1930 жылдан құрмет демалысқа шыққанға дейін ол Астрахань облысының малый Арал, Ахтубинск және т.б. елді мекендеріне аурухана және медпункт меңгерушісі болып қызмет атқарады. 1960 жылдары Гурьевке келіп, 90 жасында 1973 жылы дүние салады.

Халық денсаулығын қорғауда көп еңбек сіңіріп, тарихта, ел аузында қалған алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Махмұд Измайылұлы Шолтыров 1885 жылы 5 тамызда Ішкі Орданың Примор округінде дүниеге келген. Бастауыш білімді жергілікті орыс-қазақ мектебінен алады. Одан кейін қазақ оқушыларынан арнайы іріктеліп алынған балаларымен бірге Астрахань гимназиясының толық пансионатына қабылданады. Астрахань гимназиясын бітіргеннен кейін 1905 жылы М.Шолтыров Қазан университетінің дәрігерлік факультетіне түседі. Оқып жүрген кезінде оған Ішкі Орда қазақтары жылына 300 сом стипендия белгілейді. Бірақ 1905 жылы оқиғаға байланысты студенттік толқуларға қатысқаны үшін оқудан шығарылып, Қазан қаласында тұру құқығынан айырылады. Бір жылдай полицияның қатаң бақылауына алынған Шолтыров бұл мезгілде туған ауылында болады. 1906 жылы көптеген студенттер қатарына қайтадан оқуға алынды. Тиісті көмектің кедергілерге жиі ұшырауына, Астрахан губернаторының 1910 жылы Орданың арнайы қаржысы сарқылды деген сылтаумен степендия беруді тоқтатуына қарамастан М.Шолтыров 1911 жылы ойдағыдай аяқтап шығады. Осы жылы И.И.Мечниковтың Қалмақ және Бөкей далаларының теңіз жағалауы бөлігі аймағында оба ауыруының жиі бой көтеруі себебін зерттеуге келген экспедициясының құрамында еңбек етті. Бөкей өлкесінде оба және туберкулез ауруларының туу себептерін зерттеу жұмыстарымен айналысты. Экспедиция мұнымен қоса туберкулездің алдын-ала жұмыстарын да жүргізді. Экспедициялық отряд 2-Примор округіне дейін келіп, әкім Мақаш Бекмұхамбетовтың ставкасында болады, осы маңнан 5-6 шақырым жердегі Қосай мекенін аралайды. Зерттеуші-дәрігерлер обадан қаза тапқандардың зиратын ашып, бактериологиялық зерттеулер үшін материалдар алады. Сондай-ақ оба белгілері бар жабайы аңдар мен кеміргіштерге бактериологиялық зерттеу жүргізеді. М.Шолтыровтың осы экспедиция құрамында лаборант болып қатысуы болашақта оның обаға қарсы ұзақ жылдар бойы қызмет істеуіне көп көмегін тигізді.



Сурет 3. Дәрігер Махмұд Шолтыров.

Ол кезде Каспий төңірегінде оба ауруы жыл сайын байқалатын. Әкімшілік орындары медициналық қызмет көрсетуді күшейту шараларының бірі ретінде жаңа 3 дәрігерлік және 17 фельдшерлік пункт ашу жөнінде шешім қабылдайды. Жаңадан ұйымдастырылған 4 дәрігерлік учаске 300 шаршы километр жерде орналасқан халыққа қызмет көрсетті.

1912 жылдан бастап Ішкі Ордадағы 2-ші учаскеде дәрігер болып істейді, осы жұмысты істей жүріп, ол Каспий төңірегі, Нарын құмындағы оба ауруын жоюға белсене қатынасады. Осы оба ауруын зерттеу экспедициясына қатысқан академик Н.Жуков-Бережников 1957 жылы: «Құрметті дәрігер М.Шолтыров! Біз, байырғы оба ауруын зерттеушілер, өзіңді білетін барлық Кеңес дәрігерлері сияқты Сіздің обаға қарсы ұзақ жылдық қызметіңізді жоғары бағалаймыз» деп мынадай хат жолдаған.

Кеңес үкіметін орнату кезінде оған белсенді қатысып, 1919 жылы ақгвардияшылардың тұтқынына түсіп, Қазақ АКСР Орталық атқару комитетінің төрағасы болған С.Мендешевпен түрмеде бірге отырған. Осы жылы тұтқыннан босап, Азамат соғысының ақырына дейін жүріп, армия лазаретінде дәрігерлік қызметін атқарады.

1923-1924 жылдары Атырау (Гурьев) және Астахань облыстарының кейбір елді мекендерінде, оба ауруына қарсы күрес жүргізетін ірі отрядтың басшысы ретінде М.Шолтыров көзге түсетіндей көрнекті жұмыс атқарады. 1913-1926 жылдары учаскелік дәрігер болып істеген жылдарында бұрынғы Бөкей губерниясының жерінде болған бірнеше оба экспедициясына қарсы күресте бастан аяқ жұмыс жасайды.

Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген дәрігері, шәкірті Ахмет Сүндетов өз естелігінде былай жазады: «М.Шолтыров сол ауданда хирургиялық қызмет жасады. Алғашқы рет ішкі органдарға операция жасады, аяғы ауыр әйелдерді қабылдап босандыру және оған акушерлік операция жасады. Ол кісіге жүздеген адам өзінің өмірімен, мыңдаған адам денсаулығымен, бақытымен қарыздар. Өзінің саналы өмірімен тамаша азамат, дәрігер ретінді кейінгілерге жақсы атақ қалдырды».

1936 жылға дейін ол Гурьев облысы Теңіз ауданы, Ганюшкино селосындағы (қазіргі Құрманғазы) Кеңестік денсаулық сақтау ісін ұйымдастырушы дәрігерлердің бірі болды. Ал 1936-1947 жылдары Ганюшкино селосындағы обамен күрес бөлімінің меңгерушісі болды. Халық құрметіне бөленген, көрнекті дәрігер Махмұд Шолтыров 1965 жылы дүние салды.

Тарихта, ел аузында қалған алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Мәжит Мұхамеджанұлы Шомбалов 1873 жылы 20 сәуірде Ішкі Орданың Талап бөлімінде дүниеге келген. Жергілікті орыс-қазақ мектебін бітірген соң, ол Орынбор азаматтық гимназиясында 10 жыл (бір жылдық дайындық класында) оқиды. Мәжит мұнда гимназия пансионында жатып оқиды.



Сурет 4. Дәрігер Мәжит Шомбалов.

Мәжит Шомбалов 1896 жылы 8 маусымда берілген № 16 кәмелеттік аттестатта: «Шомбалов өзіндік бет-бағдары айқындалған жас, оның бойындағы ерекшеліктерді тәртіптілігі мен ұстамдылығы айқындайды», - деп жазылған гимназия берген мінездемемен білімін одан әрі жалғастыру үшін Қазан университетіне түсуді мақсат етіп, медицина факультетіне өтініш береді. 1885 жылы Орынбор гимназиясын тәмамдап, сөйтіп 1895 жылы 5 тамызда Қазан университетінің медицина факультетіне студент болып қабылданады. Қазанда студенттердің революциялық үйірмелерінің жұмысына араласқан. Университетте оқып жүрген барлық уақытта Ішкі Орда қазақтары бөлген 304 сом стипендияны пайдаланады.

Қызметтік жолын өзі туған жеріндегі емханадан бастаған. 1899-1903 жылдары Орда оба станциясында дәрігер болып жұмыс жасайды. 1903-1917 жылдары Орда ауруханасының меңгерушісі болады. 1903 жылы Қазан университетінің медицина факультетін бітіргеннен кейін Ішкі Ордада Хан ставкасы жанындағы ауылдық учаскеде дәрігер, 10 төсектік аурухана меңгерушісі, уезд дәрігері жұмыстарын атқарған.

1905-1906 жылдары М.Шомбалов қол қойған есепте 3616 адам амбулаториялық емдеуден өткені айтылған. 10 төсектік ауруханада 81 науқас емделген, 479 адамға үйінде дәрігерлік көмек көрсетілген. Шешекке қарсы 1340

адамға егу жүргізілген. М.Шомбалов оба ауруына қарсы күресте өте маңызды да ұйымдастырушылығы мол жұмыс жүргізді. Ол обаға қарсы күрескен алғашқы қазақ дәрігерінің бірі болды. Астрахань облыстық мемлекеттік мұрағатында М.Шомбаловтың Ішкі Ордада 10-старшындықтағы Толыбай өңірінде және Астрахан теміржолындағы Жәнібек станциясындағы байқалған оба түрін бірінші болып айқындап, соның нәтижесінде Санкт-Петербургтан дәрігер-бактериологтар келіп, үлкен шаралар жүргізілгендігін куәландыратын құжаттар сақтаулы. 1911 жылы М.Шомбалов далада обаның шығу себебін анықтауға келген И.И.Мечников экспедициясы құрамында зерттеу жұмыстарына қатысады. Ол екі мәрте, 1906 және 1910 жылдары «Қырғыз даласының Нарын бөлігі мен оңтүстік округтеріндегі обамен күрестегі еңбегі үшін» арнайы күміс медальмен марапатталды. М.Шомбалов 1918 жылы ВКП(б) мүшелігі қатарына қабылданып, Бөкей ордасында Кеңес өкіметін орнатуға белсене атсалысады. Ол жергілікті халықты медициналық көмекпен қамтамасыз етуде, медицина қызметкерлерін кеңестік денсаулық сақтау ісінің міндеттерін орындауға жұмылдыруда, жаңа медициналық пунктер, қымызбен емдеу орындарын ашуда зор еңбек етті. Азамат соғысының ауыр кезеңдеріне қарамастан, ол Бөкей губерниясында 370 төсектік, оның ішінде Ордада 100 төсектік аурухана ашады. М. Шомбалов, әсіресе, обамен күрес шаралары мен шешек ауруына қарсы егу жұмыстарына ерекше назар аударды. Обамен күресетін лаборатория, малда кездесетін шешекке қарсы егу орындары мен станциялардың жұмысын жүйелі түрде жүргізуі М.Шомбаловтың болашақта бактериологиялық институт ашу жайлы мәселе көтеруіне негіз болады. Қазақстандағы фармацевтикалық білімнің тұңғыш ошағы-Семей фармацевтика техникумының құрылып, қалыптасуы М.Шомбалов есімімен тығыз байланысты.

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы алмағайып заманда Қазақстанға, Ішкі Ордаға оралып, дәрігерлік қызметпен айналысқан. Обаның өршіп тұрған кезінде арнайы құрылған экспедициялар құрамында болып, зерттеулер жүргізген ғалым. Бұған дәлел мұрағат құжаттарында көрсетілгендей, сол кездегі қазақ қоғамына жат жағдайда халыққа қырғындай тиген обаның себептерін анықтаумен айналысқан. Ордада бірнеше жүздеген адамның өліміне себеп болған бұл қандай ауру екенін анықтауға тырысқан. Ол өңір ақсақалдарынан қайтыс болған адамдардың денесін ашуға рұқсат алған. Яғни мұсылман қауымында сүйікті мәйітті қозғауға, мүрдесін қайта ашуға болмайды, ал Мәжит болса, «әзірге сау халықты» сақтап қалу үшін, аурудың емін табу үшін адамдардың өлі денелерімен жұмыс жасады. М.Шомбалов обаға қарсы күреске белсенді араласқан қазақ дәрігерлерінің алғашқысы болды. Мәжит Шомбалов обаның таралуына кеміргіштермен қоса, түйелер де себеп болуы мүмкін екенін анықтаған. Түйелерге вакцина салып, зерттеп тәжірибе жасаған. Дәрігер обаға қарсы вакцина ойлап таппаса да, жұқпалы ауруды зерттеуге көп үлес қосты. Дәрігер ауруды жеңу үшін медицина мамандары ғана емес, қарапайым халықта ат салысуы керек екенін түсінді, сол себепті ол ауыл-аймақты аралап, науқасты оқшаулау, оның киім-кешегін қайнатып жуу сияқты

негізгі сақтану амалдарын үйреткен. Дәл осы уақытта Оралда обаға қарсы зертхана ашылды, Бұл Қазақстандағы алғашқы мамандырылған эпидемияға қарсы және ғылыми-тәжірибелік мекеме болды. Дегенмен, зертхана шағын, әрі онда құрал-жабдық аз еді.

М. Шомбалов Астрахань темір жолы бойындағы Жәнібек бекетінде байқалған обаның бубон деген түрін бірінші анықтаған. Бубон обасы-ол суыр секілді жабайы кеміргештерде жүретін бүрге, кене арқылы тарайтын бактериялық ауру. Шомбалов Санкт-Петербургтен бактериолог-дәрігерлер шақыртып, үлкен шараларға араласқан.

Сол кездегі обаға қарсы күрескен дәрігерлердің өздері де ауру жұқтырып, көз жұмып жатты. Бірақ Шомбалов еш ойланбастан обаның өршіп тұрған ошағына өз еркімен кірді. Халықты аурудан сақтау үшін, емдеп-жазу үшін барын салды.

1906-1910 жылдары Қырғыз даласының Нарын бөлігі мен оңтүстік округтеріндегі обамен күрестегі еңбегі үшін арнайы күміс белгімен марапатталады. Азамат соғысының ауыр кезеңдеріне қарамастан, Бөкей губерниясында 370 төсектік, оның ішінде Ордада 100 төсектік аурухана ашады. 1923-1930 жылдары Денсаулық сақтау халық комиссариатының орынбасарлығы қызметінде ол денсаулық сақтау ісінің ірі ұйымдастырушысы ретінде танылған. 1929-1938 жылдары Қазақтың республикалық дәріхана басқармасының бастығы, біраз уақыт Орал қаласында обаға қарсы станциясының меңгерушісі болды. Қазақстанда тұңғыш рет Семей фармацевтика техникумының, Алматы медицина институтының ашылуына белсене араласқан. Қазақ дәріхана басқармасын ұйымдастыруға тікелей қатынасып, тұңғыш басшысы болған. Республикалық дәріханаға М.Шомбаловтың есімі берілген. Комиссариатта ана мен баланы қорғау бөлімін ұйымдастыруға және осы бөлімдердің жергілікті жерлерде ұйымдасуына белсенді еңбек еткен. Өмірінің соңғы жылдары Оралдағы обамен күрес станциясында меңгеруші болып еңбек атқарды.

М.Шомбалов НКВД-ның жалған айыппен бірнеше рет түрмеге қамалған. 1939 жылдың 28 шілдесіне дейінгі уақыт аралығында қамауда болды, кейін «қылмысының дәлелденбеуі» себебінен босатылды. Қамаудан босатылған соң елге оралып, дәрігерлік қызметін жалғастырады. Бірақ көп уақыт өтпей жатып, 1940 жылдың 24 қарашасында қайта түрмеге жабылды. Бұл жолғы себеп те сол қызметтегі «антисоветтік көзқарасы» еді. Екі жылдан кейін оны түрмеден босатады, бірақ кейін тағы да жалған айыппен түрмеге жабады. М.Шомбалов түрмеде 1940 жылы қайтыс болады. Оған тағылған айып тек 1990 жылы жақын туысы Абиль Ташевтің жинақтаған құжаттарының арқасында ғана жазықсыз деп танылды.

Кеңес өкіметі өзінің алғашқы күндерінен бастап, еңбекшілердің денсаулығын сақтау мәселесін басты міндеттердің бірі ретінде алға қойды. Бұл бағытта талай-талай маңызды ауқымды шаралар жүзеге асырылды. Ал ғасырлар бойы жұртты жусатып келген оба, сүзек, шешек, безгек ауруларының

біздің елімізде қазір мүлде жойылуы Кеңес дәрігерлерінің қажырлы еңбегінің арқасында мүмкін болды.

Бүгінгі медицина -кең өріс алып, дамыған ғылым саласының бірі. Соңғы екі-үш ұрпақтың көз алдында медицина тез тарайтын індетті аурулардың көпшілігінің құпия сырын ашып, сан миллиондаған адамдардың өмірін қауіптен құтқарып отыр. Антибиотиктерді табу, оны кең пайдалану медицинадағы өте маңызды құбылыстардың бірі болды.

Атырау өңірінің ХХ ғасыр басындағы алғашқы қазақ дәрігерлері медициналық қызмет көрсетудің негізін қалап, халықтың денсаулығын жақсартуға елеулі үлес қосты. Олардың қажырлы еңбегі мен табандылығы қазіргі заманғы медицинаның дамуына жол ашты. Бұл зерттеу олардың еңбегін бағалап, болашақ ұрпаққа үлгі етуге бағытталған маңызды қадам болып табылады. Бар саналы ғұмырларын өз халқына адал қызмет етуге арнаған ұлт зиялылары өзінің дәрігерлік мамандығымен өмірінің соңына дейін халыққа, туған еліне қызмет етіп, дәрігерлік істің дамуына, халықтың жағдайының сауығуына көптеген еңбек сіңірді. Олардың еңбегі мен ерлігі қазіргі және болашақ ұрпақ үшін үлгі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 ҚР ОМА, 693-қор, 1- тізбе, 13-іс, 7-8 п.
- 2 ҚР ОМА, 14-қор, 3-тізбе, 6- іс, 757-758-п.
- 3 Атырау облысы тарихи өлкетану музейі, ғылыми қор бөлімі (қор НҚ-16684/1).
- 4 Атырау облысы тарихи өлкетану музейі, ғылыми қор бөлімі (қор НҚ-16683/1-10).
- 5 Атырау облысы тарихи өлкетану музейі, ғылыми қор бөлімі (қор НҚ-589, 1-5. П-33).
- 6 Ордабеков С. Алғашқы Дәрігер // «Ақиқат» газеті, 30.10.2020.
- 7 Жолжанов М. Первый фельдшер // Газета «Прикаспийская коммуна», 18.02.1992 г.
- 8 Шәңгереев Ғ., Жанбала Ө. Атырау медицинасының шежіресі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 303 б.
- 9 Дауенов Ш. Знатные люди моего аула // Газета «Прикаспийская коммуна», 26.01.1999 г.
- 10 Крамчанинов Н.Ф. Вопросы истории медицины и здравоохранения Казахстана, Россия (XVIII-XX вв.). – Алматы: Глобус, 2020.
- 11 Қамиева Н. Бөкей ордасынан шыққан тұңғыш эпидемиолог // «Сахара» газеті, 24 шілде, 2014 ж.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ
NATURAL SCIENCE

ГТАМР 87.24.33

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА ЛАСТАНУЫНЫҢ БАЛАЛАР ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Ж.Б. Ғатиатова

Магистрант, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ.

Г.Е. Садыканова

Профессор, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ.

Бұл мақалада атмосфералық ауаның ластануы мен оның балалар денсаулығына тигізетін әсері қарастырылады. Ауа сапасының нашарлауы – қазіргі кездегі ең өзекті экологиялық проблемалардың бірі болып табылады. Балалар ағзасы сыртқы орта факторларына аса сезімтал болғандықтан, ауадағы ластаушы заттар олардың тыныс алу, иммундық және жүйке жүйелеріне кері әсерін тигізеді. Зерттеулерге сүйене отырып, мақалада ірі қалаларда балалар арасында тыныс алу аурулары, аллергиялық реакциялар мен дамудың тежелуі сияқты жағдайлардың жиілеуі атап өтілген. Балалардың аурушандығының артуы мен қоршаған ортаның ластануы арасындағы байланыс, ластаушы көздердің әсер ету механизмдері, сондай-ақ алдын алу шаралары мен ұсыныстар сипатталады.

Жұмыс балалардың денсаулығын сақтау үшін экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ауа сапасын бақылау және алдын алу шараларының маңыздылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: атмосфералық ауа, балалар денсаулығы, ауыр металдар, техногендік жүктеме, аллергиялық аурулар.

Ауаның ластануы – адам денсаулығы мен қоршаған ортаға елеулі токсикологиялық әсер ететін соңғы онжылдықтағы басты мәселелердің бірі. Ластаушы көздер темекі мен табиғи көздердің аз мөлшерінен бастап, автомобиль қозғалтқыштары мен өндірістік қызметтің үлкен шығарындыларына дейін түрленеді. Ауа ластануының респираторлық инфекциялар мен қабынулар, жүрек-қан тамырлары аурулары және қатерлі ісік сияқты аурулардың пайда болуына ұзақ мерзімді әсері кеңінен зерттелген, соның салдарынан ауаның ластануы дүние жүзінде жыл сайын миллиондаған өлім-жітім жағдайларының тіркелуіне бірден-бір себеп болып отыр. Осыған сәйкес, балалар ағзасының даму үйлесімділігінің бұзылуын атмосфералық ластанудың қолайсыз әсерінің нәтижесі ретінде қарастыруға болады [1].

Ересектерге қарағанда балаларда тыныс алу процесі жылдам жүреді, олар физикалық белсенділікпен айналысу барысында ластанған ортада, яғни далада көбірек уақыт өткізеді – бұл олардың ауаны ластаушы заттармен әрекеттесуі салдарынан болатын кері әсерлерді арттырады. Балалардың атмосфераға сезімталдығы мен бейімделуі анасының құрсағында жатқанда басталуы мүмкін.

Әсіресе, эндокриндік, репродуктивті, иммундық, көру немесе жүйке жүйелерінің даму кезеңдерінде ана құрсағындағы ұрық қоршаған орта жағдайына ерекше сезімтал болып келеді және осы "сезімталдық терезесіне" факторлардың әсерінің салдары, баланың болашақтағы денсаулық жағдайына әсер етуі мүмкін. Мәселен, респираторлық аурулар – ауа ластануының балалар денсаулығына тигізетін әсерінен болатын ең көп кездесетін клиникалық көрініс. Дегенмен, ауаның ластануы балалардың денсаулығына әртүрлі жолдармен зиян келтіретіні туралы нақты негізделген дәлелдер бар. Балалардың жалпы аурушандық құрылымында аллергиялық аурулардың үлесі жоғары [3].

Туылғанға дейін атмосфералық ауа ластануы әсері жүктілік кезінде құрсақішілік өсу мен дамудың тежелуін арттырады («гестациялық жасынан кіші» деп аталатын жағдай), нәрестенің салмағы аз болады, сонымен қатар мерзімінен бұрын босану қаупі туындайды. Мұның бәрі кейінгі өмірде әртүрлі денсаулық мәселелерінің пайда болуы себептері мен оның салдарын арттыруы мүмкін. Айқын дәлелдемелер болмаса да, өздігінен түсік тастау және өлі туылу фактілері қаупінің артуын, ауадағы қатты бөлшектер мөлшерімен байланыстырады. Баланың денесі анағұрлым сезімтал, өзіне тән анатофизиологиялық сипаттамалары, өсудің сыни кезеңдеріндегі даму ерекшеліктері бар [4]. Нақты эпидемиологиялық дәлелдерге қарамастан, ауаның ластануымен байланысты пренатальды қауіптердің көпшілігінің биологиялық механизмдері толық түсіндірілмеген. Ауаның ластануы тыныс алу жолдарының обструктивті ауруларына әкеледі, атап айтқанда кеуде қуысының дамуында өзгерістер, иық буыны қызметінің бұзылысы, мойын қисаюын тудырады, нәтижесінде иық пен мойын ауруы, алға қарай бүкірею, тепе-теңдік сақтай алмау пайда болады, омыртқаның мұндай проблемалары ересек жасына келгенде ауру мен өлім санының жоғарылауына әкеледі. Аллергиялық респираторлық аурулар бүкіл әлемде денсаулық сақтаудың негізгі психо-элеуметтік-экономикалық жүктемесін көтеретін ең ерте жұқпалы емес аурулар болып табылады. Денсаулыққа қауіп пен зиянды зерттеуді ұштастыру "қоршаған орта – денсаулық" жүйесіндегі тәуелділіктер туралы жаңа білімді қалыптастыра отырып, халықтың қауіпсіздігі мен санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы іс-қимылдарды түзетуге мүмкіндік береді [5].

Сонымен қатар, туылғаннан кейін де атмосфералық ауаның ластануы балалар денсаулығына жағымсыз әсерлердің бірнеше түрінің қаупін арттырады. Мысалы, бұл балалардағы респираторлық инфекциялар қаупінің артуы, соның ішінде төменгі тыныс жолдарының жедел инфекциясы, пневмония, жоғарғы тыныс жолдарының инфекциясы және отит медиасы (құлақ инфекциясы).

Ауаның ластануының қысқа мерзімді әсері аллергияны, соның ішінде балалардағы аллергиялық ринитті (мұрыннан су ағу), экземаны және конъюнктивитті (көздің қышуы) күшейтуі мүмкін. Қоршаған орта ауасының ластануы балалардағы өкпе қызметі мен өкпенің дамуына да, әсіресе озон және азот диоксиді (NO₂) қысқа мерзімде және ұсақ бөлшектер (PM) ұзақ мерзімді перспективада әсер етеді. Бұл әсерді дені сау балаларда да, ластану салдарынан жағдайы нашарлауы мүмкін демікпесі бар балаларда да байқауға болады [6].

Демікпе мен астма тәрізді белгілердің дамуы көрінісі ауа ластануының ұзақ уақыт әсер етуімен айқын байланысты. Бұл эпидемиологиялық зерттеулерде де, дәл осы әсердің механизмдері зерттелген және расталған зертханалық жағдайларда да байқалды. Демікпе белгілері жеңілден өте ауырға дейін көрініс табады, тіпті өмірге қауіп төнуі мүмкін жағдайлар кездеседі. Ауаның ластану деңгейінің қысқа мерзімді жоғарылауы балаларды демікпемен ауруханаға жатқызу және жедел жәрдем қызметіне жүгіну жағдайларының санын арттырады. Атмосфералық ауаның ластануы балалардың денсаулығына қатысты басқа да мәселелермен байланысты болуы мүмкін. Мысалы, ауаның ластануы балалардың миының дамуына әсер ететіні, когнитивті бұзылуларға ықпал ететіні және аутизм спектрінің бұзылуының кейбір түрлерінің дамуында рөл атқаруы мүмкін екендігі туралы дәлелдер көбейіп келеді. Кейбір зерттеулер бензол маңызды рөл атқаратын көлік қозғалысы салдарынан ауаның салдарынан балалардағы лейкемия арасындағы байланысты атап өтеді.

Атмосфералық ауа қабатына ұсақ бөлшектер әртүрлі табиғи және антропогендік көздерден шығарылады және оның кеңістіктік-уақыттық өзгерістері метеорологиялық жағдай мен топографияға байланысты. Өкпенің созылмалы обструктивті аурулары (ӨСОА), жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА), инсульт, өкпе рагы, қант диабеті және PM әсерінен туындаған төменгі тыныс жолдарының жедел инфекциялары сияқты аурулардан болатын өлім мен сырқаттанушылықты көрсететін зерттеулер негізінен дамыған елдер қатарымен ғана шектеледі. Бұл мәселені шешуде жалпы қоршаған орта ауасының ластануын, тұрғын үй ауасының ластануын, пассивті және белсенді темекі шегуді жалпылама қамтитын экспозицияларды қосу арқылы тәуекелдерді бағалау үшін біріктірілген «экспозиция – реакция» (IER) функциясы енгізілуі керек. Бұл тәуекел функциясы әлемнің әртүрлі елдеріндегі ауаның ластануынан туындаған аурулардың жүктемесін салыстырмалы бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, балалар мен ересектердің денсаулығын қалыптастыру – бұл техногендік экологиялық және әлеуметтік тіршілік орталары факторларының жиынтық әсерінен жүзеге асырылатын күрделі процесс [2].

Балалар мен жасөспірімдер ағзасына ауаны ластаушы заттардың әсері, ішінара ересектер ағзасына ластаушы заттардың тигізетін әсерімен сәйкес келгенімен, кейбір жағдайда ерекшеленуі мүмкін. Балалар ағзасы ауа ластануының әсеріне анасының құрсағында жатқан кезеңнен бастап-ақ ұшырауы мүмкін, ал туылғаннан кейін олар, әдетте, балаларға арналған орталарда ауа ластануының әсеріне тап болады:

- мектептер мен балабақшалар аумағындағы ашық ауада;

- ішкі ауа сапасы төмен сынып бөлмелерінде;
- мектептегі немесе сыныптан тыс іс-шаралар барысында.

Сондай-ақ ауада шаң, түтін, күйе, тұман, газ түріндегі ластаушы заттар, көмірсутектер, ұшпа органикалық қосылыстар (VOC), полициклді хош иісті көмірсутектер (PAH) және галоген туындылары сияқты көптеген қалқымалы ластаушы заттар бар, олардың жоғары концентрациясы әсерінен адам ағзасы көптеген ауруларға осалдық танытады, соның ішінде қатерлі ісікке дейін жеткізетін жағдайларда кездеседі. Жылы мезгілде ауа аз алмасатынына байланысты атмосферадағы улы заттардың концентрациясы артып, азот диоксидінің қатысуымен формальдегидтің уыттылығы артады, бұл мәселеге тағы бір себеп ретінде осы кезеңде көлік санының артуын да айтуға болады [6].

Сонымен қатар, SO_2 жоғары концентрациясының әсерінен ағзада туындайтын мәселелерге тыныс алу жолдарының тітіркенуі мен дисфункциясы, сондай-ақ жүрек-қан тамырлары ауруларының өршуі жатады. SO_2 негізінен ағзаға жоғарғы тыныс жолдарында сіңеді. Сенсорлық тітіркендіргіш ретінде ол балаларда бронхоспазм мен шырыш секрециясын тудыруы мүмкін. Индустиралды дамыған өңірлердің тұрғындары арасында ластанған атмосфералық ауадағы SO_2 -нің төмен концентрациясына (<1 ppm) қарамастан, бронхиттің жоғары деңгейі кездеседі. SO_2 -нің жоғары мөлшері өкпеге мұрынмен тыныс алу жағдайымен салыстырғанда ауызбен тыныс алу кезінде көбірек енеді. Терең және жылдам тыныс алу кезінде ауа ағынының жоғарылауы газдардың өкпенің терең бөліктеріне дейін енуін күшейтеді. Сондықтан ластанған ауа жағдайында спортпен айналысатын балалар мен жасөспірімдер тыныс алу кезінде SO_2 -нің көбірек мөлшерін жұтады және соған сәйкес, өкпенің қатты тітіркенуінен ағза зардап шегуі мүмкін. Тыныс алу жолдарына түскен SO_2 беткі шырышты қабаттағы сұйықтықта сульфит немесе бисульфит түрінде еріп, бүкіл денеге оңай таралады. Сульфит тыныс алу жолдарындағы сенсорлық рецепторлармен әрекеттесіп бронхоконстрикцияны (бронх тарылуы) тудырады. Ауаның ластануы ұл балаларда қозғалыс шапшаңдығын, ал қыздарда шапшаңдықты, икемділікті, үйлестіру қабілетін, аэробтық өнімділігін төмендетеді (оттегін максималды тұтынуы, мл/мин/кг) [5].

Жөтел және ентігу азот оксидтерінің уытты әсері себебінен ең көп таралған асқынулар болып табылады, бірақ сонымен бірге көздің, мұрынның немесе тамақтың тітіркенуі, бас ауруы, ентігу, кеуде ауыруы, диафорез, лихорадка, бронхоспазм және өкпе ісінуі де көрініс табуы мүмкін. Атмосфералық ауа әсерінен көбінесе айқын белгілері білінбейтін созылмалы аурулар туындайды.

Ол дененің әртүрлі бөліктеріне, соның ішінде жүрек-қан тамырлары, бүйрек және репродуктивті жүйелерге әсер етуі мүмкін, бірақ уыттылықтың негізгі нысанасы жүйке жүйесін зақымдау болып табылады. Атмосфералық ауаны ластайтын заттар, әсіресе қатты заттар, шаң, O_3 және бензол сияқты басқа химиялық заттар тыныс алу жолдарына өте ауыр зақым келтіреді. Ауаны ластаушы заттардың жүйке жүйесіне уытты әсері неврологиялық асқынулар мен психикалық бұзылуларды қамтиды. Неврологиялық бұзылулар, әсіресе

нәрестелерде қатерлі салдарға әкелуі мүмкін. Психикалық бұзылулар, керісінше, агрессия мен қоғамға қарсы мінез-құлықты тудырады. Бұл лақтаушы заттардың кейбіреулері гепатоканцерогендер болып табылады.

Эндокриндік жүйенің лақтаушы заттардың химиялық компоненттері әсерінен бұзылыстары аутизм немесе басқа неврологиялық бұзылулардың дамуының мүмкін механикалық жолы ретінде сипатталады.

Көз ауадағы қалқымалы лақтаушы заттардың, тіпті тұрмыстық ауа ластануының кері әсеріне жиі ұшырайтын осал орган. Ауа ластануының көзге клиникалық әсерінен асимптоматикалық көз проблемаларынан бастап құрғақ көз синдромына дейін туындауы мүмкін. Ауаны ластануының созылмалы әсері ретинопатияның даму қаупін және көзге байланысты жағымсыз салдардың даму қаупін арттырады.

Өз кезегінде, Қазақстанда ауаның ластануын төмендетудің уақытша, бірақ тұрақты жүргізіле бермейтін бірқатар стратегиялар қарастырылған. Мысалы, жанармай бағасын көтеру, қаланың айналасында және ішінде ағаш отырғызу, ескі көліктерді заманауи көліктерге ауыстыру, жол салығын көтеру және автокөліктерді сақтандыру ауаны лақтаушы заттардың мөлшерін азайтуы мүмкін, бірақ олардың мөлшерін тұрақты ұстау немесе оңтайландыру үшін бұл стратегияларды үзбей жалғастыру қажет. Мүмкіндігінше автомобильдерге арналған отынды стандарттау, сондай-ақ қозғалтқыштар үшін жаңа энергия көздерін іздеп табу және қолдану мәселелеріне баса назар аудару қажет. Шығарындылардың көп бөлігі автомобильдерден, әсіресе дизель мен бензинді пайдаланатын түрлерінен шығарылады. Сондай – ақ ауа сапасының тұрақты мониторингі, лақтаушы заттардың концентрациясын тұрақты түрде анықтау құралдарын әзірлеу және дамыту, бөлшектердің шығу ошағын іздеу және дизельді қозғалтқыштар мен басқа да жол талғамайтын көліктер үшін күйе сүзгілерін (сажевые фильтры) пайдалану ауаның ластануын азайтудың басқа да практикалық тәсілдері болып табылады.

Ұсынылған барлық стратегиялар арасындағы тепе-теңдікті сақтау және әр жоспарды барлық аспектілер тұрғысынан талқылау маңызды. Осы бақылаушы стратегиялардың әрқайсысы бір-біріне, сол арқылы жалпы қоғамға әсерін тигізеді.

Ауа ластануы мәселесін шешудегі ең дұрыс, оңтайлы жолы – бұл бақылау саясатының нәтижесінде қоғамға қосымша мәселелердің жүктелмеуі. Сондықтан тиісті бақылау саясаты атмосфераға шығарылған лақтаушы заттардың әрбір бірлігі үшін айыппұлдар тағайындауы керек.

Бірқатар ғалымдардың еңбектерінде түрлі-түсті металлургия кәсіпорындары орналасқан қалаларда қоршаған орта ластануының қолайсыз әсері салдарынан, қала тұрғындарының денсаулық сапасы көрсеткіштерінің нашарлауы туралы мәліметтер қамтылған. Табиғи ортаның ластануы мен аллергиялық, бронхопульмональды, жүрек-қан тамырлары патологиясының, сондай-ақ морфологиялық және жүйке-психикалық бұзылыстары нәтижесінде ауруға шалдығу санының көбеюі арасындағы тікелей байланысты айқындайтын дәлелді материалдар ұсынылған [2, 4].

Химиялық ластаушы заттар балалар мен жасөспірімдердің әлі даму кезеңдері толық аяқтала қоймаған, сезімталдығы жоғары ағзасына аса қауіпті болып табылады. Балалар – бұл аймақтың экологиялық әл-ауқатының дәрежесін анықтайтын барометрдің бір түрі, балалар денсаулығының көрсеткіштері негізгі медициналық-әлеуметтік критерий ретінде қарастырылады [1].

Балалар мен жасөспірімдер денсаулығына шартты түрде әсер ететін факторлардың бірнеше тобын атап көрсетуге болады: биологиялық, әлеуметтік-гигиеналық, мінез-құлық және экологиялық. Осы факторлардың барлығы әсер ету барысында өзара күрделі әрекеттесе отырып, белгілі бір жағдайларда тұқым қуалайтын, мінез-құлықтық немесе әлеуметтік анықтаушы бола табылады. Қоршаған ортаның ластануы 20%-ды және табиғи-климаттық жағдайлардың үлесі 10%-ды құрайтыны анықталды [3, 5].

Техногендік жүктемелердің аса ауыр мөлшеріне ұшыраған ортада тұратын балалар денсаулық жағдайының төмен көрсеткіштеріне ие. Осылайша, даусыз аксиома дәлелденеді – қоршаған орта жағдайы мен балалар тобының денсаулық көрсеткіштері бір-бірімен тығыз байланысты [1, 6].

Өндірістік қызмет нәтижесінде түсті металлургия кәсіпорындары өздерінің орналасқан аудандарында экологиялық жағдайдың қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді, ал кейбір жағдайларда олар толығымен индикатор қызметін атқарады. Түсті металлургия кәсіпорындары ауасын ластаушы заттар негізінен күкіртті ангидрид, көміртегі оксиді және құрамында улы, ауыр металдар бар шаң шығарындылары тобымен сипатталады. Әсіресе, ауыр металдар балалар денсаулығына айтарлықтай әсер ететін қоршаған орта факторлары қатарына жатады.

Ауыр металдар – өндірістік қалаларда қоршаған ортаны токсикологиялық бағалау және халық денсаулығына, ең алдымен балалар денсаулығына әсері бойынша көміртегі оксидтері, азот диоксидтері, күкірт, мұнай өнімдері, фотохимиялық тотықтырғыштар сияқты кең таралған ластаушы заттарға қарағанда жетекші орын алады [2]. Металдармен қарқынды ластанған қалаларда балалардың иммунобиологиялық реактивтілігінің төмендеуі экологиялық қолайсыздықтың маңызды биомаркері ретінде қызмет етеді.

Дәлелденгендей, жас балаларда (6 жасқа дейін) гигиеналық дағдылардың жеткіліксіздігіне байланысты уытты заттарды қабылдаудың алиментарлық жолы басым. Жасы ұлғайған сайын тыныс алу жолы арқылы зақымдану басым бола бастайды [5]. Тыныс алу жолында ұсталатын қорғасынның мөлшері оның дисперсиясы мен тыныс алу жиілігіне байланысты екендігі эксперименталды түрде анықталды. Тыныштық күйінде бұл металдың ең көп мөлшері бөлшектердің көлемі 1 мкм болғанда ұсталады, ал ең азы – 0,1 мкм болғанда. Ірі бөлшектер жоғарғы тыныс алу бөлімдерінде тұнып, жұтылады, ал ұсақ бөлшектер өкпеге дейін жетеді. Қорғасынның көп бөлігі асқазан-ішек жолдары арқылы шығарылады, сондықтан оның максималды мөлшері нәжісте болады. Қорғасынның енді бір бөлігі несеппен және шашпен шығарылады. Қанға түскен қорғасынның барлығы дерлік эритроциттерге сіңіп, сүйектерге жиналады.

Сүйектен қорғасынның жартылай шығарылу уақыты 27 жыл. Қорғасынның адам ағзасына әсері балалық шақта әсер етуден кейін 15-20 жыл бойы жалғасады [6, 7].

Атмосфералық ауа құрамындағы қорғасын концентрациясының жоғарылауы репродуктивті жүйе, жүйке жүйесі, жүрек-қан тамырлары жүйесі, иммундық және эндокриндік жүйелердің қызметінің бірқатар теріс өзгерістеріне әкелетіні дәлелденді. Оның уытты әсері бүйректің функционалдық күйінің өзгеруінен, гемоглобин негізі – гем синтезінен, тотығу метаболизмі мен энергия алмасу процестерінен көрінеді [1, 8].

Қорғасын ана құрсағында плацентарлы тосқауыл арқылы өтіп, денеде жиналады, сондықтан қорғасынның адам ағзасына әсерін нақтылау үшін балалардың денсаулық көрсеткіштерін бағалау ерекше маңызды. Қазіргі уақытта Ресейдің көптеген аймақтарында кездесетін темір, кальций және мырыш сияқты минералдардың жетіспеушілігі жағдайында балалар ағзасында қорғасынның белсенді сіңуі байқалады [8].

Ал жүкті әйелдер ағзасына қорғасынның әсері өздігінен түсік тастау, мерзімінен бұрын босану жиілігінің жоғарылауы сияқты патологиялық жағдайлар түрінде көрінеді. V.H. Borgia-Abuzto et al. (1999) зерттеу жұмысында әрбір 5 мкг/дл үшін қандағы қорғасынның шекті шамадан асуы өздігінен түсік тастаудың жоғарылауына әкелетіні көрсетілген. Сонымен қатар, қорғасын және оның қосылыстарымен өндірістік байланысы бар ерлердің репродуктивті денсаулығына да әсер ететінін қосқан жөн. Ерлер популяциясында сперматогенездің бұзылуы, либидо, тестостерон деңгейінің төмендеуі және жыныстық функция көрсеткіштерінің бұзылуы анықталды, бұл өз кезегінде бедеулік мәселелеріне әкеліп соғуы мүмкін [1, 4].

Бірқатар авторлар ауа құрамындағы қорғасынның жоғары мөлшеріне ұшыраған жас балаларда анықталған неврологиялық ауытқуларды сипаттайды. Олардың психомоторлық реакцияларының өзгеруі ластанған жермен байланыста болған саусақтар мен ойыншықтарды жалау нәтижесінде ағзада қорғасынның көбеюімен байланысты. Мектеп жасындағы балаларда психикалық даму көрсеткішінің (IQ) өзгерістері сипатталады, сонымен қатар қозғалыс белсенділігі, қозғалыс координациясы, көру және есту-моторлық реакцияларының нашарлануы, есту қабылдау және есте сақтау қабілетінің төмендеуі байқалады. Мектеп жасына дейінгі балалардың 100 мл қанында қорғасынның 1 мкг-ға артуы баланың интеллектуалды дамуының 1/4-1/2 баллға төмендеуіне әкеледі, ал қорғасын әсерінің теріс салдары ағзада 10 жыл өткен соң да сақталады [2, 3].

Ластанған аймақтарда тұратын балаларда, қорғасынның кері әсерінен зәр шығару жүйесі де зардап шегеді. 1995 жылы М.В. Нежданова жүргізген балалардағы зәр шығару жүйесі ауруларының дамуының 42 түрлі қауіп факторларын салыстыру экологиялық қолайсыз ауданда зауытқа немесе автомобиль жолына жақын тұрудың үлкен маңызға ие екенін көрсетті. Бүйрек функциясының бірқатар бұзылыстары Санкт-Петербургтегі аккумулятор зауытының жанында тұратын балаларда да анықталды. Онда зәрдегі

оксалаттардың көбеюі және оның физика-химиялық қасиеттерінің өзгеруін көрсетілген [3]. Қандағы қорғасын мөлшері жоғары балаларда (100 мл қанда 20 мкг-нан артық) жүрек-қантамыр жүйесінің кейбір функционалдық өзгерістері, атап айтқанда, жүректің жиырылу функциясының төмендеуі анықталды [8, 10].

О.Л. Малых (2002) көрсеткендей, Красноуральскіде қаланы абаттандыру бойынша жұмыстарды жүзеге асыру (ойын алаңдарындағы ластанған құмды ауыстыру, көшелерді жүйелі тазалау және т.б.) және халықты алдын алу шараларына үйрету нәтижесінде балалардағы қандағы қорғасын мөлшері 2 есеге жуық төмендеді [10]. Соңғы 20 жылда Ресейде жүргізілген алты мыңнан астам нәресте шашының үлгілерін зерттеу қорғасынның ең жоғары жинақталу деңгейі металлургиялық және аккумуляторлық өндірістерге жақын жерлерде байқалатынын анықтады [3]. Ауыр металдардың жалпы қасиеті – олардың адамның иммундық жүйесіне әсері, әсіресе балалық шақта көбірек байқалады.

Атмосферада ондаған және жүздеген әртүрлі заттар мен қосылыстар жиналып, одан да улы заттарға айналуы мүмкін. Әрбір компонент ағзаға салыстырмалы түрде аз мөлшерде әсер еткенімен, олардың жиынтық әсері неғұрлым айқын жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

Отандық және шетелдік авторлар өнеркәсіптік дамыған қалаларда ауаның қарқынды ластануы өкпенің обструктивті ауруларының өсуіне және бронх өткізгіштігінің нашарлауына ықпал ететіндігін дәлелдеді. Балалар арасында тыныс алу органдарының сырқаттану деңгейі металлургия өнеркәсіптерінің орталығы саналатын қалаларда, ауа массасы аса қатты ластанбаған аудандардың көрсеткіштерінен едәуір (2-3 есеге дейін) жоғары [2, 5].

Көп факторлы корреляциялық талдауды қолдану негізінде бірқатар авторлар қалаларда атмосфералық ауаның антропогендік ластануы мен балалар тобының тыныс алу жүйесі ауруларымен сырқаттануы арасындағы айқын, дәлелді байланысты анықтады [4, 9].

Соңғы жылдары бірқатар зерттеу жұмыстарында қалалық елді мекендер ауасының қарқынды ластануы жағдайында тұратын балаларда жүрек-қантамыр жүйесінің функционалдық резервінің төмендеу заңдылықтары сипатталды. Ластаушы заттар жасушалық тыныс алудың бұзылуы нәтижесінде жүрек бұлшықет жасушаларының тіндік гипоксиясын тудыруы мүмкін. Метаболизмдік бұзылулар миокардтың дистрофиялық өзгеруіне және жүрек функциясының бұзылуына әкелуі мүмкін. Осылайша функционалдық бұзылулар мен жүрек-қан тамырлары ауруларының жоғары деңгейін айқындалады [3].

Аталған зерттеулерге сәйкес химиялық агенттермен ауаның ластануының балалардағы аллергиялық аурулардың дамуына әсерін анықтау үшін, атмосфералық ауаның ластану дәрежесі мен сипаты әртүрлі аудандарда тұратын балалар популяциясының өкілдік топтарына эпидемиологиялық зерттеулер жүргізілді. Балалардағы аллергиялық аурулардың таралуының өсуі және олардың ағымының ауырлық деңгейі көбінесе химиялық заттардың (поллютанттардың) бала ағзасында таралуына байланысты екендігі дәлелденді [9].

Қорытындылай келе, қазіргі кезде қалалардағы атмосфералық ауа қабатының ластануы үлкен мәселе болып табылады, өйткені ластаушы заттар ошақтары жылдан-жылға көбейіп, тұрғындар көп шоғырланған қала және аудан орталықтарына айтарлықтай әсерін тигізуде. Ауаның ластану көздері антропогендік, яғни, өнеркәсіптік белсенділік пен жол қозғалысы сияқты адам еңбегі нәтижесінде немесе табиғи, яғни химиялық реакциялар, эрозия және басқа құбылыстар әсерінен туындауы мүмкін. Ластанудың негізгі эпизодтарының көпшілігі, көп жағдайда ластаушы заттардың шамадан тыс мөлшері мен қолайсыз метеорологиялық жағдайлардың үйлесімі нәтижесінде қалалық елді мекендерде орын алады. Бұл ластаушы заттардың түпкі себебін түсінудің іргелі параметрі, өйткені химиялық реакциялардың басым бөлігі атмосфералық ауа қабатында жүреді, сонымен қатар атмосфера ластаушы заттардың тасымалдану және таралу ортасы болып табылады. Осы себепті атмосфераның ластаушы заттарды тарату және тасымалдау қабілеті туралы білу маңызды. Балалар мен жасөспірімдер тобын тәуекел тобына жатқызамыз, өйткені олардың тыныс алу жүйесі әлі толық даму сатысын аяқтамаған және осы кезеңде тыныс алу жолдары иммундық жүйе сияқты сезімтал әрі әлсіз болады. Сонымен қатар, балалар ашық ауада ойнап, дене белсенділігімен айналысқандықтан, олар ересектерге қарағанда дене салмағына шаққанда көбірек ауа жұтады.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржыландыруымен жүзеге асырылған AP23489325 нөмірлі жоба аясында жүргізілген зерттеу негізінде дайындалды.

Қолданылған әдебиеттер

1 Голиков Р.А. и др. Влияние загрязнения окружающей среды на здоровье населения (обзор литературы) // Научное обозрение. Медицинские науки. – 2017. – №. 5. – С. 20-31.

2 Кирюшин В.А. и др. Влияние загрязнений атмосферного воздуха на частоту врожденных пороков развития (на примере региона) // Российский медико-биологический вестник имени академика ИП Павлова. – 2023. – Т. 31. – №. 1. – С. 29-36.

3 Хайдаров А. и др. Загрязнение окружающей среды и ее негативное воздействие на здоровье детского населения // Стоматология. – 2017. – Т. 1. – №. 4 (69). – С. 8-11.

4 Наимова З.С. Влияние Выбросов Химического Производства На Состояние Здоровья Детей И Подростков // Research Journal of Trauma and Disability Studies. – 2024. – Т. 3. – №. 11. – С. 65-75.

5 Михеева К.А. Влияние загрязнения окружающей среды на младенческую заболеваемость промышленного мегаполиса (на примере г. Екатеринбурга): дис. – 2016.

6 Пепина Л.А., Созонтова А.Н. Загрязнение атмосферного воздуха автомобильно-дорожным комплексом // Alfabuild. – 2017. – №. 1. – С. 99-110.

7 Митусова В.Е., Ненахов И.Г., Механтьев И.И. Гигиеническая оценка факторов риска здоровью детей, обусловленных техногенным загрязнением атмосферного воздуха //Фундаментальные и прикладные аспекты анализа риска здоровью населения. – 2018. – С. 56-62.

8 Тойчуева Г., Маматкулова А., Жилова Л. Влияние загрязнения окружающей среды свинцом на особенности структуры заболеваемости у детей и школьников // ТОМ–III. – 2019. – С. 276.

9 Kurt O.K., Zhang J., Pinkerton K.E. Pulmonary health effects of air pollution //Current opinion in pulmonary medicine. – 2016. – Т. 22. – №. 2. – С. 138-143.

10 Sram R.J. et al. The impact of air pollution to central nervous system in children and adults //Neuroendocrinology Letters. – 2017. – Т. 38. – №. 6. – С. 389-396.

ҒТАМР: 34.01.45

БИОЛОГИЯ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Н.Н. Шаяхмет

Магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Г.У. Байташева

*Ғылыми жетекші, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ.*

Берілген мақалада ХХІ ғасырдың өзекті мәселелерінің бірі – тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) білім беру жүйесіне, соның ішінде биология пәні арқылы интеграциялау жолдары талданады. Биология пәні – экологиялық сана мен тұрақты даму құндылықтарын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын маңызды құрал ретінде қарастырылған. Тұрақты даму қағидаларын биология сабақтарындағы экожүйе, климат, су ресурстары, адам денсаулығы сияқты тақырыптармен байланыстыра отырып, жобалық оқыту, цифрлық технологиялар, геймификация және пәнаралық интеграция сынды әдістердің оқу үдерісіндегі артықшылықтарымен сипатталады. Сонымен қатар, мақалада білім алушылардың белсенділігін арттыру, экологиялық ойлауды дамыту, пәнаралық байланысты күшейту және нақты тәжірибеге негізделген оқытудың маңыздылығы ерекше атап өтіледі.

Түйін сөздер: тұрақты даму мақсаттары, пәндік интеграция, экологиялық сана, жобалық оқыту, геймификация, цифрлық білім беру, ТДБ (Тұрақты Даму Білімі).

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) пәндік интеграциялау маңызды міндетке айналғаны бәрімізге белгілі. Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) – қоршаған ортаны қорғау, экономикалық тұрақтылық және әлеуметтік әділеттілік мәселелерін қамтитын жаһандық бағдарлама. ХХІ ғасырда білім беру жүйесіне тұрақты даму тұжырымдамасын енгізу – жаһандық сын-қатерлерге жауап беру құралы деп білімен. Қазақстан БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) өз мемлекеттік стратегиясына енгізіп, білім беруде Тұрақты Даму Білімі (ТДБ) алатын ролін жоғары бағалауда. ТДБ-ның мақсаты – оқушыларға әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардың өзара әрекетін түсіндіріп, өз ісінің нәтижелеріне жауап беруге үйрету. UNESCO мәліметі бойынша, білім жүйесі 21-ғасыр талаптарына сай тұрақты және инклюзивті өсуді қамтамасыз ететін құндылықтар мен дағдыларды

қалыптастыруы тиіс. Яғни, білім беру сапасын арттыру – тұрақты дамудың негізгі факторы, сондықтан білім саласында тәрбие мен оқытудың интеграциясы қоғамның, әсіресе жас ұрпақтың экологиялық санасы мен жауапкершілігін қалыптастырудың кілті ретінде қарастырылады. Тұрақты даму тұжырымдамасы алғаш рет БҰҰ-ның 1987 жылғы Брундтланд баяндамасында: «болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетін шектемей, қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін өтеу» деп анықтаған. Осы контексте ТДБ жаңа буынның климаттық өзгерістер, қоршаған ортаны ластану, азық-түлік қауіпсіздігі сияқты күрделі мәселелерге белсенді араласуына ықпал етеді. Қазақстанда «Тұрақты даму тұжырымдамасына көшу тұжырымдамасы (2007-2024)» сынды мемлекеттік құжаттар қабылданып, білім беру мазмұны ТДБ принциптерімен қайта қаралып келеді. Мысалы, білім беру бағдарламаларына экологиялық білім беру элементтері енгізіліп, курстар жанартылып отыр. Осыған орай, биология пәні арқылы тұрақты даму мақсаттарын оқыту – елдің бәсекеге қабілетті, экологиялық мәдениетті, ғылыммен байланысын нығайтқан жаңа буын тәрбиелеудің маңызды бөлігі болып табылады. Биология – тірі ағзалардың құрылысы мен тіршілігін ғана емес, олардың қоршаған ортаға қалай әсер ететінін түсіндіретін ғылым болғандықтан, биология сабақтарындағы экология, эволюция, адам ағзасы, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігі сияқты тақырыптар тұрақты даму мақсаттарымен тығыз байланысты. Осы сабақтарды өту барысында кейбір тақырыптарына ТДМ интеграциялау мүмкіндіктерін қарастыра болсақ (Кесте 1).

Кесте 1. Биология пәнінің кейбір тақырыптарына ТДМ интеграциялау мүмкіндіктері.

	ТДМ Интеграциялау	Қолдану үлгісі
7-сынып “Адам ағзасы мен денсаулық”	3-мақсат: Жақсы денсаулық және әл-ауқат	Жобалық оқыту: Жеке гигиена, дұрыс тамақтану, жұқпалы аурулардың алдын алу
7-сынып “Экожүйелер мен биоалуантүрлілік”	15-мақсат: Құрлық экожүйелерін сақтау	Ормандарды сақтау, жойылып бара жатқан жануарларды қорғау
8-сынып “Су экожүйелері”	6-мақсат: Таза су және санитария	Суды үнемдеу, су көздерін қорғау
11-сынып “Климаттың өзгеруі”	13-мақсат: Климаттың өзгеруімен күрес	Көмірқышқыл газын азайту, жасыл энергияны қолдау

Білім беру жүйесінде пәндерді біріктіре оқыту – оқу мазмұнын өзара байланыстыра отырып жаңаша ұйымдастыру процесі. Ғалымдардың айтуынша, бір пәнді оқыту кезінде басқа пәннің мәліметтерін қолдану оқушылардың қызығушылығын күшейтіп, материалды жақсы түсінуге көмектеседі. Зерттеулерге сүйенсек, пәндерді біріктіру оқу сапасын және оқуға деген ынтаны арттырады. Сонымен бірге, мұндай оқыту мазмұны жүйелі болып, білімнің бірізді жалғасуын қамтамасыз етеді. Пәндік интеграцияға үлгі ретінде биология және география сабақтарын келтіруге болады: оқушылар су айналымы, климат, экология тақырыптарын зерттеу үшін екі пәннің деректерін

пайдалануда. Сондай-ақ, биология мен химияның екінші сызығы арқылы су мен топырақ сапасын талдау зертханалық жұмыстары өткізіледі. Мысалы, Анголада болашақ биологтар жергілікті экологиялық мәселелерді (орман кесу, мутантты гендер мен адам қатынастары) зерттеген (Chisingui, A. V., & Costa, N. (2020). Teacher education and sustainable development goals: A case study with future biology teachers in an Angolan higher education institution. Sustainability, 12(8), 3344.). Бұл нақты практикада ТДМ-ды бірыңғай контексте оқытудың қажеттілігін көрсетеді. Кестеде көрсетілгендей, біз ТДМ биология пәніне енгізу үшін келесі әдістер қолдануымызға болады.

Жобалық оқыту: Оқушылар нақты проблеманы шешу үшін топтық жобалар жасайды. Мысалы, «мектеп бақшасын» ұйымдастыру, су сапасын талдау, биоалуантүрлілік зерттеуі сияқты іс-шаралар экологиялық танымды арттырады. Жобалық жұмыстың артықшылығы – оқушы өзекті, қолжетімді мақсатқа әрекет етіп, нәтижесін көре алады (әсіресе су ресурстарын үнемдеу, қоқысты сұрыптау жобалары). Зерттеушілердің пікірінше, іс-әрекетке негізделген (тәжірибелік) оқыту ТДБ-ін тиімді жүзеге асырудың кілті.

Цифрлық құралдар: Виртуалды зертханалар, онлайн симуляциялар мен білім беру платформалары экологиялық үдерістерді модельдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, компьютерлік симуляцияларда су айналымы, климат өзгерісі немесе ағзалардың популяциясының көбеюі секілді күрделі үдерістерді визуалдауға болады. UNESCO байқағандай, білім беру саласын цифрландыру жаңа контентті тиімді жеткізуге және оқытуды тең қолжетімді етуге септігін тигізеді. Қазақстанда интерактивті курстар мен мобильді қосымшалар арқылы экология мен тұрақты даму туралы білімді жаңарту қолға алынған.

Геймификация: Оқу үдерісіне ойын элементтерін енгізу оқушылардың қызығушылығын арттырады. Мысалы, білім беру ойындары оқушыларға экологиялық таңдау жасау мүмкіндігін беріп, әрекет пен кері байланысты ашады. Томас Мёнц және әріптестері жүргізген зерттеу бойынша интерактивті ойындар күрделі экологиялық байланыстарды жеңілдетіп, оқушылардың өз шешімінің нәтижесін нақты сезінуге мүмкіндік береді. Әсіресе, климаттық сценарийлерді басқару сияқты ойындар білімнің іс-әрекеттік бөлігін күшейтіп, өз-өзіне деген сенімділік пен экологиялық жауапкершілікті арттырады.

Пәнаралық диалог: ТДБ міндеттемелері пәндер аралық интеграцияны талап етеді, сондықтан биология мұғалімі басқа пән мұғалімдерімен бірлескен сабақтар ұйымдастыра алады. Мысалы, биология мен математиканы байланыстырып, экологиялық статистика немесе популяция өсімі бойынша есептер шығару, немесе химия мен экологияны біріктіріп, суды тазарту технологияларын зерттеу. Мұндай тәсіл оқушыларға ғылымдардың өзара байланысын түсінуге және кешенді ойлауға үйретеді.

Биология пәні оқыту арқылы оқушылардың экологиялық сана мен тұрақты даму құндылықтарын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, табиғатқа деген жауапкершілік сезімі мен оған қатынасты жақсарту тұрақты даму үшін маңызды. Биология сабақтары арқылы табиғаттың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беріліп, оқушылар

білімдерін нақты әрекетке айналдыруға үйретіледі. Мысалы, экологияны сақтау және адамның денсаулығы мәселелерін талдау оқушылардың тұлғалық дамуына ықпал етеді.

Қорыта келе, тұрақты даму мақсаттарын биология пәнінің мазмұны мен құрылымына кіріктіру келесі нәтижелерге әкеледі: экологиялық тақырыптарды жаппай қамту арқылы білім сапасы артады, пәнаралық сабақтар арқылы проблемаларды кешенді түрде шешу дағдылары дамиды, ал практикалық әдістер – жобалар мен геймификация – оқушыларды белсенділігін арттырып, білімді іс-әрекетке айналдыруға ықпал етеді. Мұғалімдердің ынтасы мен әдістемелік қолдау арқасында биология сабағында ТДМ-ны оқыту оқушыларда тұрақты дамуға бағдарланған құндылықтар мен экологиялық жауапкершілікті қалыптастыруда табысты жүзеге асады.

Қолданылған әдебиеттер

1 Yelubaeva P., Erkan T., Berkinbayeva G. Addressing Challenges in Kazakh Education for Sustainable Development.

2 Adebayo Abass, Emmanuel Abiodun ,Rebecca Omotoyosi. Assessment of Challenges and Practices in Integrating Sustainable Development into Biology Education.

3 Thomas S. Muenz, Steffen Schaal, Jorge Groß, Jürgen Paul. How a Digital Educational Game can Promote Learning about Sustainability.

4 Керимбаева Р.Қ., Шауенова М.А. Білім беруді интеграциялаудың теориялық негіздері.

ҒТАМР 34.01.45

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

А.Қ. Құрманбек

*Магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ.*

Бұл мақалада биология пәнін оқытуда техникалық құралдарды қолданудың тиімді жолдары қарастырылады. Цифрлық технологиялардың дамуы мұғалімдердің әдістерін жаңартуды талап етеді. Биология – көрнекілік пен тәжірибені қажет ететін пән, сондықтан интерактивті тақта, мультимедиялық презентациялар, бейнематериалдар мен виртуалды зертханалар сабақ мазмұнын терең түсінуге және оқушы қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Техникалық құралдарды жүйелі пайдалану оқу материалының тиімді меңгерілуіне, танымдық белсенділік пен шығармашылық қабілеттердің дамуына әсер етеді. Мұндай үдеріс мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты.

Түйін сөздер: биология сабағы, техникалық құралдар, цифрлық білім беру ресурстары, интерактивті оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), оқу процесін цифрландыру, виртуалды зертхана, кешенді оқыту, оқушылардың танымдық белсенділігі, электронды оқулықтар, оқыту тиімділігі.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқу процесіне цифрлық технологияларды енгізу ерекше маңызға ие. Әсіресе, биология пәнінде табиғи процестер мен күрделі құрылымдарды визуализациялау қажеттілігі туындайды. Осы тұрғыдан алғанда, техникалық құралдарды қолдану – биологияны оқытуда сапалы нәтижеге жетудің маңызды жолы. Алайда, бұл құралдарды қалай тиімді, кешенді және педагогикалық тұрғыдан негізделген түрде қолдануға болатыны – зерттелуі тиіс мәселе.

Техникалық құралдарды кешенді түрде пайдалану биология сабақтарының тиімділігіне қалай әсер етеді?

Соңғы жылдары білім беру саласы цифрлық трансформация кезеңіне өтті. Әлемдік тәжірибеде STEM және цифрлы педагогика ұғымдары белсенді енгізіліп келеді. Бұл үрдіс Қазақстанда да жылдам дамуда. Цифрлық оқыту құралдары тек техникалық пәндерде ғана емес, жаратылыстану бағытындағы пәндерде де тиімді екенін көрсетті. Биология – динамикалық, үздіксіз дамып отыратын ғылым болғандықтан, оның оқытылуында визуализация мен

практикалық модельдеу маңызды рөл атқарады. Сол себепті техникалық құралдарды пайдалану мұғалім мен оқушы арасындағы байланысты жаңаша деңгейге көтереді.

Қазіргі білім беру үдерісінде техникалық құралдарды қолдану оқыту сапасын арттырудың маңызды факторына айналды. Әсіресе, жаратылыстану пәндері, соның ішінде биология пәні – күрделі құрылымды ұғымдар мен үдерістерді меңгеруді талап ететін сала болғандықтан, бұл пәнді оқытуда техникалық құралдардың тиімділігі ерекше байқалады.

Соңғы онжылдықта биология сабақтарында техникалық құралдарды қолдану жөніндегі зерттеулер кеңінен таралды. Мәселен, Ахметова Ж. (2019) өзінің зерттеуінде интерактивті тақтаның визуалды қабылдауға оң әсерін көрсеткен. Автор интерактивті тақта арқылы көрнекі материалдарды көрсету оқушылардың биологиялық ұғымдарды тез әрі нақты түсінуіне жағдай жасайтынын дәлелдеген. Бұл визуалды қабылдау арқылы танымдық процестерді белсендіріп, оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Нұрмұханбет С. (2021) мультимедиялық материалдарды қолданудың тиімділігін қарастыра отырып, күрделі биологиялық процестерді оқытуда дыбыстық және бейнелік ақпаратты қолдану оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына және ақпаратты ұзақ мерзімде есте сақтауына ықпал ететінін көрсеткен. Автордың пікірі бойынша, мультимедианың сабақтағы рөлі тек көмекші құрал ретінде емес, оқыту мазмұнын тереңдететін негізгі элемент ретінде қарастырылуы тиіс.

Сәрсенова А. (2020) виртуалды зертханаларды қолдану арқылы оқушылардың үлгерімінің 20%-ға артқанын анықтаған. Бұл зерттеу нәтижесі техникалық құралдардың тек көрнекілік емес, практикалық дағдыларды дамытуда да маңызы зор екенін айғақтайды. Виртуалды зертханалар нақты құрал-жабдықтар мен материалдар қажет етпей-ақ, оқушыларға эксперимент жүргізу, бақылау жасау және қорытынды шығару секілді ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Төлебаев М. (2023) жүргізген зерттеуде AR (кеңейтілген шындық) технологиясының оқыту үдерісіне енгізілуі талданған. AR технологиясы биологиядағы абстрактілі ұғымдарды – мысалы, жасуша құрылымын – кеңістікте нақты 3D модель арқылы көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың зейінін шоғырландырып, ұғымды түсінуді жеңілдетіп, олардың пәнге деген мотивациясын арттырған.

Аталған зерттеулерде техникалық құралдардың биология сабағындағы тиімділігі нақты дәлелдермен көрсетілгенімен, олардың әрқайсысы жекелеген құрал түрлеріне ғана бағытталған. Бұл ғылыми жұмыстарда оқыту құралдарын кешенді түрде қолдану және олардың өзара байланысын жүйелі түрде қарастыру жағы жеткіліксіз қамтылған.

Сондықтан, қазіргі таңда техникалық құралдарды биология сабақтарында бірізді, үйлесімді және кешенді жүйемен қолдану моделін жасау – өзекті ғылыми мәселе болып отыр. Мұндай кешенді тәсіл оқытудың мазмұнын

байытып қана қоймай, оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін, сыни ойлауын және шығармашылық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Кешенді құралдарды қолданудың артықшылықтарын атап өтсек: оқушылардың зейіні артып, білімді есте сақтау көрсеткіші жоғарылайды. Мұғалімдердің де педагогикалық белсенділігі артады. Алайда, кейбір мұғалімдер техникалық ақаулар немесе дайын контенттің жетіспеуі сияқты мәселелері орын алуы мүмкін. Бірақ, оны да уақыт өте келе шешуге болатын мәселе деп қарастыра аламыз.

Техникалық құралдарды биология сабағында қолдануды Bloom таксономиясына сәйкес талдауға болады. Техникалық құралдар білу, түсіну, қолдану деңгейлерінен жоғары – талдау және синтездеу сатыларына дейін оқушыларды жетелейді. Мәселен, виртуалды тәжірибелер кезінде оқушылар тек бақылаушы емес, эксперимент жүргізуші ролін атқарады. Бұл өз кезегінде олардың зерттеу құзыреттілігін арттырады. Сонымен қатар, оқушылардың пәнге деген ішкі мотивациясы артып, оқу барысында уақыт үнемделеді. Мұғалімдердің тәжірибесінде де өзгерістер орын алады, яғни сабақ құрылымында креативтілік, әдістемелік жаңашылдық көрініске ие болады.

Кесте 1. Биология сабақтарында қолданылатын техникалық құралдар мен олардың тиімділігі.

№	Құрал атауы	Қолданыстағы пайдасы	Ерекшелігі
1	Интерактивті тақта	Визуалды материалдарды көрсету арқылы түсінуді жеңілдетеді	Қозғалыстағы сызбалар, диаграммалар мен бейнематериалдар көрсетіледі
2	Мультимедиялық материалдар (видео, аудио, анимация)	Күрделі процестерді (мысалы, тыныс алу, фотосинтез) түсіндіреді	Есте сақтау қабілетін күшейтеді, эмоциялық әсер береді
3	Виртуалды зертхана	Тәжірибе жасау мүмкіндігін береді, қауіпсіз ортада жұмыс істейді	Нағыз зертхана құралдарынсыз-ақ тәжірибе жасауға мүмкіндік береді
4	AR (Кеңейтілген шындық)	Жасуша құрылымы, органоидтар сияқты абстракттілі ұғымдарды нақтылайды	3D форматта кеңістікте көрсету арқылы нақты көрініс береді
5	Электронды оқулықтар	Пәндік материалдар мен тапсырмаларды өз бетімен оқуға мүмкіндік береді	Сілтемелер, кестелер, суреттер, жаттығулар интеграцияланған
6	Смарт құрылғылар (планшет, смартфон)	Оқушылармен интерактивті жұмыс жүргізуге ыңғайлы	Онлайн тест, ойын элементтері, QR-кодпен оқу материалдарын жылдам табу
7	Презентация бағдарламалары (PowerPoint, Canva)	Сабақты құрылымды, көрнекі түрде түсіндіруге көмектеседі	Тақырыптарды визуализациялау, оқушы назарын жинақтауға тиімді

8	Қашықтықтан оқыту платформалары (Zoom, Moodle, Google Classroom)	Онлайн сабақтарды жүргізуге мүмкіндік береді	Үй тапсырмасы, тест, кері байланыс пен сабақ жазбаларын біріктіреді
---	--	--	---

Техникалық құралдарды биология сабағының кезеңдерінде қолданудың әдістемелік негіздері.

Биология сабақтарында техникалық құралдарды тиімді қолдану оқытудың сапасын арттырып, оқушылардың пәнге деген танымдық қызығушылығын жоғарылатады. Алайда мұндай құралдарды жоспарсыз, жүйесіз қолдану кері әсер беруі мүмкін. Сондықтан, (жоғарыда көрсетілген 1–кестеге сәйкес) әрбір техникалық құралдың сабақ құрылымындағы орнын нақты айқындау, яғни оны сабақтың белгілі бір кезеңіне сәйкес пайдалану – өзекті әдістемелік талаптардың бірі.

1. Қызығушылықты ояту кезеңі.

Сабақтың бастапқы кезеңінде оқушылардың назарын шоғырландырып, жаңа тақырыпқа деген қызығушылығын ояту қажет. Бұл мақсатта интерактивті тақтаны, анимациялық бейнематериалдарды және AR (кеңейтілген шындық) технологияларын қолдану тиімді. Мысалы, жасушаның кеңейтілген шындықтағы 3D моделін көрсету немесе табиғи құбылыстарды анимация арқылы бейнелеу оқушылардың зейінін шоғырландырып, тақырыпты қабылдауға дайындық жасайды.

2. Жаңа білімді меңгерту кезеңі.

Жаңа ұғымдар мен биологиялық процестерді түсіндіру кезінде техникалық құралдардың көмегімен материалды құрылымды, жүйелі және көрнекі түрде ұсынуға болады. Бұл кезеңде электронды оқулықтар, мультимедиялық презентациялар (PowerPoint, Canva), интерактивті тақта арқылы бейнелер мен сызбалар көрсету кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, AR технологиясы арқылы абстрактілі ұғымдарды нақты кеңістікте визуализациялау оқушының түсінуін жеңілдетеді. Мәселен, фотосинтез, жасушалық бөліну немесе мүшелер жүйесінің қызметі сынды тақырыптарда анимациялық және графикалық модельдерді қолдану тиімділігі жоғары.

3. Жаттығу және нысықтау кезеңі.

Бұл кезеңде оқушылар алған білімін тәжірибеде қолдануға және бекітуге бағытталады. Осы орайда виртуалды зертханалар ерекше маңызға ие. Олар оқушыларға қауіпсіз ортада эксперимент жасауға, бақылау жүргізіп, нәтижелер шығара білуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқытуда мобильді құрылғыларды (планшет, смартфон) пайдалану арқылы интерактивті тест тапсырмаларын (Kahoot, Quizizz т.б.) орындау, жұптық немесе топтық жұмысқа арналған онлайн жаттығулар ұйымдастыру оқушылардың белсенділігін арттырады.

4. Қорытындылау және кері байланыс кезеңі.

Сабақтың соңғы кезеңінде оқушылар меңгерген білімін қорытындылап, мұғалім тарапынан кері байланыс беріледі. Бұл кезеңде қашықтықтан оқыту платформалары (Google Classroom, Moodle, Zoom) және смарт құрылғылар арқылы оқушыларға онлайн тесттер мен сауалнамалар ұсынуға болады.

Сонымен қатар, Mentimeter немесе Google Forms секілді құралдар арқылы оқушылардан жедел кері байланыс алу тиімді. Мұндай әдістер білім деңгейін жедел бағалап, келесі сабақта білім олқылықтарын түзетуге жағдай жасайды.

Жоғарыда қарастырылғандай, техникалық құралдарды биология сабағында тиімді қолдану үшін оларды сабақтың кезеңдеріне сай жоспарлы түрде ендіру қажет. Мұндай кешенді тәсіл оқушылардың оқу үлгерімін арттырып қана қоймай, олардың пәнге деген қызығушылығын, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Демек, биология пәні аясында техникалық құралдарды ғылыми-әдістемелік негізде кешенді түрде пайдалану – заманауи білім берудің басты талаптарының бірі.

Қорытындылай келе, техникалық құралдарды кешенді түрде пайдалану биология сабақтарының тиімділігін арттырады. Бұл тек оқушының білім сапасына ғана емес, оның пәнге деген қызығушылығы мен оқу мотивациясына да оң әсер етеді. Болашақта бұл бағытта сабақ үлгілерін дайындау, мұғалімдерді оқыту және құралдарды жаңғырту бойынша қосымша зерттеулер қажет.

Жоғарыда келтірілген деректер техникалық құралдарды кешенді пайдаланудың биология пәнін оқытудағы маңызын көрсетті. Бұл құралдар оқушыны тек білім алушы емес, зерттеуші ретінде қалыптастыруға жағдай жасайды. Осыған байланысты, педагог кадрларды цифрлық педагогика бағытында қайта даярлау, мектептерді техникалық база жағынан қамтамасыз ету, оқу-әдістемелік материалдарды жаңарту – алдағы басты міндеттердің бірі болып саналады. Келешек зерттеулерде сабақ жоспарына AR/VR құралдарын енгізу, цифрлық білім беру платформаларымен сабақтастықты қарастыру ұсынылады.

Қолданылған әдебиеттер

1 Ахметова Ж. (2019). Биология сабақтарында интерактивті құралдарды қолдану тиімділігі. Қазақ білім журналы.

2 Нұрмұханбет С. (2021). Цифрлық білім беру және биология. Оқыту әдістемесі.

3 OECD (2020). Digital Education Outlook.

4 Назарбаев Зияткерлік мектептері. (2022). Инновациялық оқыту әдістері.

5 Сәрсенова А. (2020). Виртуалды зертханалар арқылы биологияны оқыту.

6 Төлебаев М. (2023). Жасуша құрылымын AR технологиясымен меңгерту жолдары.

ҒТАМР 27.01.45

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН МАТЕМАТИКАДАН ҚИЫНДЫҒЫ ЖОҒАРЫ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУҒА ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Э.А. Тургунбаева

Магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.

Бұл мақалада жоғары сынып оқушыларын математика пәнінен күрделі есептерді шешуге оқыту әдістемесі қарастырылады. Математикалық күрделі тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың логикалық ойлау, талдау жасау, дәлелдеу және шығармашылық қабілеттері дамиды. Авторлар оқытудың түрлі тиімді әдістерін ұсынып, нақты есептер арқылы олардың практикалық қолданылуын көрсетеді.

Түйін сөздер: математика, қиын есептер, оқыту әдістемесі, жоғары сынып, логикалық ойлау, шығармашылық, есеп шығару.

Қазіргі заманда білім беру саласының басты мақсаты – оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, оның ішінде математикалық сауаттылық пен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Математика – тек есеп шығару құралы ғана емес, сонымен қатар тұлғаның сыни тұрғыдан ойлау, дәлелдеу, жүйелі анализ жасау сияқты жоғары қабілеттерін дамытатын маңызды пән. Жоғары сыныптарда математиканы меңгеру күрделене түседі. Бұл кезеңде оқушылар теориялық білімді практикада қолдана білуі тиіс, сонымен қатар стандартты емес, күрделі есептерді шешуге дайын болуы қажет. Мұндай есептер оқушылардан тек дайын формулаларды жаттап алуды емес, оларды дұрыс қолдануды, жағдайға бейімделуді, логикалық ой жүгіртуді талап етеді.

Алайда көптеген оқушылар қиын есептермен кездескенде ойлануға емес, жаттап алуға ұмтылады. Бұл тәсіл оқушының өздігінен жұмыс жасауына, логикалық пайымдауына кері әсер етеді. Сондықтан мұғалімдерге оқушыларды қиын есептерді шешуге жүйелі түрде оқыту, тиімді әдістемелерді пайдалану аса маңызды.

Бұл мақалада жоғары сынып оқушыларын математикадан күрделілігі жоғары есептерді шығаруға үйретудің әдістемелік жолдары ұсынылады. Зерттеу мақсаты – оқушылардың логикалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытатын тиімді тәсілдерді анықтау. Зерттеу міндеттері –

есептердің түрлерін талдау, оқыту әдістерін ұсыну және практикалық мысалдар арқылы олардың тиімділігін көрсету.

Математикалық қиын есептердің түрлері.

Математиканың қиындық деңгейі жоғары есептері – оқушының дайын білім қорын шығармашылықпен қолдануға, жаңа тәсілдерді ойлап табуға мәжбүрлейтін есептер. Мұндай есептерді бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

Олимпиадалық есептер – стандартты мектеп бағдарламасынан тыс, ерекше логикалық шешімдер мен стратегиялық ойлауды қажет ететін тапсырмалар. Бұл есептер көбіне бірнеше тақырыпты біріктіреді және бірден бірнеше жолмен шешілуі мүмкін.

Логикалық есептер – математикалық дәл есептеуден гөрі, логика мен ой ұшқырлығын қажет ететін есептер. Мысалы, “ақыл-ой жұмбақтары” түріндегі есептер.

Пәнаралық есептер – физика, информатика, экономика сияқты пәндермен байланыстыра отырып құрылған есептер. Бұл тәсіл нақты өмірлік мәселелерді математикалық модельдеу арқылы шешуге бағытталған.

Модельдеу есептері – шынайы өмір жағдайларын сипаттайтын, математикалық әдістер арқылы шешімін табуды қажет ететін есептер. Мысалы: көлік қозғалысы, қаржы операциялары, демография, т.б.

Осы типтерді жүйелі қолдану оқушылардың есептерді көпқырлы тұрғыдан талдауға үйренуіне жол ашады. Әсіресе жоғары деңгейдегі олимпиадалық тапсырмалар оқушының ізденісін арттырып, оны күрделі ғылыми-танымдық сұрақтарға бағыттайды.

Оқытудың әдістемелік тәсілдері.

Математиканы оқытуда қолданылатын дәстүрлі әдістер кейде қиын есептерді түсіндіруде жеткіліксіз болуы мүмкін. Сондықтан мұғалімдерге жаңа әдістемелік тәсілдерді қолдану ұсынылады:

а) Проблемалық оқыту әдісі.

Бұл әдісте мұғалім оқушының алдына нақты бір мәселе (проблема) қояды, оны өздігінен зерттеп, шешуге бағыт береді. Проблемалық сұрақтар оқушының қызығушылығын тудырып, оны ізденуге итермелейді. Бұл әдіс әсіресе логикалық немесе олимпиадалық есептерді талдауда тиімді.

ә) Диалогтік оқыту.

Сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында сұрақ-жауап негізінде әрекет жасау. Мұндай әдіс есепті шешудің бірнеше нұсқасын талқылауға, оқушылардың өз ойын ашық айтуына мүмкіндік береді. Оқушы өз қателігін түсініп, оны түзетуге үйренеді.

б) Жобалық тәсіл.

Оқушылар есепке байланысты зерттеу жүргізіп, оны жеке немесе топпен жобалап ұсынады. Мысалы, “Қаладағы қоғамдық көлік қозғалысын модельдеу” жобасы. Бұл тәсіл математиканы өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді.

в) Қадамдық алгоритм тәсілі.

Есептерді бірнеше ұсақ логикалық блоктарға бөліп, әр қадамына түсініктеме беру арқылы оқытуды жүзеге асыру. Бұл әдіс күрделі есептердің шешу жолын жүйелеуге, түсінуге және есте сақтауға көмектеседі. Әсіресе комбинаторика, теңсіздіктер, тригонометрия тақырыптарында тиімді.

Эксперимент жүргізу әдістемесі.

Олимпиадалық деңгейдегі есептердің шығару жолын қарастырамыз.

Есеп:

Барлық натурал n үшін келесі теңдікті дәлелдеңіз:

$$1^3 + 2^3 + \dots + n^3 = \left(\frac{n(n+1)}{2}\right)^2$$

Шешуі:

Бұл – индукция әдісімен дәлелденетін классикалық формула.

Базалық кадам: $n=1$ үшін $1^3 = 1 \left(\frac{1(1+1)}{2}\right)^2 = 1 \rightarrow$ теңдік дұрыс.

Индукциялық кадам: $n=k$ үшін теңдік дұрыс деп алайық:

$$1^3 + 2^3 + \dots + k^3 = \left(\frac{k(k+1)}{2}\right)^2$$

Оны $n=k+1$ үшін дәлелдеу:

$$1^3 + 2^3 + \dots + k^3 + (k+1)^3 = \left(\frac{k(k+1)}{2}\right)^2 + (k+1)^3$$

Оң жақты түрлендірсеңіз:

$$\left(\frac{(k+1)(k+1)}{2}\right)^2 \rightarrow \text{теңдік сақталады.}$$

Қиын мәтіндік есеп. Құбырлар және жүйелі жұмыс.

Есеп:

Бассейнді жалғыз өзі 10 сағатта толтыратын бірінші құбыр бар. Екінші құбыр жалғыз жұмыс істесе, бассейнді 15 сағатта толтырады. Ал үшінші құбыр жалғыз өзі сол бассейнді 20 сағатта босатады. Егер барлық үш құбыр бір мезетте ашылса, 3 сағаттан кейін үшінші құбыр жабылады. Бассейн толық толуы үшін тағы қанша уақыт қажет?

Шешуі:

1-құбырдың өнімділігі: $\frac{1}{10}$

2-құбырдың өнімділігі: $\frac{1}{15}$

3-құбыр (босатады): $\frac{1}{20}$

Жалпы өнімділік $\frac{1}{10} + \frac{1}{15} - \frac{1}{20} = \frac{7}{60}$

3 сағат ішінде толтырылатын бөлік: $3 \cdot \frac{7}{60} = \frac{7}{20}$

Қалған бөлік: $1 - \frac{7}{20} = \frac{13}{20}$

Енді тек 1 мен 2 құбыр жұмыс істейді:

$$\frac{1}{10} + \frac{1}{15} = \frac{1}{6}$$

Қалған бөлікті табамыз:

$$\frac{13}{20} : \frac{1}{6} = \frac{13}{20} \cdot \frac{6}{1} = \frac{78}{20} = 3,9 \text{ сағат}$$

Жауабы: бассейн толық толуы үшін барлығы:

$3 + 3,9 = 6,9$ сағат = 6 сағат 54 минут.

Қорытынды.

Жоғары сынып оқушыларына математикадан қиындығы жоғары есептерді шығаруды үйрету – бұл тек пәндік білім берумен шектелмейтін, терең педагогикалық және әдістемелік дайындықты талап ететін процесс. Мұндай есептерді шешу барысында оқушылардың логикалық ойлауы, аналитикалық қабілеті, мәселені бірнеше қырынан қарастыру машығы дамиды.

Қиын есептер арқылы оқушы тек нақты есепті шығаруды емес, сонымен қатар өмірлік мәселелерді де шешуге дағдыланады. Бұл олардың математикалық сауаттылығын арттырып қана қоймай, жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына әсер етеді: табандылық, шыдамдылық, шешім қабылдаудағы дәлдік, жауапкершілік. Оқытуда мұғалімнің рөлі ерекше. Мұғалім оқушыны дайын жауаппен қамтамасыз етуші емес, керісінше – бағыттаушы, ойландырушы, ынталандырушы тұлға болуы керек.

Ақпараттық технологияны, заманауи онлайн-платформаларды, олимпиадалық есептерді тиімді пайдалану – осы жұмыстың сапасын арттыратын маңызды құралдар. Сонымен бірге, оқушыларды өз бетімен ойлауға, қорытынды шығаруға, дәлелдеуге баулу – нәтижелі оқытудың басты көрсеткіші.

Қорыта келгенде, математика пәні – тек білім беру құралы ғана емес, ол оқушыны ойландыру, тұлға ретінде дамыту жолындағы ең қуатты педагогикалық құрал. Ал қиындығы жоғары есептер – осы жолдағы негізгі тетіктердің бірі.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2004.
- 2 Әбенев К. Математиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2002.
- 3 Сканава М.И. Сборник задач по элементарной математике. – Москва, Наука, 2012.

4 Polya G. How to Solve It, Princeton University Press, 1945.

5 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Математика пәні бойынша оқу бағдарламалары (10-11 сыныптар), 2023.

6 IMO (International Mathematical Olympiad) official website:
<https://www.imo-official.org>.

ҒТАМР 27.01.45

МАТЕМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

К.Ж. Назарова

*Ф.-м.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті, Түркістан қ.*

Ұ.Е. Елтай

*Магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ.*

Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында математика пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері мен практикалық аспектілері қарастырылады. Зерттеу үш негізгі бағытта жүргізілді: инклюзивті ортада мұғалім құзыреттілігінің құрылымын айқындау, шетелдік тәжірибе негізінде инклюзивті сыныптарда математика пәнін оқытуға қажетті құзыреттерді талдау және отандық мұғалімдерге жүргізілген сауалнама нәтижелерін саралау.

Сауалнама мұғалімдердің инклюзивті білім беру үдерісіне дайындығын, кәсіби құзыреттіліктерін, қолданатын оқыту әдіс-тәсілдерін, кездесетін қиындықтарын және ресурстық қажеттіліктерін анықтауға бағытталды.

Мақалада алынған нәтижелер негізінде инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін пән мұғалімдеріне қойылатын кәсіби талаптар мен қажетті қолдау шаралары ғылыми тұрғыда негізделеді. Сонымен қатар, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатында арнайы оқыту бағдарламаларын әзірлеу, бейімделген әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету және кәсіби тәжірибе алмасуға жағдай жасау қажеттілігі атап өтіледі.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, математика, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі, оқыту әдістері, инклюзивті сынып, мұғалімдерді даярлау, тәжірибелік зерттеу, педагогикалық қолдау.

XXI ғасырдағы білім беру кеңістігінде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі оқу-тәрбие процесінің сапасын қамтамасыз ететін басты факторлардың бірі ретінде танылады. Қазіргі таңда инклюзивті білім беру жүйесі жалпы білім беру саясатының ажырамас құрамдас бөлігіне айналууда. Бұл үрдіс мұғалімдердің

кәсіби шеберлігіне, әдістемелік даярлығына және психологиялық-педагогикалық құзыреттілігіне жаңа талаптар қояда.

Әсіресе, математика сияқты абстракция мен логикалық ойлауға негізделген пәндерді инклюзивті сыныптарда оқыту барысында педагогтің кәсіби құзыреттілігі ерекше мәнге ие. Себебі мұндай сыныптарда түрлі танымдық деңгейдегі және даму ерекшеліктері әртүрлі оқушыларға теңдей білім беру мүмкіндігін жасау – мұғалімнің кәсіби дайындық деңгейіне тікелей байланысты.

Педагогтің кәсіби құзыреттілігі – бұл білім беру процесін сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік беретін теориялық білім, педагогикалық әдіс-тәсілдер, практикалық тәжірибе, кәсіби ұстанымдар мен тұлғалық қасиеттердің жиынтығы. Бұл ұғым халықаралық ғылыми әдебиеттерде де жан-жақты қарастырылып келеді.

Инклюзивті білім беру бағдарламасы [1] – барлық оқушыларға, олардың физикалық, психологиялық немесе когнитивтік шектеулеріне қарамастан, тең білім алу мүмкіндігін ұсынуға бағытталған маңызды бастама. Бұл бағдарлама аясында математика сабақтарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар мен жалпы білім беретін сынып оқушылары бір ортада оқытылады. Олар бір оқу бағдарламасымен білім алады және мұндай оқыту үдерісін негізінен жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері жүзеге асырады. Алайда мұндай жағдайда мұғалімдер бірқатар кәсіби қиындықтарға тап болады. Зерттеулерге сүйенсек, сапалы инклюзивті математикалық білім беруді қамтамасыз ету – ең алдымен, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне байланысты [2].

Инклюзивті ортадағы мұғалім құзыреттілігінің құрылымы.

Инклюзивті сыныптарда жұмыс жасайтын математика пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі бірнеше өзара байланысты компоненттерден тұрады:

– Пәндік құзыреттілік – мұғалімнің математика пәнінің теориялық негіздерін терең меңгеруі, оқу материалының мазмұнын оқушылардың деңгейіне сай түсінікті етіп жеткізе алуы, сондай-ақ әртүрлі күрделіліктегі тапсырмаларды құрастыру және бейімдей алу дағдылары.

– Әдістемелік (методологиялық) құзыреттілік – оқушылардың танымдық мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту стратегияларын (мысалы, саралап оқыту, Универсалды оқыту дизайны (UDL), Concrete–Representational–Abstract (CRA) моделі) тиімді қолдана білу қабілеті.

– Психологиялық-педагогикалық құзыреттілік – оқушылардың жеке даму ерекшеліктерін ескеріп, оларға психологиялық қолдау көрсету, білім алуға мотивация беру, жағымды оқу ортасын қалыптастыру біліктілігі.

– Коммуникативтік құзыреттілік – ата-аналармен, арнаулы педагогтермен, дефектологтармен және басқа да мамандармен кәсіби байланыс орнату, ынтымақтастықта жұмыс істеу дағдылары.

– Цифрлық құзыреттілік – білім беру технологияларын, адаптивті платформаларды, онлайн жаттығу құралдарын тиімді қолдану арқылы оқу процесін цифрлық қолдау.

Математика пәні мұғалімдері ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға математикалық ұғымдар мен дағдыларды тиімді меңгерту үшін арнайы кәсіби құзыреттерге ие болуы тиіс [3]. Инклюзивті ортада оқыту үдерісі күрделене түседі, себебі мұғалімдер әр оқушының қабілетін, қажеттіліктерін және оқу қарқынын ескеруге міндетті. Михичпен оның әріптестері [4] инклюзивті білім берудегі мұғалім құзыреттіліктерін әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, икемді жауап қайтару қабілеті мен ерекше қажеттілігі бар оқушылардың жекелеген білім беру қажеттіліктеріне бейімделген оқу мазмұнын құрастыра білуі деп сипаттайды.

Инклюзивті білім берудегі мұғалім құзыреттілігі тек пәндік біліммен шектелмейді. Ол мұғалімнің инклюзивтілікке деген жеке ұстанымымен, әртүрлілікті қабылдау мәдениетімен және оқыту әдістерін бейімдей алу икемділігімен тығыз байланысты [4]. Мұғалімдердің инклюзивті оқытуға деген оң көзқарасы, оқушыларды тең дәрежеде қабылдауы мен олармен жеке жұмыс жүргізуге деген дайындығы – білім беру кеңістігіндегі әділдік пен ынтымақтастықты арттыратын маңызды факторлар болып табылады.

Фиштер [5] өз зерттеуінде мұғалімнің терең теориялық және қолданбалы математикалық біліммен қатар, күрделі ұғымдарды өмірмен байланыстырып, түсінікті тілмен жеткізе алу қабілетінің де маңызын атап өтеді. Бұл пікірді Болл және әріптестері [6] де қолдайды. Олар мұғалімнің математикалық білімін шынайы өмірмен байланыстыра отырып, абстрактілі ұғымдарды оқушылардың жас және даму ерекшеліктеріне сәйкес түсіндіре білуі қажет екенін көрсетеді. Сонымен қатар мұғалімдерге инклюзивті сыныптарда түрлі технологияларды тиімді қолдану құзыретін дамыту қажет екенін атап көрсетеді.

Шетелдік тәжірибе негізіндегі инклюзивті сыныптарда математика пәнін оқытуға қажетті құзыреттіліктер.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен жалпы білім алушыларды бір сыныпта біріктіре отырып жүзеге асырылатын инклюзивті білім беру бағдарламасының енгізілуі – математика пәні мұғалімдеріне бірқатар жаңа күрделі міндеттер жүктейді. Бұл жағдай, әсіресе, инклюзивті білім беру шеңберінде математика пәні бойынша мазмұнды меңгеру мен оқыту әдістемесіне қатысты арнайы құзыреттіліктердің жеткіліксіз болуымен, сондай-ақ ерекше қажеттілігі бар оқушылармен жұмыс істеудің нақты әдістерінің жоқтығымен күрделене түседі.

Мұғалімдердің математикалық мазмұнды терең меңгермеуі оқу бағдарламасын бейімдеуде және әртүрлі қабілет деңгейіндегі оқушыларға сәйкес оқыту әдістерін таңдауда айтарлықтай қиындықтар тудырады. Венкат [7] зерттеуінде Оңтүстік Африкадағы көптеген математика мұғалімдерінің пәндік білім деңгейі төмен болғандықтан, оқыту қарқыны баяулап, оқу бағдарламасының толық қамтылмауы орын алғанын атап көрсетеді. Бұл – әсіресе инклюзивті білім беру жағдайында – математикалық білім алудағы теңсіздікті тереңдете түсетін фактор.

Математика пәні мұғалімдерінің көпшілігі әртүрлі қабілеттегі оқушыларға арналған әдістерді күнделікті оқыту тәжірибесіне енгізуде

қиындықтарға тап болады. Себебі олардың инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге арналған педагогикалық білімі мен арнайы дайындығы жетіспейді. Сабақ жоспарын әзірлеу мен тиімді оқу стратегияларын қолдану, сондай-ақ оқушылардың әртүрлілігін ескере отырып икемді білім беру ресурстарын бейімдеу – мұғалімдер үшін күрделі міндеттердің бірі болып отыр.

Бұл күрделілік, көбінесе, мұғалімдерді даярлайтын оқу орындарында инклюзивті оқытудың мазмұнына жеткілікті назар аударылмауынан туындайды. Бокк өзінің [8] зерттеуінде болашақ математика мұғалімдерінің басым бөлігі оқушылардың есепті қалай шешетінін бақылауға ғана назар аударатынын және сабақ барысында барлық оқушыларға бірдей әдістерді қолдана отырып, оқушылардың жеке қажеттіліктері мен оқу стилдерін ескеруді елемейтінін анықтаған.

Сонымен қатар, инклюзивті сыныптарда тиімді математикалық оқыту үдерісі арнайы оқыту ресурстары мен материалдарының (манипулятивтер, интерактивті технологиялар, бағдарламалық қамтамасыз ету, көрнекі құралдар және т.б.) жетіспеушілігі салдарынан да айтарлықтай қиындықтарға тап болады. Махмуд [9] өз зерттеуінде мұғалімдердің басым бөлігі инклюзивті оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделген оқыту құралдарын дайындау тәжірибесіне ие емес екенін атап өтеді. Бұл жағдай инклюзивті білім берудің сапасын төмендететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Мазмұндық білімді жақсы меңгерген мұғалім математикалық ұғымдар, фактілер, қағидалар мен олардың өзара байланыстарын терең түсінеді [10]. Гувен [11] жүргізген зерттеулерде де пәндік білімге ие болу – жалпы білім беру мен арнайы білім беруде де сапалы математика оқытудың негізгі шарты екені атап өтілген.

Егер мұғалімдерде сараланған оқыту әдістері мен оқу бағдарламасы бойынша жеткілікті құзыреттілік болмаса, олар әртүрлі деңгейдегі оқушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізе алмайды. Тақырыптық біліктілігі төмен мұғалімдер инклюзивті білім берудің қағидалары мен ұсынылатын әдістерін толық түсінбеуі мүмкін. Мұндай жағдайда мұғалімдер тапсырмалар мен оқыту стратегияларын әртүрлі қажеттіліктері бар оқушыларға бейімдеу барысында қиындықтарға тап болады.

Мысалы, мұғалім тек дәстүрлі «бор мен тақта» әдісін қолданған жағдайда, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар сабақ мазмұнын меңгеруде айтарлықтай қиындық көруі мүмкін. Сондықтан мұғалімнің пәндік мазмұн мен инклюзивті педагогика саласындағы терең білімі – инклюзивті математикалық білім берудің табысты жүзеге асуының басты шарты болып табылады.

Инклюзивті білім беру тәжірибесін жүйелі енгізіп келе жатқан елдердің бірі – Малайзия. Бұл елде жалпы білім беретін сыныптарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар және қалыпты даму деңгейіндегі оқушыларды біріктіре оқыту тәжірибесі кеңінен қолданылады. Дегенмен, инклюзивті ортада математика пәнін оқыту мұғалімдерге қосымша кәсіби дағдылар мен құзыреттіліктерді талап ететін күрделі үдеріс ретінде сипатталады.

Малайзияда жүргізілген сапалық зерттеу нәтижелері инклюзивті сынып жағдайында тиімді математика оқыту үшін қажет бес негізгі құзыреттілікті айқындады. Зерттеу барысында арнайы және жалпы білім беру тәжірибесі бар жеті мұғаліммен жүргізілген сұхбаттар негізінде төмендегідей құзыреттілік түрлері бөлініп көрсетілді.

Кесте 1. Құзыреттілік түрлері.

№	Құзыреттілік түрі	Мазмұны мен сипаттамасы
1	Пәндік мазмұнды меңгеру дағдылары	Математика пәнінің мазмұнын терең меңгеріп, оны инклюзивті оқушыларға бейімдеп түсіндіру.
2	Икемді оқыту стратегиялары мен әдістері	Оқушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне қарай оқыту тәсілдерін түрлендіріп қолдану.
3	Технологияны қолдану құзыреттілігі	Адаптивті және цифрлық ресурстарды тиімді қолдану арқылы оқытуды жетілдіру.
4	Сыныпты басқару дағдылары	Инклюзивті ортада оқушылардың тәртібі мен өзара әрекетін үйлестіру, қолайлы атмосфера құру
5	Бағалау және оқушыларды бақылау	Әрбір оқушының даму деңгейін ескеріп, жекелей бағалау тәсілдерін қолдану.

Аталған зерттеу нәтижелері мұғалімдердің кәсіби даярлық деңгейін жетілдіру мақсатында арнайы курстар мен оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру қажеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар, мұндай құзыреттіліктерді қалыптастыру – инклюзивті білім берудің сапасын арттырудың негізгі тетіктерінің бірі болып табылады.

Зерттеулер мен нәтижелер.

Алгебра пәні мұғалімдерінің инклюзивті білім берудегі кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша эксперименттік зерттеу нәтижелері.

Инклюзивті білім беру жағдайында математика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама жалпы білім беретін мектептердің математика пәні мұғалімдері арасында өткізілді. Оның барысында педагогтердің инклюзивті сыныпта сабақ беру тәжірибесі, қолданатын әдіс-тәсілдері, кәсіби даярлығы және осы бағыттағы қиындықтары мен жеке пікірлері зерделенді.

Сауалнаманың мақсаты – инклюзивті сыныпта жұмыс істейтін немесе жұмыс істеуге дайындалатын математика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін, оқыту әдістерін, қажетті ресурстарын және инклюзивті ортаға деген көзқарасын анықтау. Сауалнама 10 жабық сұрақтан тұрды, әр сұраққа бірнеше жауап нұсқасы ұсынылды. Барлығы 24 мұғалім қатысты.

Кесте 2. Сауалнама бойынша толық ақпарат.

№	Сауалнама сұрақтары	Жауап нұсқалар	Мұғалім саны
1	Сіздің педагогикалық өтіліңіз:	1 жылдан аз	1
		1-3 жыл	3
		4-7 жыл	6
		8-15 жыл	9
		16 жыл	5
2	Қай сыныптарға математика пәнінен сабақ бересіз?	5-6 сынып	8
		7-9 сынып	22
		10-11 сынып	11
3	Қазіргі таңда инклюзивті сыныптарға сабақ бересіз бе?	Иә	14
		Жоқ	6
		Бұрын бергенмін	4
4	Инклюзивті сыныпта оқыту сіз үшін қаншалықты қиын?	Өте қиын	2
		Қиын	6
		Орташа	11
		Оңай	4
		Өте оңай	1
5	Инклюзивті білім беру бойынша арнайы курстан өттіңіз бе?	Жоқ, өтпедім	9
		Иә, арнайы курстан өттім	10
		Жақын арада өтуді жоспарлап жүрмін	5
6	Инклюзивті сыныпта жиі пайдаланатын әдістерді таңдаңыз:	Дифференциалды оқыту	20
		Топтық жұмыс	14
		Жеке тапсырмалар	13
		АКТ (интерактивті тақта, видео, т.б.)	16
		Ойын элементтері	9
7	Инклюзивті сыныптағы математика мұғаліміне қажетті құзыреттерді таңдаңыз:	Пәндік білім	21
		Оқытуды бейімдеу дағдысы	19
		Оқушымен қарым қатынас	17
		Психологиялық қолдау	15
		АКТ пайдалану дағдысы	14
8	Инклюзивті сыныпта жұмыс істеуге дайынмын деп ойлайсыз ба?	Иә, толық дайынмын	4
		Ішінара дайынмын	13
		Жоқ, дайын емеспін	5
		Айту қиын	2
9	Математика пәнін оқытуда төмендегілердің қайсысын жиі	Көрнекілік сызбалар (сызбалар, суреттер)	17

	қолданасыз?	Модельдеу (физикалық құралдар, схема)	9
		Ақпараттық технологиялар (интерактив тақта)	18
		Шығармашылық тапсырмалар	11
		Пәнаралық байланыс	7
10	Сіздің ойыңызша, инклюзивті сыныпта математика пәнін тиімді оқыту үшін қандай ресурстар жетіспейді?	Арнайы тапсырмалар	18
		Математикалық визуалды құралдар	15
		Мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулықтар	16
		Оқушыға арналған адаптивті оқу материалдары	14
		Бейнематериалдар	11
		Білім беру платформалары	10

Сауалнама сұрақтары мұғалімдердің инклюзивті білім беру үдерісіне дайындығы мен кәсіби құзыреттіліктерін, қолданатын әдіс-тәсілдері мен кездесетін қиындықтарын анықтауға бағытталды. Алынған нәтижелер негізінде инклюзивті білім беру жүйесінде математика пәні мұғалімдеріне қойылатын кәсіби талаптар мен қажетті қолдау шараларын ғылыми тұрғыдан саралауға мүмкіндік туды.

Бұл мақалада қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың рөлі мен маңызы қарастырылған. Әсіресе, физика пәнінің «Оптика» бөлімін оқытуда цифрлық ресурстарды, виртуалды зертханаларды және интерактивті платформаларды қолдану тиімділігі сипатталады. Цифрлық білім беру ресурстары мен жасанды интеллект құралдарының оқушылардың оқу материалын терең меңгеруіне, зерттеушілік дағдыларын дамытуына және пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпалы талданады. Мақалада виртуалды зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесі мен PhET симуляторын және p5.js платформасын қолдану жолдары ұсынылған. Сондай-ақ, цифрлық технологиялардың артықшылықтары мен қолданау жағдайлары, оларды тиімді қолданудың әдістемелік шарттары мен бағалау құралдарының маңызы көрсетілген.

Түйін сөздер: цифрлық технология, виртуалды зертхана, оптика, цифрлық құзыреттілік, білім беру, интерактивті платформа.

Бүгінде білім беру саласында цифрлық технологиялардың рөлі артып келеді. Білім беру жүйесі цифрлық білім беру ресурстары және жасанды интеллект технологиялары арқасында қарқынды дамып келеді. Оқыту процесіне жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын, АКТ енгізу оқушылардың білім сапасын арттырудың, оқу материалдарын тереңірек түсінудің және оқуға деген қызығушылықты сақтаудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Әсіресе, күрделі физикадағы ұғымдарды тереңірек түсініп, бағдарламаны меңгеруге жол ашады. Ғылыми әдебиеттерге сүйенсек, АКТ түсінігін М.И.Винокурова, В.П. Ингатьев, А.А. Дарамаева және т.б. ғалымдар зерттегенін байқаймыз. Олардың пайымдауынша, цифрлық құзыреттілікті білім, дағдылар, қатынастар, құндылықтар, сондай-ақ білім беру әс-әрекетінде

АКТ-на дамытуға мүмкіндік беретін жеке тұлғалық қасиеттер ретінде сипаттайды.

Педагогтер цифрлық құралдарды, платформаларды және ресурстарды қолдана отырып, оқушыларға сапалы білім беру мүмкіндігін арттыра алады. Мысалы, оптикалық құбылыстарды визуализациялау үшін компьютерлік симуляциялар мен анимацияларды қолдану білім алушылардың материалды тереңірек түсінуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, интерактивті әдістер мен цифрлық ресурстары оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқу процесін жеңілдетеді.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі цифрлық технологиялар – оқу үдерісін жаңғыртудың маңызды құралы. Орта білім беру бағдарламасына сәйкес физиканы оқыту бағдарламасының «Оптика» курсына оқытуда да заманауи интерактивті платформаларды қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, танымдық, зерттеушілік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Осыған орай, цифрлық технологияларды тиімді қолдану үшін бірқатар әдістемелік шарттарды сақтау қажет.

Цифрлық технологияларды тиімді қолданудың әдістемелік шарттары:

- Сабақтың құрылымын цифрлық ортаға бейімдеу;
- Цифрлық платформалардың дидактикалық мүмкіндіктерін ескеру;
- Зерттеушілік дағдыны қалыптастыратын практикалық тапсырмаларды цифрлық ортада ұйымдастыру;
- Кері байланыс пен цифрлық бағалауды жүйелі ұйымдастыру.

Цифрлық технологиямен жұмыс жасау барысында дәстүрлі сабақ құрылымына өзгерістер енгізу қажет. Әсіресе, жаңа тақырыпты түсіндіру, бекітуге практикалық тапсырмалар орындау және бағалау кезеңдерінде интерактивті құралдар мен цифрлық платформаларды сабақтың мақсатына сәйкес әзірлеу ұсынылады. Мұғалім сабақ жоспарын дайындау барысында оқушылардың жас ерекшелігі мен цифрлық сауаттылық деңгейін ескеріп, оқу материалын жеңіл қабылдайтындай етіп бейімдеуі қажет. Яғни, педагог цифрлық құралдарды тиімді пайдалана отырып сабақ құрылымын цифрлық ортаға бейімдейді.

Әрбір цифрлық платформа мен бағдарламаның өзіндік дидактикалық ерекшеліктері бар. Оларды тиімді қолдану үшін алдын – ала платформа мазмұнын, мүмкіндіктерін, педагогикалық артықшылықтары мен шектеулерін саралап, оқыту мақсатына сәйкестендіру қажет. Педагогтің цифрлық сауаттылық деңгейіне сәйкес, әрбір платформалардың мүмкіндіктерін тиімді үйлестіре отырып, сабақтың тиімділігін арттыруға болады.

Физика пәнінде, оның ішінде «Оптика» бөлімінде зертханалық жұмыстар маңызды орын алады. Виртуалды зертханалық жұмыстар арқылы оқушылардың тәжірибе жасауға қызығушылығы артып, зерттеушілік дағдысы дамиды. Мұндай практикалық тапсырмалар оқушыға:

- құбылысты бақылау;
- бастапқы мәліметтер негізінде болжам жасау;
- тәжірибе нәтижесін талдау;

– қорытынды шығару мүмкіндігін береді.

Бұл үшін PhET симуляторында кескін құру, жарықтың сынуы және шағылу заңдылықтарын зерттеу секілді тапсырмалар ұйымдастырылып, олардың нәтижесін кестеге толтыру, кескін сипаттамасын талдау ұсынылады.

Сабактың барлық кезеңдерінде оқушылардан жедел және сапалы кері байланыс алу – оқыту сапасын арттырудың негізгі құралы. Цифрлық платформалар бұл процесті оңтайландырып, бағалау үдерісін жеңілдетеді. Google Forms сауалнамалары, Plickers немесе т.б онлайн тесттер мен Learning Apps бағалау тапсырмалары арқылы:

- оқушылардың тақырыпты меңгеру деңгейін анықтау;
- түсінбеген тұстарын айқындау;
- жеке немесе топтық нәтижелерді салыстыруға мүмкіндік туады.

Мұндай тәсіл оқушылардың оқу белсенділігін арттырып, жауапкершілігін күшейтеді.

Практикалық тапсырмалар ішінде виртуалды зертханалар ерекше орын алады. Виртуалды зертханалық жұмыстарды PhET симуляторында немесе Algodoo платформаларында дайын зертханалық жұмыстарда физикалық шамалардың мәндерін, оптика бөлімінде әртүрлі линзаларды таңдай отырып жасауға болады. Немесе арнайы онлайн редакторлар мен бағдарламалау тілдерін пайдалана отырып виртуалды зертханалық жұмыстар құруға болады.

«Оптика» бөлімін оқытуда ұсынылатын виртуалды зертханалық жұмыстар:

1. Жарықтың түзусызықты таралуы.
2. Жарықтың шағылуы.
3. Жарықты әртүрлі ортада сынуы және сыну көрсеткіші.
4. Линзадан кескін алу.
5. Интерференция және дифракция құбылысы.

Практикалық тапсырмаға нұсқаулық:

PhET симуляторында кескін құру.

1. <https://phet.colorado.edu/kk/simulation/geometric-optics> сілтемесі арқылы симуляторды ашыңыз.

2. Geometric Optics немесе Линзалар және айна бөлімін таңдаңыз.

3. Линза таңдаңыз. Жоғарғы менюде Convex Lens (жинағыш) немесе Concave Lens (шашыратқыш) түрін таңдаңыз.

4. Нысан орнын белгілеңіз. Нысанды линзадан әртүрлі қашықтықта қойып көріңіз:


– $2F$ – тан тыс;

F пен $2F$ арасында;

F – тан жақын.

5. Сәулелерді бақылаңыз. Сәулелердің таралу бағытын көріп, кескіннің пайда болу орнын, өлшемін, сипаттамасын анықтау.

6. Нәтижені кестеге түсіріп жазу.



Сурет 1. PhET Interactive Simulations платформасында жинағыш линзаның көмегімен кескін алу.

Берілген практикалық нұсқаулық дайын симуляторда оптикалық құбылысты бақылауға мүмкіндік береді. Осындай виртуалды зертханалық жұмысты p5.js онлайн платформасында Javascript тілінің мүмкіндіктерін қолдана отырып құруға болады.

Мұндай зертханалық жұмыс оқушыға:

- тәжірибе жасау (параметрлерді өзгерту);
- кескіннің өзгерісін бақылау;
- нәтижені талдау;
- қорытынды шығаруға мүмкіндік береді.

Мұғалім виртуалды зертхананы құрастыру барысында интерфейс қарапайымдылығына, оқушының жас ерекшелігіне сай мазмұн таңдауға және дидактикалық мақсатқа сәйкестігіне баса назар аударуы тиіс.

Виртуалды зертхананың жұмыс істеу алгоритмі:

- `creatCanvas (800, 400)` – жұмыс аймағының өлшемі белгіленеді.
- `draw ()` функциясында:
- оптикалық ось пен линза, нысан және кескін бейнеленеді.
- сәулелер бағыты сызылып, олардың линзадағы сынғаннан кейінгі қозғалысы көрсетіледі.
- нысан мен кескінге мәтіндік белгілер беріледі.

Бағдарламаның артықшылығы:

- оқушы визуалды түрде сәулелердің қозғалысын және кескіннің пайда болуын бақылай алады.
- линзаның негізгі қасиеттерін түсінуге көмектеседі.
- бірнеше параметрлерді өзгерту арқылы оқытушы бағдарлама кодын кеңейтіп, түрлі тәжірибелер жасауға бейімдей алады.

Сабақтың практикалық бөлігінде оқушыларға бағдарлама сілтемесі беріледі немесе бағдарлама демонстрациялық түрде интерактивті тақтада

көрсетіледі. Оқушылар кескіннің қайда пайда болатынын болжайды, тәжірибе нәтижесін кестеге түсіріп, қорытынды жасайды.

Кесте 1. Оптика бөлімін оқытуда қолданылатын цифрлық платформалардың артықшылықтары мен қолдану жағдайлары.

Платформа атауы	Артықшылықтары	Қолдану жағдайлары
PhET Interactive Simulations	<ul style="list-style-type: none"> - Физикалық құбылыстарды визуалды модельдеу мүмкіндігі - Интерактивті тәжірибе жасау - Ашық, тегін қолжетімділік 	<ul style="list-style-type: none"> - Линзалар, жарық құбылыстары бойынша тәжірибе жасау - Кескін құру заңдылықтарын бақылау және өлшеу - Практикалық сабақ, үй жұмысы
LearningApps.org	<ul style="list-style-type: none"> - Интерактивті тапсырмалар (сәйкестендіру, викторина, тест) құруға қолайлы. - Топтық және жеке жұмысқа тиімді - Оқушылардың белсенділігін арттырады 	<ul style="list-style-type: none"> - Тақырыпты бекіту кезінде - Қайталау және бағалау кезінде - Оқушылардың білімін тез тексеру
Padlet	<ul style="list-style-type: none"> - Оқушылармен интерактивті тақтада бірлесіп жұмыс жасау - Кері байланыс және идеялар жинау - Оқушылардан жедел ақпарат алу 	<ul style="list-style-type: none"> - Сабақтың кіріспе бөлімінде (жұмбақ, болжам жасау) - Рефлексияда «не білдім?», «не қиын болды?» жазу
Google Forms	<ul style="list-style-type: none"> - Тест, сауалнама, кері байланыс құру мүмкіндігі - Нәтижелерді автоматты таңдау - Оқушылардан жедел ақпарат алу 	<ul style="list-style-type: none"> - Формативті бағалау (тест) - Сабақ соңында кері байланыс - Студенттердің пікірін жинау
Fliki.ai	<ul style="list-style-type: none"> - Жасанды интеллект арқылы мультимедиялық видео жасау - Дыбыстық және визуалды контент әзірлеу мүмкіндігі 	<ul style="list-style-type: none"> - Жаңа тақырыпқа қызықтыру мақсатында видео көрсету - Түсіндірмелік материал әзірлеу
Canva	<ul style="list-style-type: none"> - Графикалық дизайн жасауға қолайлы - Презентация, инфографика, постер құру мүмкіндігі 	<ul style="list-style-type: none"> - Сабаққа көрнекілік әзірлеу - Оқушыларға тақырып бойынша инфографика дайындау тапсырмасы
Plickers	<ul style="list-style-type: none"> - Өткен білімді тексеруде немесе тақырыпқа кіріспе ретінде білімдерін тез тексеруде ыңғайлы - Тест тапсырмалары арқылы кері байланыс құру 	<ul style="list-style-type: none"> - Тақырыпты бекіту кезеңінде - Оқушылардың білімін тез тексеру

Цифрлық технологияларды білім беру үдерісіне дұрыс енгізу мұғалімдер мен оқушыларды сандық дағдыларға баулу арқылы білім сапасын арттыруға

қол жеткізуге болады. Осы бағыттағы әдістемелік ұстанымдарды жүйелі түрде жүзеге асыру педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін дамытып, оқу процесін тиімді әрі заманауи талаптарға сай етуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер

1 ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы №988 Қаулысы ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 ж. Арналған мемлекеттік бағдарламасы.

2 Иванов И.И. Использование виртуальных лабораторных работ в обучении физике: современные подходы и перспективы// Образование и наука. – 2022. – №3.

3 Мұқанов С.Т. Жаратылыстану пәндерін оқытуда интерактивті технологияларды пайдалану // Білім және ғылым. – 2020. №5.

4 Мұхамбетжанова С.Т., Оспанова А.А. Цифрлық білім беру ресурстары және оларды физика сабақтарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ ұлттық университеті. – 2021.

5 Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі. Оқулық. – Тараз, 2023.

ҒТАМР 27.01.45

ОРТА БІЛІМНЕН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДА АЛГЕБРА ЖӘНЕ АНАЛИЗ БАСТАМАЛАРЫ ПӘНІН ЭКОНОМИКА МАМАНДЫҚТАРЫНА БЕЙІНДІК ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Ж.А. Халила

*Магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ.*

Мақалада «Алгебра және анализ бастамалары» пәнін орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында экономика мамандықтарына бейіндік оқытудың әдістемесі қарастырылады. Пәннің мазмұнын экономика саласына сәйкестендіріп беру жолдары, қолданбалы бағыттағы оқыту әдістері мен құралдары, яғни оқыту процесін ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылады. Сонымен қатар, математикалық білімнің экономикалық ойлау қабілетін дамытудағы рөлі және болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы маңыздылығы талданады. Пәнді оқытуда интерактивті тәсілдер мен тәжірибеге бағытталған әдістемені қолданудың тиімділігін көрсетеді. Мақала білім сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстармен түйінделеді.

Түйін сөздер: алгебра және анализ бастамалары, экономика мамандығы, әдістеме, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, бейіндік оқыту.

Еліміздің білім беру жүйесінде математикалық білімнің сапасы мен деңгейі экономикалық мамандықтар үшін маңызды рөл атқарады. Алгебра және математикалық анализ бастамалары пәндері студенттердің логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, аналитикалық дағдыларын қалыптастыруға және экономикалық модельдерді түсіну мен қолдануға негіз қалайды. Осы пәндерді оқыту әдістемесі экономикалық бағыттағы мамандықтар үшін ерекше маңызға ие. Бүгінгі таңда Қазақстандағы білім беру саласы халықаралық стандарттарға сай жаңғырып, еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби мамандарды даярлауға бағытталып отыр. Соның ішінде, экономика саласы қаржы, басқару және өндіріс үдерістерінің күрделенуіне байланысты терең математикалық білім мен дағдыларды қажет етеді. Осы орайда, экономика бағытын таңдаған студенттер үшін математика пәнін, атап айтқанда «Алгебра және анализ бастамалары»

курсын бейіндік деңгейде оқыту – білім беру процесінің маңызды бөлігіне айналып отыр. Бұл пән тек теориямен шектелмей, болашақ мамандардың логикалық ойлау қабілетін дамытып, экономикалық мәні бар есептерді шеше білуіне жағдай жасайтын нақты әдістемелік тәсілдерге негізделуі қажет.

Алгебра және анализ бастамалары пәнінің экономика мамандықтарындағы маңызы.

Пән мазмұнының ерекшелігі. «Алгебра және анализ бастамалары» курсы – математиканың негізгі бөлімдерін қамтитын және кәсіби бағытта білім беруге арналған пәндердің бірі. Бұл курста функциялар мен олардың түрлері, шек, туынды, алғашқы функция және интегралдау әдістері, логарифмдік және көрсеткіштік функциялар, теңсіздіктер мен теңдеулерді шешу, қатарлар сияқты маңызды тақырыптар қарастырылады. Экономикалық есептерде бұл ұғымдар жиі кездесіп отырады: сұраныс пен ұсыныс модельдері, өндіріс көлемін болжау, табыс пен шығынды есептеу, маржиналдық көрсеткіштерді анықтау – осылардың барлығы алгебралық және анализдік әдістерді меңгеруді талап етеді.

Пәннің экономикалық мазмұнмен ықпалдасуы экономика мамандығына бейіндік оқыту жүргізілгенде пән мазмұны экономикалық ұғымдармен байланыстырылып беріледі. Мысалы, туындыны шекті өнімділікті табуда қолдану, функциялардың қиылысу нүктесі арқылы нарықтағы тепе-теңдікті анықтау немесе көрсеткіштік функция арқылы капиталдың дисконтталуын есептеу сияқты әдістер білім алушыларға теория мен практиканы ұштастырып меңгеруге мүмкіндік береді. Мұндай ықпалдасу тәсілі студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, болашақ кәсібімен байланысын нығайтады.

Бейіндік оқытудың дидактикалық негіздері.

Бейіндік оқытудың мақсаты мен міндеттері.

Бейіндік оқыту – білім алушының болашақ кәсіби бағытына сәйкес пәндерді терең әрі мақсатты түрде меңгеруін қамтамасыз ететін оқыту жүйесі. Орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінде бейіндік оқытудың басты мақсаты – студентті таңдаған мамандығына қажетті ғылыми және қолданбалы біліммен қамтамасыз ету, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Математиканы бейіндік бағытта оқытудың ерекшеліктері.

Экономика бағытында білім алып жатқан студенттерге математика пәнін бейіндік түрде оқытқанда, оқытушы оқу мазмұнын мамандықтың талабына сай бейімдеуі тиіс. Практикалық маңызы бар есептерге басымдық беру, нақты деректермен жұмыс істеу, жобалық тапсырмалар мен іскерлік ойындарды қолдану – студенттің кәсіби ойлауын дамытуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, математикалық модельдеу, графикалық талдау және аналитикалық есептеулерді тиімді пайдалану да басты назарда болуы керек.

Оқыту әдістемесі мен технологиялық шешімдер.

Пәнаралық кіріктірілген оқыту.

Бұл әдісте математикалық және экономикалық білімдер өзара байланыста беріледі. Мәселен, функция тақырыбын түсіндіру кезінде нақты өндірістік немесе қаржылық деректер негізінде математикалық модель құрастыру

ұсынылады. Студенттер Excel, GeoGebra сияқты бағдарламаларды қолданып графиктер салып, берілген мәліметтерді талдайды.

Жобалық оқыту әдісі.

Жобалық әдіс студенттерге өз бетімен ізденіп, нақты экономикалық жағдайды талдау арқылы жоба дайындауға мүмкіндік береді. Мысалы, «Кәсіпорын табыстылығын зерттеу» немесе «Несие төлемін болжау» секілді жобалар арқылы білім алушылар теориялық білімін практикамен байланыстырып үйренеді.

Ақпараттық технологияларды пайдалану.

Білім беру үдерісінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану маңызды рөл атқарады. Сандық платформалар (Moodle, Google Classroom), интерактивті тапсырмалар, онлайн калькуляторлар мен графиктік симуляциялар студенттердің материалды көрнекі түрде қабылдауына мүмкіндік береді. Бұл кезегінде оқытудың сапасын арттырады және студенттердің дербес жұмыс істеу дағдысын дамытады.

Практикалық сабақтарды ұйымдастыру жолдары.

Экономикалық мазмұндағы есептері енгізу.

Сабақ барысында экономикамен байланысты мынадай есептер қолданылады:

– Шығын функциясы $C(x) = 5x + 2000$, табыс функциясы $R(x) = 20x$. Пайда функциясын анықтап, оның максимум мәнін табу.

– Пайыздық есеп: 10 миллион теңге көлемінде несие 3 жылға 12% жылдық өсіммен берілді. Қарапайым және күрделі пайым әдістері арқылы төлем сомасын есептеу.

– Сұраныс пен ұсыныс функциялары $D(p) = 100 - 2p$ және $S(p) = 20 + 3p$. Нарықтағы тепе-теңдік бағасын анықтау.

Зерттеу және жобалау тапсырмалары.

Анықталған интегралдың экономикада қолданылуына мысалдар қарастырайық.

Айталық $f(x) = -ax^2 + b$ ($a \in R, b \in R$) функциясы еңбек өнімділігінің өзгерісін анықтасын. Жұмыс күнінің соңғы сағатында өндірілетін өнім мөлшерін анықтаңыз. (жұмыс күні сегіз сағат, яғни $7 \leq x \leq 8$).

Шешуі: (1) формуласы бойынша

$$Q = \int_7^8 (-ax^2 + bx) dx = \left(-a \frac{x^3}{3} + b \frac{x^2}{2}\right) \Big|_7^8 = \left(-\frac{a}{3} \cdot 8^3 + \frac{b}{2} \cdot 8^2\right) - \left(-\frac{a}{3} \cdot 7^3 + \frac{b}{2} \cdot 7^2\right) = 7.5b - 56\frac{1}{3}a = A \quad (b > a)$$

Демек, соңғы жұмыс сағатында А (шартты бірл.) өнім өндірілген.

Өндіріс шығындары $y = ax^2 + bx + c$ (ақша бірл.) формуласымен анықталса, мұндағы x – өндірілген өнім бірлігінің мөлшері болсын. Егер өнім мөлшері 0 мен Т шартты бірлік аралығында өзгертін болса, онда өндіріс шығындарының орташа мәні қалай болады?

Шешуі: $y = f(x)$ функциясының орташа $f(x_0)$ мәнін былай есептеуге болады:

$$\begin{aligned}\mu &= \frac{\int_0^T (ax^2 + bx + c)dx}{b - a} = \frac{1}{T - 0} \left(\frac{ax^3}{3} + \frac{bx^2}{2} + \frac{cx}{1} \right) \Big|_0^T \\ &= \frac{1}{T} \left(\frac{aT^3}{3} + \frac{bT^2}{2} + \frac{cT}{1} \right) = \frac{aT^2}{3} + \frac{bT}{2} + c = H\end{aligned}$$

$y = f(x)$ функциясы үзіліссіз болғандықтан орташа мәнін қалайда бір x_0 нүктесінде қабылдайды, яғни $f(x_0) = \mu$ болмаса $ax_0^2 + bx_0 + c = \mu$ орындалады; яғни $ax_0^2 + bx_0 + c - \mu = 0$ теңдеуді шешіп, түбірлерін табамыз:

$$(x_0)_1 = l_1 = R, (x_0)_2 = l_2 = R$$

Мұнда, l_1, l_2 ең болмағанда біреуі оң болуы керек. Егер $l_1 < 0$ болса, онда есеп шартын $(x_0)_2$ (шартты бірл.) қанағаттандырады.

Экономикада сызықтық функцияның қолданылуы туралы айтсақта болады. Бұл алгебра және анализ бастамаларының алғашқы бөлімі болып табылады. Сызықтық функцияны экономика мамандарына қолдану олардың мамандығына деген қызығушылығын оятып қана қоймай, пәнді оқуға ынтасын арттырады. Сызықтық функцияның экономикада қолданылуына мысалдар келтірер болсақ:

D қандай да бір сандар жиыны делік. Егер әрбір $x \in D$ санына толық анықталған бір ғана y санын сәйкес қоятын f ережесі көрсетілсе, онда D жиынында анықталған сандық мәнді функция берілді деп сонымен қатар оны

$y = f(x) \quad x \in D$ деп белгілейміз.

D – функцияның анықталу аймағы.

E – функцияның мәндер жиыны.

Бұл жағдайда E жиыны D жиынының f функция бойынша алынған бейнесі болады.

Студенттерге өз бетінше есептер құрастыру, мәлімет жинау және оларды математикалық модельдеу арқылы сараптау тапсырмалары беріледі. Бұл жұмыс түрлері олардың зерттеушілік біліктілігін арттырып, деректермен жұмыс істеу қабілетін дамытады.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету және бағалау тәсілдері.

Оқу материалдары мен құралдар.

Сабақта келесі оқу материалдары пайдаланылады:

- Қолданбалы математика оқулықтары;
- Интерактивті тапсырмалар мен мысалдар жинағы;
- Электронды оқу құралдары және бейнесабақтар;
- Экономика бағытындағы есептер топтамасы.

Білімді бағалау өлшемдері.

Студенттердің оқу жетістіктерін бағалау келесі көрсеткіштерге сүйенеді:

- Теориялық білімді меңгеру деңгейі;
- Практикалық тапсырмаларды орындау дәлдігі мен тереңдігі;
- Жобалық жұмыстардың мазмұны және ұсынылу сапасы;
- Қорытынды бақылау тестілері мен емтихан нәтижелері.

Қорытынды.

Экономика мамандықтарына арналған «Алгебра және анализ бастамалары» пәнін бейіндік бағытта оқыту – болашақ мамандардың кәсіби даярлығын қамтамасыз етудің маңызды құралы. Пән мазмұнын экономикалық ұғымдармен үйлестіре оқыту арқылы студенттердің логикалық ойлауы мен модельдеу дағдылары жетілдіріледі, нақты есептерді шешу қабілеті қалыптасады. Заманауи оқыту технологиялары мен әдістерін тиімді қолдану – оқу сапасын арттырудың негізгі тетігі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Жұмабаева М. Қолданбалы математика. – Алматы, 2020.
- 2 Төлешова Ж. Экономика үшін математикалық модельдеу негіздері. – Астана, 2021.
- 3 ҚР БҒМ. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған оқу бағдарламасы, 2022.
- 4 Ілясов Е., Сатыбалды А. Экономикалық есептерге арналған математика. – Алматы, 2019.
- 5 Мұхтарова А. Бейіндік оқытудың педагогикасы. – Шымкент, 2023.
- 6 Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007.

ҒТАМР 34.01.45

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Д.Б. Әділ

Магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Г.У. Байташева

*Ғылыми жетекші, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ.*

Бұл мақалада экологиялық білім беруде жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын пайдаланудың теориялық және әдістемелік негіздері қарастырылады. Ғаламдық экологиялық мәселелердің ушығуы мен білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясы жағдайында ЖИ-дің рөлі ерекше мәнге ие болуда. Жасанды интеллекттің экологиялық құбылыстарды модельдеу, оқытуды жекелендіру, деректерді визуализациялау, экологиялық мониторинг жүргізу және оқушылардың зерттеушілік дағдылары қалыптастыру сияқты мүмкіндіктерін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан талданады. Сондай-ақ, оқушылардың экологиялық санасын, құндылықтық бағдарын, сыни және жүйелі ойлау қабілеттерін дамытудағы әлеуеті ашып көрсетілген. Экологиялық сауаттылықты арттыруда интерактивті платформалар мен интеллектуалды оқыту жүйелерінің тиімділігі сипатталып, олардың білім беру үдерісіндегі орны мен маңызы дәлелденеді. Зерттеу нәтижелері білім беру кеңістігінде ЖИ-ді тиімді қолдану арқылы оқушылардың қоршаған ортаға деген жауапкершілік көзқарасын қалыптастыруға, экологиялық шешімдер қабылдау қабілетін дамытуға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Түйін сөздер: экологиялық білім беру, жасанды интеллект, ЖИ құралдары мен алгоритмдері, тұрақты даму білімі, цифрлық технологиялар, жекелендірілген оқыту, ЖИ арқылы модельдеу және болжау, геймификация, 3D модельдер.

Қазіргі таңда адамзат алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі – қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Ғаламдық экологиялық проблемалардың күрделенуі экологиялық білім берудің маңыздылығын арттырып, оның мазмұнын жаңартуды және оқыту әдістерін жетілдіруді талап етеді. Білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды қолдану – заман талабы болып табылады. Соның ішінде жасанды интеллект технологиялары оқу процесін жекелендіруге, визуализация арқылы күрделі

экологиялық құбылыстарды түсіндіруге және оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Экологиялық білім беру – бұл жеке тұлғаның табиғатқа деген жауапкершілігін арттыруға және тұрақты даму қағидаттарын ұстануға бағытталған білім жүйесі. 9-сынып Биология пәні оқулығының 6-бөлімі тыныс алуға байланысты. Анаэробты және аэробты тыныс алу тақырыбында ЖИ көмегімен оттекті немесе оттексіз тыныс алу айырмашылығын көре аламыз. Ал, бөліп шығару (7-бөлім) бөліміндегі тақырыптар аясында бүйрек құрылысын ЖИ құралдары арқылы көрсету арқылы, білім алушылар бүйрек құрылысын, нефрон құрылысын өз тәнінен өткізіп, сезе алады. Сондай-ақ көзбен көру, қолмен ұстағанға теңеседі. Сонымен қатар, «Координация және реттелу» бөлімінде нейрон түрлері, жүйке импульсі, нейрогуморальды реттелу, т.б өздеріне қиындық туғызатын тақырыптар аясында оқушылар ЖИ көмегімен аталған процестері толығырақ түсіне алады. Ол тұлғаның экологиялық мәдениетін, санасын және құзыреттілігін қалыптастыруға негізделеді. Қазіргі таңда экологиялық білім беру жүйесінде дәстүрлі әдістермен қатар, заманауи технологияларды пайдалану қажеттілігі туындауда. Жасанды интеллекттің дамуы білім беру жүйесіне жаңа әдістемелік тәсілдер енгізуге жол ашады.

Жасанды интеллект – үлкен көлемдегі деректерді өңдеп, оларды талдау арқылы шешім қабылдайтын алгоритмдер жиынтығы. ЖИ технологияларын білім беру жүйесіне енгізу оқыту үдерісін жекелендіруге, күрделі экологиялық құбылыстарды модельдеуге және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған инновациялық шешімдер ұсынуға мүмкіндік береді. Экологиялық білім беруде ЖИ-дің қолданылуы оқушылар мен студенттердің табиғатқа деген жауапкершілігін арттырып, олардың ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Жасанды интеллект технологиялары білім беру саласында бірнеше негізгі бағытта қолданылады. Біріншіден, ол оқыту процесін жекелендіруге мүмкіндік береді. ЖИ алгоритмдері әрбір оқушының білім деңгейін талдап, олардың қабілеттеріне сәйкес оқу материалдарын ұсынады. Бұл әдіс оқыту сапасын арттыруға және әрбір білім алушыға тиімді оқыту стратегиясын жасауға көмектеседі. Екіншіден, ЖИ автоматтандырылған бағалау жүйелерін дамытуда кеңінен қолданылады. Ол тест нәтижелерін талдау, оқушылардың үлгерімін бағалау және олардың әлсіз тұстарын анықтау үшін қолданылады. Үшіншіден, жасанды интеллект білім беру саласында интерактивті құралдар жасауға мүмкіндік береді. Виртуалды зертханалар, толықтырылған шындық технологиялары және интеллектуалды оқыту платформалары экологиялық құбылыстарды нақты модельдеуге мүмкіндік береді.

Экологиялық білім беруде ЖИ қолданудың мүмкіндіктері сан алуан. Ең алдымен, ЖИ көмегімен экологиялық құбылыстарды модельдеуге болады. Бұл оқушыларға табиғаттағы өзгерістерді визуалды түрде бақылауға мүмкіндік береді. Мысалы, климаттың өзгеруі, мұздықтардың еруі немесе атмосфералық өзгерістер сияқты күрделі процестерді 3D модельдер арқылы көрсетуге болады. Сонымен қатар, жасанды интеллект экологиялық мониторинг жүргізуге

мүмкіндік береді. Заманауи ЖИ алгоритмдері табиғи ортаның жағдайын бағалай отырып, ластану деңгейін болжай алады. Бұл оқушылардың аналитикалық ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Экологиялық білім беруде геймификация элементтерін қолдану жасанды интеллект арқылы жүзеге асырылуда. Интерактивті ойындар мен симуляциялар оқушылардың қызығушылығын арттырып, экологиялық мәселелерді шешуге ынталандырады. Оқушылар виртуалды ортада экожүйенің тепе-теңдігін сақтау бойынша тәжірибе жасап, қоршаған ортаны қорғау шараларын үйрене алады. Сонымен қатар, жасанды интеллект экологиялық мәселелерді шешуде болашақта маңызды рөл атқарады. Ол үлкен деректерді талдау арқылы экологиялық апаттардың алдын алуға, қоршаған ортаға әсер ететін факторларды зерттеуге және экологиялық шешімдерді ұсынуға көмектеседі.

Жасанды интеллект технологияларын экологиялық білім беруге енгізу оқушылардың қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтіп, олардың экологиялық жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. ЖИ көмегімен оқушылар күрделі экологиялық құбылыстарды түсініп қана қоймай, олардың салдарын болжау және алдын алу бойынша нақты шешімдер қабылдауға үйренеді. Зерттеу нәтижелері жасанды интеллект экологиялық білім беруді жетілдірудің тиімді құралы екенін көрсетеді. Ол оқыту процесін жекелеңдіріп, оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға және қоршаған ортаны қорғауға деген белсенді ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Болашақта ЖИ технологияларын экологиялық білім беру саласына кеңінен енгізу білім сапасын арттырып, оқушылардың экологиялық санасын жаңа деңгейге көтеретін маңызды қадамдардың бірі болмақ. Жасанды интеллект құралдарының экологиялық білім берудегі қолданысына мысал ретінде ұсынылды (кесте-1).

Кесте 1. Жасанды интеллект құралдарының экологиялық білім берудегі қолданысы.

Құрал атауы	Сипаттамасы	Оқытудағы қолданысы	Экологиялық мазмұндағы мысалы
ChatGPT / Copilot	Тілдік модельге негізделген диалогтық көмекші	Экологиялық ұғымдарды түсіндіру, мәтін құрастыру, эссе жазу	«Қоқыссыз қала» жобасы бойынша сценарий жазу
Google Earth Engine	Жер серіктерінен алынған деректерге негізделген экожүйелерді бақылау платформасы	Географиялық және экологиялық деректерді визуализациялау, карта жасау	Орманның жойылу деңгейін талдау, климаттық өзгерістер мониторингі
Classcraft	Геймификация негізінде оқушыларды ынталандыратын платформа	Экологиялық викториналар, марапаттау жүйелері	«Су – тіршілік көзі» атты квест сабағы
TinkerCad AI модульдері	3D модельдеу және ЖИ алгоритмдерін біріктіретін құрал	Виртуалды экожүйелер құрастыру, оқушылардың инженерлік дағдыларын дамыту	Ластанған өзен моделін жасап, ЖИ арқылы газарту стратегиясын жасау
Socrative	Онлайн тесттер мен	Қайталау, бекіту,	«Биосфераның

Құрал атауы	Сипаттамасы	Оқытудағы қолданысы	Экологиялық мазмұндағы мысалы
Kahoot + AI	викториналар жасауға арналған құралдар	диагностика	«құрылымы» тақырыбын бекітуге арналған тест

Қазіргі білім беру кеңістігінде жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары оқыту үдерісін түбегейлі өзгертуге қабілетті инновациялық құрал ретінде қарастырылып отыр. Әсіресе экологиялық білім беру саласында ЖИ оқушылар мен студенттердің табиғатқа жауапкершілікпен қарау, экологиялық құбылыстарды ғылыми тұрғыда түсіну және қоршаған ортаны сақтау бағытындағы белсенді әрекеттерін қалыптастыруда маңызды әдістемелік рөл атқарады.

ЖИ технологиялары оқыту процесін жекелендіріп, әрбір оқушының білім деңгейі мен танымдық қабілетіне сәйкес бейімделген мазмұн ұсына алады. Бұл мүмкіндіктер, ең алдымен, IBM Watson Education, Google Classroom AI, Khan Academy AI сынды платформалар арқылы жүзеге асырылуда. Мұндай жүйелер оқушылардың оқу траекторияларын талдап, оқу материалдарын бейімдеу, әлсіз тұстарын анықтау және кері байланыс беру арқылы тиімділікті арттырады. Сонымен қатар, ЖИ технологиялары экологиялық процестерді визуализациялау мен модельдеуде кеңінен қолданылады. Google Earth Engine сынды платформалар жаһандық спутниктік деректерді талдау арқылы орман жойылуы, климаттың өзгеруі, су ресурстарының сарқылуы сияқты күрделі экологиялық өзгерістерді нақты уақыт режимінде көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың экожүйелердің өзгеру заңдылықтарын нақты деректерге сүйеніп, ғылыми негізде бағалауына жағдай жасайды.

Экологиялық мәселелерді терең түсіну үшін ЖИ-ге негізделген симуляциялар мен интерактивті ойындар маңызды орын алады. EcoBuddy, Classcraft, Minecraft Education Edition сынды экологиялық мазмұнмен байытылған ойын платформалары білім алушыларды виртуалды экожүйелерді басқаруға, табиғатты сақтау бойынша шешімдер қабылдауға баулиды. Мұндай геймификация элементтері оқушылардың мотивациясын арттырып қана қоймай, олардың экологиялық этиканы ішкі сеніммен қабылдауына әсер етеді. Сонымен қоса, Peltarion және ThingSpeak+MATLAB AI секілді ЖИ платформалары нақты экологиялық деректерді өңдеуге және экологиялық апаттардың алдын алу бойынша модельдеу жүргізуге мүмкіндік береді. Мәселен, ауа сапасын өлшейтін сенсорлардан алынған деректерді ЖИ арқылы талдап, экологиялық тәуекелдерді болжау мүмкіндігі туындайды. Бұл оқушылардың сыни ойлауын дамытып, экологиялық құбылыстарды ғылыми негізде түсінуіне жол ашады.

Жасанды интеллект арқылы жүргізілетін оқыту пәнаралық байланысты күшейтеді. Биология, химия, география, информатика пәндері аясында экологиялық білімді ЖИ құралдары арқылы біріктіру оқушыларға экологиялық құбылыстарды жүйелі түсінуге көмектеседі. Айтылған деректермен қатар, білім алушылар зерттеу дағдыларын дамыта отырып, нақты экологиялық деректермен жұмыс істейді, бұл олардың ғылыми-зерттеу әрекетіне бейімділігін

арттырады.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, ЖИ технологиялары экологиялық білім берудің дәстүрлі әдістеріне тың серпін береді. Ол оқыту процесін жекелендіріп қана қоймай, оқушылардың экологиялық проблемаларға деген қатынасын қайта қалыптастырады, олардың экологиялық санасын, жауапкершілігін және тұрақты даму қағидаттарын ұстану қабілетін дамытады. Осындай әдістемелік әлеуеті бар ЖИ құралдарын оқу бағдарламасына енгізу – заман талабына сай экологиялық сауатты ұрпақ тәрбиелеудің сенімді жолы. Экологиялық білім беруде қолданылатын ЖИ құралдарының сипаттамасы және әдістемелік әлеуетіне мысал ретінде 2-кесте ұсынылды.

Кесте 2. Экологиялық білім беруде қолданылатын ЖИ құралдарының сипаттамасы және әдістемелік әлеуеті.

№	Құрал / платформа атауы	Техникалық сипаттамасы	Қолдану мақсаты мен әдістемелік әлеуеті
1	Google Earth Engine	Спутниктік деректерді өңдейтін бұлтты платформа	Климат өзгерісі мен ластану деңгейін визуалды бақылау, экожүйе карталарын талдау
2	IBM Watson Education	Табиғи тілде өңдеу (NLP), деректерді сараптау, оқу траекторияларын жасау	Жекелендірілген оқыту, оқушы қабілеттеріне сәйкес мазмұн іріктеу
3	Peltarion AI	Машиналық оқыту модельдерін қолданушы интерфейсі арқылы құру	Экологиялық шешімдерді болжау, экожүйе процестерін модельдеу
4	ThingSpeak + MATLAB AI	IoT құрылғылардан алынған деректерді ЖИ арқылы өңдеу	Су, ауа сапасын қадағалау жобаларында нақты деректер негізінде оқыту
5	EcoBuddy (авторлық идея)	Виртуалды эко-ассистент, геймификацияланған оқыту ортасы	Оқушыларды экологиялық шешім қабылдауға машықтандыру, VR/AR көмегімен үйрету
6	Khan Academy AI tools	Бейімделетін оқыту модульдері, ЖИ сараптамасы	Экологиялық тақырыптарды деңгейлеп түсіндіру, нақтылау және бекіту
7	ChatGPT	Keң ауқымды тілдік модель, диалогтық оқыту құралы	Экологиялық терминдер мен ұғымдарды түсіндіру, ғылыми зерттеу жұмысына көмек
8	Scratch + AI Extension	Блоктық бағдарламалау негізінде ЖИ енгізу	Бастауыш және орта буында экологиялық модельдер құрастыру, STEAM-оқыту
9	Minecraft Education Edition	Интерактивті құрылыс әлемі, ЖИ плагиндерімен үйлеседі	Экожүйе модельдерін жасау, ресурстарды үнемдеу және қайта өңдеу машықтарын дамыту
10	Classcraft	Мотивациялық платформа, ойын элементтері мен ЖИ-мен талдау	Экологиялық тәрбиеге бейімделген сценарийлер жасау, мінез-құлыққа ықпал ету

Аталған құралдардың әрқайсысы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырумен қатар, экологиялық дүниетанымын, құндылықтық бағдарын және аналитикалық ойлау қабілетін дамытады. Сонымен қатар, экологиялық процестерді нақты деректермен байланыстырған кезде дерекке негізделген оқу (data-driven learning) жүзеге асады, бұл 21 ғасыр білімінің басты тренді. Әр құрал – нақты дағды мен құндылықты дамытатын тетік.

Экологиялық білім беру – ХХІ ғасырдағы жаһандық сын-қатерлерге жауап беретін маңызды педагогикалық бағыттардың бірі. Бұл білім саласының мақсаты – табиғатты ұғынатын, қоршаған ортаны бағалайтын және оны сақтауға белсенді қатысатын тұлғаны қалыптастыру. Алайда заманауи экологиялық мәселелердің күрделілігі, ақпарат көлемінің ұлғаюы және экожүйелік байланыстардың көпқырлылығы білім беру тәсілдерін жаңа деңгейге көтеруді талап етеді. Осындай қажеттілік жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын экологиялық білім беру жүйесіне енгізу арқылы жүзеге асырыла бастады.

Жасанды интеллект – табиғи-ғылыми құбылыстарды түсіндіруге, модельдеуге және болжауға мүмкіндік беретін әмбебап технологиялық құрал. Бұл зерттеуде ЖИ технологияларының экологиялық білім берудегі теориялық және әдіснамалық негіздері қарастырылды. Теориялық талдау көрсеткендей, жасанды интеллект экологиялық білімнің мазмұнын тереңдетіп қана қоймай, оны меңгерудің сапасын арттыруға, жекелендірілген оқыту үдерісін жүзеге асыруға, оқушылардың зерттеушілік және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Бұдан шығатын қорытынды – жасанды интеллектті экологиялық білім беру жүйесіне енгізу білім алушылардың танымдық белсенділігін қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау көзқарасын қалыптастырады. Сонымен қатар, бұл әдіс болашақта тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. ЖИ құралдарының әдістемелік әлеуеті әлі де толық игерілмегенімен, оларды білім беру тәжірибесіне кезең-кезеңімен ендіру арқылы экологиялық тәрбиені жаңа сапалық деңгейге көтеруге мүмкіндіктері бар. Білім алушыларға табиғаттағы қолайсыз жағдайларды виртуалды экожүйелерді көрсету арқылы танымдық белсенділіктерін арттырып, табиғатқа деген жанашырлық сезімдерін оятуға болады. Сондай-ақ, биология пәніндегі кез келген тақырыпта жасанды интеллект құралдарын қолдану оқушылардың көзбен көріп, сипап сезу мүшелерін дамытады деп айтуға болады.

Осы бағытта алдағы ғылыми ізденістер ЖИ технологияларының педагогикалық әлеуетін тереңірек зерттеуге, отандық білім жүйесіне бейімделген әдістемелерді жасауға және экологиялық мазмұнды цифрландыруға негіз болуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер

1 Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры // Елбасы кітапханасы. – Астана, 2018. – 26 б.

2 Юсупова А.Б., Сүлейменова Н.Ж. Жасанды интеллект технологияларын білім беруде қолдану ерекшеліктері // Білім берудегі инновациялар. – 2022. – №3 (45). – Б. 25-32.

3 Artificial Intelligence and Education: Guidance for Policy-makers. – Paris: UNESCO, 2021. – 110 p. – URL: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000376709>.

4 Тілеуғалиева С.М. Экологиялық білім берудің қазіргі жағдайы мен даму тенденциялары // Қазақстан педагогикалық журналдары. – 2023. – №4. – Б. 19-24.

5 Google Earth Engine: Explore satellite imagery and remote sensing data. <https://earthengine.google.com>.

6 Yudkowsky E. Artificial Intelligence as a Positive and Negative Factor in Global Risk // Global Catastrophic Risks / Ed. by N. Bostrom, M.M. Ćirković. – Oxford: Oxford University Press, 2008. – P. 308-345.

7 Байташева Г.У. Экологиялық білім беру және дүниетаным. – Алматы, изд.«Қыздар университеті». – 2013. – 254 б.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ, ӘСКЕРИ ІС ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК САЛАЛАРЫ

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ, ВОЕННОЕ ДЕЛО И
БЕЗОПАСНОСТЬ

LAW ENFORCEMENT, MILITARY AND
SECURITY

ҒТАМР 68.75.33

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПРОБАЦИЯ ЗАҢЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ МЕН ОНЫ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

К.Ж. Абдуалипова, М.Р. Көкешбаева

Қонаев университеті, Алматы қ.

Бұл ғылыми жұмыста Қазақстан Республикасындағы пробация институтының құқықтық негіздері, оны қолдану тәжірибесі және қазіргі кездегі жетілдіру жолдары қарастырылады. Пробация – сотталған адамдарды әлеуметтік-құқықтық қолдауға бағытталған, қылмыстың қайталануын алдын алуға септігін тигізетін маңызды құқықтық құрал болып табылады. Зерттеу барысында пробация қызметінің нормативтік-құқықтық базасына талдау жасалып, халықаралық тәжірибемен салыстырулар жүргізілді. Сонымен қатар, пробация қызметкерлерінің жұмысындағы негізгі проблемалар мен оларды шешу жолдары айқындалды. Жұмыста пробацияны тиімді қолдану үшін заңнамалық және ұйымдастырушылық сипаттағы нақты ұсыныстар берілді. Бұл зерттеу құқық қорғау органдарының, заңгерлердің және зерттеушілердің пробация институтын дамытуға қатысты көзқарастарын кеңейтуді мақсат етеді.

Түйін сөздер: пробация, қылмыстық-құқықтық саясат, қылмыстың алдын алу, әлеуметтік-құқықтық қолдау, пробация қызметі, құқық бұзушылық, сотталғандармен жұмыс, заңнаманы жетілдіру, ресоциализация, жазаны орындау, Қазақстан Республикасының заңнамасы.

Қылмыстық-атқару жүйесіндегі пробация – сынақ мерзімі мен пробация бақылауында болған кезеңде әрбір шартты түрде сотталған адамның жаңа қылмыс жасауының алдын алу мақсатымен, олардың жүріс-тұрысын одан әрі түзету үшін қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі оларға қатысты жеке әзірлейтін және іске асыратын әлеуметтік-құқықтық сипаттағы шаралар кешені.

Қылмыстық-атқару тәжірибесінің өзі және пробация туралы қолданыстағы заңнама пробация қызметінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға тиісті ықпал ету бағытын жүзеге асырудағы шешуші рөлін анықтайды. Бірқатар қылмыстық жазалардың және қылмыстық құқықтың басқа да шараларының орындалуын бақылаудың сақталған функциясы әлеуметтік қызметтердің кең спектрімен толықтырылады, олардың жүзеге асырылуы

қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға бейім адамдардың уәждемелік траекториясының өзгеруіне әкелуі тиіс. Адамның өмірлік жағдайының жақсаруын қылмыстық әрекетті төмендететін абсолютті фактор ретінде қарастыруға болмайды, соған қарамастан оның жеке қылмыстық мінез-құлық механизміне елеулі әсері көптен бері күмән тудырмайды.

Яғни, пробациялық бақылау – бұл сынақ мерзімі кезеңінде әлеуметтік-құқықтық көмек алуға жәрдем көрсете отырып, шартты түрде сотталғандарға сот жүктеген міндеттердің орындалуына және олардың жүріс-тұрысына бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің жұмысы.

Елімізде пробациялық бақылауды жүзеге асыру 2015 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен, 2016 жылғы «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, бұйрықпен бекітілген Пробация қызметінің қызметін ұйымдастыру қағидаларымен реттеледі. Бұл бақылаудың мәні мынада: қызметтер есеп беретін тұлғаларды жүйелі түрде бақылап отыруы керек. Дегенмен, қызметтердің қызметін реттейтін қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер мен нормаларды бұзу фактілері жоқ емес [1].

Негізінен пробация қызметінің ұйымдық негіздерін және оның басқа субъектілермен өзара іс-қимылын реттеуге қатысты бірқатар құжаттар аталған арнайы Заңға дейін де қабылданып, әлі де әрекет етуде: «Пробация қызметінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 15 тамызда ҚР Министрлігінің бұйрығы Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары № 511; Электрондық бақылау құралдарын қолдану қағидаларын, шарттары мен негіздерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №1369 қаулысы, 2014 жылғы 23 қазан – Қазақстан Республикасы Үкіметінің N1131 қаулысы «Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидалары» және т.б.

Пробация қызметкерлерінің саны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіндегі Ішкі істер департаментінің қылмыстық-атқару жүйесінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Пробация қызметі қылмыстық-атқару инспекцияларының негізінде құрылған және бұл құқық бұзушымен жұмыс істеудің қалыптасқан тәжірибесінде жүзеге асырылады [2, 45 б.].

Осы тұрғыда сарапшылар пробацияның қолданыстағы нысандарын талдау негізінде өте дұрыс қорытынды жасады, «елімізде толыққанды пробация қызметін құру біздің түсінігіміз бойынша кезең-кезеңімен жүзеге асуы мүмкін, өйткені бұл уақытты, айтарлықтай қаржылық ресурстарды және одан кем емес маңыздысы, қылмыстық қудалау органдары мен сот жүйесінің құқықтық санасын өзгерту».

Бүгінгі таңда әрбір мемлекет өзінің экономикалық жағдайына, қылмыстың криминогендік жағдайына және бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын сотталғандардың айтарлықтай санына байланысты өзінің пенитенциарлық жүйесінде шет мемлекеттер тәжірибесінің негізгі оң нәтижелерін толықтай жүзеге асыра алмайды. Мемлекеттер пенитенциарлық мәселелер бойынша халықаралық шарттар жасаса отырып, ұлттық тәжірибеде

тиісті халықаралық ережелерді қолдану мақсатында оларды кейіннен өз заңнамаларында бекіту арқылы әмбебап стандарттарды әзірлеуге ұмтылады [3, 45 б.].

Қазақстан Республикасындағы пробацация институтын қолдануды, пробацация бақылауындағы тұлғалардың іс материалдарын, пробацация қызметіндегі, оның ішінде қылмыстардың қайталану деңгейін төмендетудегі он шетелдік тәжірибесін талдай келе:

– пробацация қызметінің барлық бағыттары бойынша деректер жүйеленетін есебінің дербес нысанын ұсыну;

– осы саладағы толыққанды қызметті қамтамасыз ететін бірден-бір орган болып табылатын пробацация қызметінің қызметіне уәкілетті органның бақылауын күшейтсін;

– пробацация қызметін кәсіби және қаржылық қамтамасыз етуді жақсарту;

– ең тиімді үлгісі пробацация қызметкерлері мен әлеуметтік оңалту бағдарламалары мен процестері, оның ішінде қоғамдық ұйымдардың бағдарламалары арасындағы тығыз қарым-қатынасты көздейтін тәуелсіз пробацация қызметін құру.

Мұндай көзқарас пробацация қызметінің өзін кадрлармен қамтамасыз етудің түбегейлі жаңа тәсілін және оны қаржыландырудың басқа жолдары мен әдістерін енгізуді талап етеді және қылмыстардың қайталануының алдын алудың тиімділігіне ғана емес, сонымен қатар құқық бұзушылық мәселелері бойынша органдар арасындағы салауатты бәсекелестікке ықпал етеді.

Біздің ойымызша, арнайы органның құрылуы пробацация қызметін қылмыстық-атқару жүйесінен бөлуге мүмкіндік береді, ол бүгінгі күні қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері өз функцияларының мазмұны бойынша босатылған адамдарды әлеуметтендіруге, әлеуметтік бейімдеуге және оңалтуға нақты көмек көрсете алмайды.

Арнайы әдебиеттерді талдай келе, эмпирикалық материалдарды зерделеу ішкі істер департаментінің пробацация қызметіне жүктелген міндеттерді жүзеге асырумен байланысты келесі мәселелерді шешу маңызды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді: ішкі істер органдарының егжей-тегжейлі карталарының жоқтығы, аудандардың, сондай-ақ техникалық құралдардың жеткіліксіз саны; қылмыстық-атқару жүйесінің сотталғандардың түнгі уақытта тұрақты тұратын (болатын) жерлерінде жүруіне тыйым салуды жүзеге асыруын бақылауға байланысты қиындықтар және т.б.

Сонымен қатар, пробацациялық бақылаудағы адам пробацациялық бақылау шарттарын сақтамаған жағдайда пробацация қызметі: бас бостандығын шектеуге сотталған адамға қатысты жазбаша ескерту түрінде жазалау қолданады, ал жазасын өтеуден қасақана жалтарған жағдайда сотқа бас бостандығын шектеудің өтелмеген бөлігін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстыру туралы мәселені шешу үшін материалдар ұсынады; 2) шартты түрде сотталған адамға қатысты пробацациялық бақылау мерзімін ұзарту туралы не шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау туралы ұсыну енгізеді. Егер пробацациялық бақылау белгіленген

мерзімнің кемінде жартысы өткеннен кейін шартты түрде сотталған адам өзінің мінез-құлқымен түзелгенін дәлелдесе, онда пробация қызметі сотқа шартты түрде соттаудың күшін жою туралы және сотталған адамнан сотталғандықты алу туралы ұсыну жолдайды.

Есеп беретін тұлғаға пошта-телеграф жөнелтілімдерін жіберуге және алуға, байланыс құралдарын және интернет ақпараттық-телекоммуникация желісін пайдалануға тыйым салынған жағдайда қылмыстық-атқару жүйесі органдары тарапынан бақылауды жүзеге асыру да проблемалық болып табылады [4].

Айта кету керек, Қазақстан Республикасының заң шығарушысы әлеуметтік-құқықтық көмектің жекелеген түрлерін құқықтық деңгейге шығару жолымен жүрді (бұрын атап өткеніміздей, қызметтің жекелеген нысандарының құқықтық мазмұны болуы мүмкін), осылайша пробация қызметінің есебінде тұрған сотталғандарға қатысты тиісті қызмет тұжырымдамасын өзгертті. Мәселен, ресейлік зерттеушілер Ресейдің қолданыстағы Қылмыстық-атқару заңнамасы аясында қылмыстық-атқару инспекциялары сотталғандарға әлеуметтік көмекті тек келесі нысандарда көрсете алады: «жеке басын куәландыратын құжаттарды алуға, жұмысқа орналасуға, тұрғын үй мәселелерін шешуге және т.б. атаулы көмек көрсету қажеттілігі туралы басқа субъектілерді уақтылы хабардар ету, сотталғандарға олардың құқықтарын түсіндіру, оларды іске асыру жазалардың және қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге де шаралардың орындалуына әсер етеді». Қазақстан Республикасының заңнамасына «әлеуметтік-құқықтық көмек» ұғымын, сондай-ақ осы көмек түрлерінің тізбесін енгізе отырып, жағдай ерекше өзгермегенін атап өту қажет.

Пробация қызметі бұл жұмысты үйлестіруді жүзеге асыра алмайды, сондай-ақ тиісті ресурстың болмауына байланысты тиісті көмек түрлерін тікелей көрсете алмайды (әлеуметтік-құқықтық көмектің негізгі түрлері жергілікті атқарушы органдар деңгейінде ұсынылады). Ерекшелік тек құқықтық кеңес беру, әлеуметтік пайдалы байланыстарды қалпына келтіруге көмек көрсету, яғни қосымша ресурстарды тартуды қажет етпейтін және пробация қызметі қызметкерінің әлеуметтік-психологиялық құзыреттілігінің жеткілікті деңгейінде көрсетілуі мүмкін мәселелер болып табылады. Тұтастай алғанда, пробация қызметінің негізгі өкілеттіктерін регламенттейтін «Пробация туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы қайшы келмейді. Осылайша, өзіне қатысты пробация қолданылатын адамның тұрғылықты жерін, оның денсаулық жағдайын, білім деңгейін және жұмыспен қамтылуын анықтайды (9-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы; әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасын жасайды пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға көмек көрсету (9-баптың 2-бөлігінің 4-тармағы); әлеуметтік-құқықтық көмек алу тәртібін түсіндіреді, оны алуға жәрдемдеседі. Әлеуметтік-құқықтық көмек контексіндегі негізгі өкілеттіктер «Пробация туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне қатысты белгіленеді.

Тиісті бақылау-қадағалау қызметінің дербестендірілген қасиетіне ерекше назар аударсақ, мынадай белгілерді атап өтуге болады: жекелендірілген аспект, қызметтің құқық қорғау сипаты, жүзеге асыруға тікелей қатысу, әсіресе тұрғылықты жері бойынша бақылауға байланысты; қадағалаудағы қадағалаудың «техникалық» шарттарын сақтауға баса назар аударылатын тиісті бақылау – қадағалау шараларының репрессивтілігі; әрбір қадағалаушыға қатысты сот белгілейтін айқын тыйым салу режимі және қадағалаушы құрылымдарға заңмен берілген өкілеттіктердің тиісті сипаты; қадағалаушы құрылымдардың қадағалаушылардың жеке өміріне жол берілетін араласу шектерінің белгілі бір «бұлыңғырлығы» [5].

Сондай-ақ, шартты түрде соттау институтын орындаудың тиімділігін арттыру мәселелерін зерттейтін авторлар әсердің жеке сипатын арттыру, шартты түрде сотталған адамдарға әлеуметтік бақылауды күшейту, сондай-ақ қадағалаудың әртүрлі жаңа техникалық құралдарын пайдалану, қоғамдық бақылау институтын қалпына келтіру (атап айтқанда, ведомстволық мекемелердің курсанттарын, заңгерлік жоғары оқу орындарының студенттерін тарту арқылы) және басқа да шаралар қажет екенін көрсетеді [6].

